

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**5B020800 - «АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ»
мамандығы бойынша**

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

*** * ***

**ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИН
по специальности 5B020800 – «АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ»**

Алматы 2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**5В020800 - «АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ»
мамандығы бойынша**

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

*** * ***

**ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИН
по специальности 5В020800 – «АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ»**

Алматы 2017

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН.**

2. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығы негізінде бекітілген типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген (31 қосымша). ҚР Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 05 шілдедегі №425 бұйрығымен өзгертулер енгізілген.

3. Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымындағы №2 мәжіліс хаттамасының шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатынсыз осы типтік бағдарламаларын көбейтуге және таратуға болмайды.

1. РАЗРАБОТАНЫ И ВНЕСЕНЫ Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

2. Типовая учебная программа разработана в соответствии с типовым учебным планом, утвержденным приказом исполняющего обязанности Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 августа 2013 года № 343 (Приложение 31). Внесены изменения приказом Министра образования и науки РК от 5 июля 2016 № 425.

3. УТВЕРЖДЕНЫ протокольным решением №2 заседания Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования от 30 июня 2016 года.

Настоящие типовые учебные программы не могут быть тиражированы и распространены без разрешения Министерства образования и науки Республики Казахстан

@ КазНУ аль-Фараби, 2017

ККТ 2201 КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Көлемі - 2 кредит

Авторлары:

Иманқұлова С.М. - филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті

Егізбаева Н.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті

Егізбаева М.Қ. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Ермухамедова А.П. - тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология институты

Уразбаева А.М. - тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

Қазіргі таңда қызмет етудің барлық саласында белгілі бір білімге, шеберлік пен дағдыға, жеке адами қасиетке ие, өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқаратын, бәсекеге қабілетті білікті мамандарға сұраныс артып келеді. Мұндай сұраныс жоғары кәсіби білім мақсатын анықтауға себепші болды.

Қоғамдағы тілдік жағдай еңбек нарығының нақты сұраныстарына сай мамандардан тек қазақ тілінде сөйлеу дағдысын талап етіп қана қоймай, таңдаған қызмет саласында табысты жұмыс істеп, жеке әлеуметтік қасиеттерін (азаматтық, мақсатқа талпынушылық, ұйымдастырушылық, еңбекқорлық, коммуникативтілік, төзімділік, әлеуметтік бейімделушілік) қалыптастыру мен дамытуды мақсат етеді. Сондай-ақ алған тілдік білімін қатысымда (іскерлік кездесулерде, қызмет барысында, мәжіліс, жиындарда және т.б.) ұтымды пайдалана алу дағдысын да көздейді.

Бүгінгі студент – болашақ маман өзінің алға қойған мақсатына жетуі үшін үнемі ізденіп, білімі мен біліктілігін арттырып, бірнеше тілді жетік меңгеруге, әсіресе қызметіне қатысты кәсіби қазақ тілін үйренуге қызығушылығы артады. Бұл өз кезегінде қазіргі студенттің кәсіби қазақ тіліне деген сұранысының артуына ықпалын тигізіп, тілдік тұлғаның сөздік қорын, кәсіби лексикасын дамытуға жол ашады.

Археология және этнология мамандығы бойынша оқитын студенттердің тілдік білімін, сөйлеу мәдениеті мен тілдік құзіреттілік деңгейін жетілдіру «Кәсіби қазақ тілінің» жалпы білім беру бағдарламасындағы оқу пәні ретінде маңызын арттырады.

Кәсіби қазақ тілі оқу пәні ретінде төмендегідей сипатқа ие:

✓ пәнаралық (қазақ тіліндегі сөйлеу мазмұны түрлі білім салаларынан: тарих, экономика, ақпараттану, химия, физика, биология, география, математика, және т.б. хабар береді);

✓ сан салалы (бір жағынан – сан алуан тілдік құралдарды тілдің түрлі аспектілерімен: фонетика, лексика, грамматикамен байланысты меңгеру, екінші жағынан – сөйлеу әрекетінің төрт түрлі әрекетін (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) жетілдіру қажеттілігі;

✓ сан алуан қызметтілігі (оқыту мақсатында және түрлі білім саласынан ақпарат алу құралы ретінде).

Кәсіби қазақ тілін меңгеру студентті шығармашылық ойлауға, көзқарасын кеңейтуге, өзінің жеке қасиеттерін жан-жақты ашуға, яғни археология және этнология мамандығы бойынша кәсіби білімін дамытуға әсерін тигізеді. Студент өзіндік жұмыс орындаудың дағдысын қалыптастырады, шығармашылық дербестікке қол жеткізеді, сол арқылы тілдік түсініктерді, логиканың барлық түрлерін (талдау, синтездеу, салыстыру, тұжырымдама жасау) жетілдіреді.

Бұл айтылғандардың бәрі *кәсіби білімді жетілдіруге әсерін тигізетінін, жоғары білікті мамандарды даярлау міндетін шешудің жолдарын көрсетеді.*

Пәнді оқытудың міндеттері:

«Кәсіби қазақ тілі» пәні қазақ тілін меңгерудің негізгі B1 және B2 деңгейлері игерілген жағдайда жүзеге асырылады. Болашақ археолог, этнолог маманның тілдік біліктілігін жетілдіріп, мемлекеттік тілді «Археология және этнология» мамандығы деңгейінде коммуникация құралы ретінде қолдану дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Болашақ археолог, этнолог маманның кәсіби дағдыларды қолдану салаларына байланысты арнаулы тілдік білім жиынтығы өте кең болуы керек. Себебі кәсіби міндеттерді атқару барысында арнаулы терминдерді қолдану жиілігі артады, осылайша кәсіби тілдік дағдысы дамиды, жетіледі.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқыту тіл үйренушілердің белгілі бір тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Кредиттік білім беру бағдарламасы бойынша модульдік технологияға негізделген талаптарға сай «бакалавр» төмендегідей құзыреттілік талаптарын меңгеруі тиіс:

А – құралдық құзырет: түрлі дереккөздерден алынған, ақпараттармен жұмыс істей алу, алған мәліметтерді кеңейту; өз көзқарасын дәлелдеу мақсатында немесе түрлі мәселелерді шешуде қолдана алу. Пайымдау түрлерін логикалық тұрғыдан талдай алу, көпшілік ортада сөйлеу дағдысын меңгеру, дәлелдер келтіру, пікірталас жүргізе білу.

В – тұлғааралық құзырет: жеке және ұжымдажұмыс істей алу қабілеті, ұлтаралық, мәдениетаралық қарым-қатынас ережелерін сақтай білуге қабілеттілік.

С – жүйелілік құзырет: кәсіби қазақ тілін Қазақстандағы, әлемдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи, саяси жағдайлармен, ҚР конституциялық-құқықтық негіздерімен үйлестіруге бейімділік.

Д – пәндік құзырет: қазақ тілінің даму тенденциясы мен қазіргі жағдайын, Қазақстандағы тарихи-мәдени және тарихи-әдеби үдерісті

меңгеруге қабілеттілік; кәсіби бағдарлы қазақ тілінің жүйесін пысықтау, қазақ тіл бірліктерінің құрылымы мен қолданылуын халықтың тарихы мен мәдениетімен байланыстыру, ауызша және жазбаша мәтіндерді құрастырғанда берілген коммуникативтік жағдаяттарға байланысты іргелі білімдерді қолдана алу қабілеті; жаңа терминдерді «Археология және этнология» мамандығына бейімдеп тиімді меңгеруге дайындық.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқытудағы құзыреттілік дағды төмендегідей негізгі міндеттер бойынша анықталады:

лингвистикалық құзыретті қалыптастыру – тақырыпқа қатысты лексикалық бірлікті дамыту дағдысы; негізгі терминдер мен ұғымдардан тұратын пәрменді сөздіктердің дамуы; грамматикалық дағдыларды жетілдіру;

прагматикалық құзыретті қалыптастыру – кәсіби мазмұндағы мәтіндер негізіндегі сұқпаттық және монологтік айтылымдарды қалыптастыру шеберлігі, жазылым дағдыларын жетілдіру, коммуникативтік стратегияны өңдеу шеберлігі (белгілі бір сөйлесім жағдайына бейімделу);

когнитивтік құзыретті қалыптастыру – мәселелік тапсырмалар, ойын тапсырмалары, мәтіндер бойынша: мәтінді біріздендіру дағдысы (мазмұнның мәнін анықтау, сыни қабылдау, негізгі және қосымша ақпараттарды айыра білу); мәтіннің мазмұнын ұғыну (сәйкестендіру, түсіндіру, жинақтау) дағдысы; мәтіннің мазмұнын өзгерту (толықтыру, қайта құру, қажетті мазмұнды таңдау);

ақпараттық құзыретті қалыптастыру – тілдік тұлғаның білім алу шеңберіндегі, сондай-ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары. Түрлі нысандар (теледидар, ұнтаспа, телефон, компьютер) және ақпараттық технологиялар (бейне, электрондық почта, әлеуметтік желілер, Интернет т.б.) көмегімен ізденімпаздық біліктері қалыптасып, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуге үйренеді.

Курс соңында студент:

1. Археология және этнология мамандығы саласындағы белсенді қолданылатын терминологияны білуі және оны кәсіби ортада тиімді қатынас жасау үшін ұтымды қолдана алуы;

2. кәсіби-іскери қарым-қатынас кезіндегі «маманданған» сөздерді (ұйғару, мақұлдау, сенім білдіру, келіспеу, негіздеу, дерек келтіру, бағалау, қорытынды) логикалық жүйемен құра білуі;

3. мәтіннен қажетті ақпаратты сұрыптап, оны кәсіби мақсатта сипаттай, қорыта білуі;

4. мәтіннің түзілу тәртібіне көңіл аудару, оның логикалық құрылымдық негізін құра білу.

5. маманданған тақырыпқа сай өзіндік ой-пікір білдіре білу құзіретін қалыптастыра**білуі керек.**

Пәнді меңгерудің болжамды нәтижесіне жету үшін **СТУДЕНТ** төмендегідей жүйелі, саналы және тұрақты білім, **білік пен шеберлік** қалыптастыруы қажет:

- негізгі кәсіби лексиканы білу (сағат санына байланысты оқу бірлігі көлеміндегі жалпы және терминологиялық сипаттағы лексикалық минимум) шеберлігі;
- археология және этнология мамандығына қатысты белсенді терминдердің мағынасын білу және оны кәсіби мақсатта қолдана білу дағдысы;
- археология және этнология мамандығына қатысты тақырып бойынша өз ойын дұрыс, жүйелі түрде жеткізе білу және мәтінге талдау жасай алу шеберлігі;
- археология және этнология мамандығы, елтанымдық, жалпы өз саласына қатысты тақырып аясында, диалог пен монолог құрап пікірсайыстарға қатыса алу дағдысы;
- құжаттардың жеке түрлерін (қызмет бабындағы хат-хабар, іскери байланыс, келіссөздер, сұраныс жіберу, ұсыныс, сервистік қызмет көрсету, тезис, хабарлама және т.б.) сауатты жаза алу дағдысы;
- түрлі жағдаяттық сұхбаттарға орынды араласа алу;
- қазақ тіліндегі дереккөздерден археология және этнология мамандығына қатысты аутентикалық ақпараттарды алып, қызмет саласында ұтымды пайдалана білу және т.б білік пен шеберлікті қалыптастыру.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

р/с	Тақырыптың атауы
1	Кіріспе.
2	Археология және этнологиядағы кәсіби лексика. Терминдік норма.
3	Археология және этнология кәсіби тілінің термин жүйесі. Терминжасам.
4	Археология және этнологияның кәсіби тіліндегі грамматикалық нормалардың қолданысы.
5	Археология және этнологиядағы кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшеліктері. Кәсіби саладағы іскери хат-хабар.
6	Археология және этнология кәсіби саласындағы іскери қарым-қатынас. Диалог. Монолог.
7	Мәтін – ауызша қарым-қатынас құзыретінің негізі. Жоспар құру.
8	Тілдің функционалды-мағыналық ерекшеліктері. Сипаттау. Абарлау.
9	Баяндау. Баяндаудың құрылымы және ерекшеліктері.
10	Мәтінді құрылымдық-мағыналық талдау негіздері. Аннотация.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Мақсаты мен міндеті:

Пәннің мақсаты – студенттердің қатысымдық құзыреттілік деңгейін көтеріп, қазақ тілін археология және этнологияның кәсіби (іскери және ғылыми) қызметінде, сондай-ақ өз білімін жетілдіру мақсатында пайдалана алуына бағыттау. Болашақ маманды археология және этнология саласына қатысты терминдермен жұмыс істеуге, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдана білуге дайындау.

Бағдарламаның мазмұны археология және этнология мамандығы бойынша оқитын студенттердің ғылыми-кәсіби саладағы қажеттіліктерімен, қазақ тілін ғылыми салада қолдана алу мүмкіндіктерімен анықталады. Тілді практикалық жағынан меңгерудегі коммуникативтік мақсаттар пен міндеттер ең басты тұжырымдама болып табылады. Бакалавр студенттері ғылыми ортаға байланысты жаңа тілдік дағды мен білімін жетілдіре отырып, терең әрі сапалы тілдік білімін қалыптастырады.

Пәннің міндеті бірқатар қатысымдық (коммуникативтік) және танымдық (когнитивтік) міндеттердің орындалуы барысында жүзеге асырылады. Атап айтқанда:

- кәсіби мазмұндағы орта көлемді мәтіндерді, нұсқаулықтарды, анықтамалықтарды, БАҚ өнімдерін жатық оқу;
- аударма, кәсіби бағыттағы сөздіктерді пайдалана білуге үйрету;
- археология және этнологияның кәсіби аясында жиі қолданылатын белсенді (актив) сөздер мен сөз тіркестерін, кәсіби лексика, салалық ұғым, атаулар мен терминдердің мән-мағынасын еркін түсіну;
- әртүрлі стильде жазылған мәтін, өз мамандықтарына сәйкес еңбектер мен ғылыми зерттеулерді оқып, негізгі ақпараттарды ала білу дағдысын қалыптастыру;
- кәсіби аяда ауызша монолог, диалог түрінде (*хабарлама, таныстырылым (презентация), баяндама, дискуссия және т.б.*) әңгіме құру, сұхбат жүргізу;
- кәсіби аяда жазба жұмыстарын (*эссе, аннотация, түйіндеме, жоспар, тезис, мәлімдеме, пресс-релиз, өтініш, хат, аударма, аннотация, реферат және т.б.*) орындау;
- кәсіби аяда қолданылатын қалыпты сөйлеу (этикет) үлгілерін қолдану және белгілі бір кәсіби қатынас саласындағы танымдық-қатысымдық міндетті шешуге керекті ақпарат тыңдау арқылы түсіне білуге дағдыландыру;
- археология және этнология мамандығы бойынша ғылыми мәтіндерге пікір беруге, ғылыми мақала, баяндама жазуға машықтандыру;
- сонымен қатар, кәсіби бағыттағы тақырыптар бойынша тіл үйренушіні қазақ тілінде жүйелі талдау жасауға, өз ойын еркін жеткізуге және ұсынылған материалдар бойынша сипаттама, салыстырма, қорытынды жасай білу сияқты т.б. тілдік біліктілікті жетілдіруші әрекеттерге дағдыландыру.

Білім беру технологиясы. «Кәсіби қазақ тілі» пәнін жүргізу барысында тіл үйретудің заманауи үлгілері, отандық және шетелдік ғалымдардың авторлық озық әдіс-тәсілдері басшылыққа алынады. Жұмыс барысында уақыт көлемі, тақырып ерекшелігі, тіл үйренушінің қабілет-қарымы, оқытушының шеберлігі сияқты т.б. маңызды факторлар есепке алынып, соған

сәйкес белсенді оқыту әдісі, жеке-бағдарлы оқыту әдісі, сыни ойлау әдісі, жобалық оқыту әдісі, ақпараттық әдіс, түсіндіру әдісі, практикалық әдіс, кейс әдісі, ізденіс әдісі, іскери ойын әдісі сияқты т.б. әдіс түрлері мақсат-міндетке сәйкес қолданылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Археология және этнологиядағы кәсіби лексика. Терминдік норма

Кәсіби лексика – табысты жұмыс істеу кепілі. Археология және этнология мамандығы, осы мамандыққа қатысты тақырып саласында әңгімелесу, пікірлесу. Терминдік норма. Оған тән белгілер. Термин қолдануға қойылатын нормативті талаптар.

Археология және этнология кәсіби тілінің термин жүйесі. Терминжасам

Археология және этнология кәсіби саласына қатысты терминжасам. Оның негізгі шарттары. Жасалу жолдары. Кәсіби тіл сапасы. Ғылыми тіл лексикасы. Ғылыми тілдің лексикалық құрылымы: терминология, жалқы, жалпы мәндес сөздер және т.б. Терминді қолданудағы даулы мәселелер. Мәтіндегі латын және грек элементтері. Халықаралық қолданыстағы терминдердің аударылу мәселесі. Тіл қызметінің жалпы сипаттамасы. Ғылыми тіл ерекшеліктері.

Археология және этнологияның кәсіби тіліндегі грамматикалық нормалардың қолданысы

Кәсіби тілдегі грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) нормадан ауытқу. Кәсіби мәтіннің грамматикалық синтаксистік құрылымдық ерекшеліктері. Кәсіби тілде сөйлеу дағдысын қалыптастырудағы грамматика орны.

Археология және этнологиядағы кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшеліктері. Кәсіби саладағы іскери хат-хабар

Археология және этнология кәсіби саласындағы іскери хат-хабар. Кәсіби мәтіннің морфологиялық құрылымы: атаулық сипаты, етістіктердің қолданылу ерекшеліктері. Грамматикалық-стильдік ерекшеліктері. Іскери хат-хабардағы тілдік құрылымдар. Іскери хат-хабарда жиі кездесетін сөз орамдарының қызметі мен мағынасы.

Археология және этнология кәсіби саласындағы іскери қарым-қатынас. Диалог. Монолог

Археология және этнологияның кәсіби саласындағы диалогтік қатынастар. Қарым-қатынас жасаушылардың тіл табыса алу/алмауы. Диалог – сөздің коммуникативтік сапасын айқындаудағы негізгі құрал. Монологтің оқырманға арналуы.

Мәтін – ауызша қарым-қатынас құзыретінің негізі. Жоспар құру

Мәтіннің негізгі белгілері. Күрделі синтаксистік тұтастық мәтіннің негізгі құрамдас бөлігі. Мәтін сөздерін байланыстыру әдістері: жалғаспалы және параллель байланыс. Мәтін арқылы автордың ұстанымын анықтау. Арнайы мәтіндермен жұмыс. Алғашқы қауымдық және әлемдік археология, түркі халықтары, Еуропа және Азия халықтарының этнографиясын оқуда арнайы мәтіндермен жұмыс.

Тілдің функционалды-мағыналық ерекшеліктері. Сипаттау. Хабарлау.

Сипаттау мен хабарлау тілдің функционалды-мағыналық ерекшеліктері ретінде. Тілдік ерекшеліктері, құрылымы. Қатынастың әр сатысындағы сипаттау. Қоғамдық байланыстағы хабарлау. Ғылыми хабарлау ерекшеліктері.

Баяндау. Баяндаудың құрылымы және ерекшеліктері.

Баяндаудың құрылымы және ерекшеліктері. Баяндау түрлері: баяндау-түсіндіру, баяндау-дәлелдеу және баяндау-ойлау. Баяндаудың логикалық құрылымы. Ортағасыр, Ұлы Жібек жолы археологиясы, диаспора, этникалық, этномәдени және этникааралық қарым-қатынас мәселелеріне қатысты тақырыпта өз ойын баяндау.

Мәтінді құрылымдық-мағыналық талдау негіздері. Аннотация.

Мәтінді құрылымдық-мағыналық талдау негіздері. Мамандыққа сәйкес тақырыпты анықтау. Тақырып – мәтін негізі. Тақырыптың түрлі септіктердегі зат есімдік мәні. Мәтін тақырыбын есімдікпен немесе синоним сөздермен алмастыру. Ғылыми тақырыпшалардың мәтін мазмұнын ашудағы орны.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. «Кәсіби-бағытталған қазақ тілі» пәнінің өзектілігі, маңыздылығы мен міндеттері.
2. «Археология және этнология» мамандығы ғылым саласы ретінде.
3. Қазақ / орыс тілдеріндегі мамандандырылған сөздіктердің сөзтізбелері.
4. Археология және этнология саласындағы негізгі ғылыми мектептер мен ашылулар.
5. Термин жасалымының интернационалдық қоры. Тіл және қоғам.
6. Іскерлік хат жазысу. Іскерлік құжаттама мәтіндерінің ерекшеліктері.
7. Жазбаша оқу мәтіндерінің құрылымы мен құрамы (эссе, реферат, мақала).
8. Тіл және мәдениет. Тіл - мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Тіл және оның негізгі ерекшеліктері. Тілдің түрлері: ауызша, жазбаша, монологикалық, диалогикалық, активті, ішкі және сыртқы.
2. Өзіндік монолог құру (ауызша, жазбаша). Мамандыққа сәйкес сипаттау, хабарлау мәтіндерін даярлау.
3. Ауызша баяндама, тақырыпқа байланысты эссе жазу: «Менің саламның ғылыми тілі», «Көрнекті ғалымдар - ... », «Ғылым саласындағы жетістіктер», «Сала тілінің өзіндік ерекшеліктері», «20-21 ғасырлардағы сала терминдердің дамуы мен қалыптасуы».
4. Мамандық тақырыбына сәйкес белгілі-бір тақырыпқа құрылымдық-мағыналық талдау жасау.
5. Ғылыми салада дәйексөз келтіру. Дәйексөздерді рәсімдеу ережелері.
6. Ғылыми мәтіннің құрылымдық ерекшелігі. Тақырыптың мәнін ашуға арналған жоспар. Мәтіннің қысқаша мәнін ашуға арналған жоспар. Конспект жасау. Дәрісті конспектілеу– шығармашылық үдеріс.
7. Мамандыққа сәйкес мәтінге түйіндеме жасау.
8. Мамандыққа сәйкес тақырыпқа реферат жасау: рефератты презентациялау, таңдалған тақырыпты рефераттау-сипаттау.
9. «Тіл және ұлттық мінез-құлық» атты тақырыпта дөңгелек стол.
10. «Кәсіби-бағытталған қазақ тілін» оқыту тиімділігін арттыру үшін қазіргі ақпараттық технологиялардың маңызы» атты тақырыпта реферат.
11. Қазақстандағы «үштілділік» мәселесі (пікірталас).
12. Археология және этнология саласы бойынша ғылыми мақалаларды өзіндік дайындау.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. С.М. Иманқұлова. Кәсіби бағдарлы қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 218 б.
2. А.Ж. Жұмағұлова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 227 б.
3. А.О. Тымболова. Кәсіби экономика тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 160 б.
4. Б.А. Омарова. Кәсіби қазақ тілі (тарих мамандығына арналған). Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 153 б.
5. А.Т. Аширова. Кәсіби қазақ тілі (география факультетіне арналған). Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 140 б.
6. Б. Ақбұзауова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 2011. – 177 б.
7. Г.Т. Тұрсынова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы, 2011. – 121 б.

8. Т.Х. Сматаев, Т.Д. Айтказина. Кәсіби қазақ тілі : оқу құралы (биология, экология, география, туризм мамандықтарының студенттеріне арналған). – Павлодар: Кереку, 2012. –102 б.

9. А.К. Ақжанова, К.Б.Утегенова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. Астана, 2010. –128 б.

10. А.А.Сейтбекова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы («Заңтану» мамандығына арналған) – Алматы, 2015. –164 б.

11. Х. Ш. Қожабаева. Кәсіби қазақ тілі.: оқу құралы (автомобильді жөндеу және оған қызмет көрсету мамандығына арналған) – Алматы, 2010. – 304 б.

12. Ұ. Шүленбаева, Г. Тұрсынова, Ә. Мұсаева. Кәсіби қазақ тілі: оқулық. (тау-кен саласындағы мамандықтар үшін) – Алматы: Қазақ университеті, 2008. –302 б.

13. Н.Қ. Мұхамадиева. Кәсіби қазақ тілі. I оқу кітабы, II оқу кітабы. – Алматы, 2013. - 165 б.

Қосымша:

1. С.Р. Тоқсанбай, Г.С. Тоқсанбай, А.С. Тоқсанбаев. Іскер адамдарға арналған орысша-қазақша тілашар. – Алматы, 2007. – 160 б.

2. Б. Белғара, Б. Жүнісбеков, Ұ. Қаюпова, Г. Жүсіпова. Банк саласы (есеп айырысу, төлемдер жасау) қызметкерлеріне арн. орысша-қазақша тілашар. – Астана, 2010. – 254 б.

3. Б. Белғара, Б. Жүнісбеков, Г. Жүсіпова, А. Салықбаева. Кәсіпкерлік, іскерлік қарым-қатынас салалары қызметкерлеріне арн. тілашар. – Астана, 2010. – 266 б.

4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – Алматы, 2014. Т: 1-30.

Интернет - ресурстар:

terminkom.kz.

tilalemi.kz.

emle.kz.

atau.kz

www.sozdik.kz

[www. soylem.kz](http://www.soylem.kz)

til.gov.kz

anatili.kz

KBSHТ 2202 КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТ ТІЛІ

Көлемі - 2 кредит

Авторлары:

Мадиева Г.Б. – филология ғылымының докторы, профессор, жалпы тіл білімі және Еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі

Таева Р.М. – филология ғылымының кандидаты, шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының доценті

Егізбаева М.Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Шалгинбаева С.Х. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Ермухамедова А.П. - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Ш.Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология институты

Уразбаева А.М. - тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

Қазіргі танда гуманитарлық мамандықтарда кәсіби-бағытталған шет тілі бойынша тілдік даярлық жүргізу инновациялық типтегі заманауи ЖОО түлегінің кәсіби бағдарлы білім беру бағдарламасының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Шет тілін білу – ғылыми-зерттеу университетінің даму ұстанымдарына сәйкес, академиялық ұтқырлық шеңберіндегі көптілді білім беру жағдайындағы халықаралық ынтымақтастық және біліктілікті арттырудағы басты шарттардың бірі болып табылады. Кәсіби бағдарлы тіл оқытудың тәсілі және мақсаты ретінде қолданылады, себебі, археология және этнология бойынша арнайы материалдарды жинақтау және зерделеу, біріншіден, студенттердің кәсіби білімдерін қолдануға, екіншіден, тілді жетік меңгеруге бағытталған.

Пәнді меңгеру барысында шетел тілінің базалық деңгейін одан әрі жетілдірумен қатар, тілді кәсіби қарым-қатынас мақсатында қолдануда жүйелілік, пәндік, тұлғааралық, әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктердің кәсіби бағдарлы деңгейі жетіледі. Кәсіби бағытталған тіл - мектеп бағдаламасында оқытылған ағылшын тілінің базалық курсының, сондай-ақ, жалпы білім беру пәндер (ЖБП) циклінің жалғасы болып табылады. Студентті лингвистикалық компонент негізінде оқыту траекториясының жалпы кәсіби және мәдениаралық бағытын күшейту, болашақ археолог, этнолог мамандығына, өзге дін мен мәдениеттен туған мәдениеттің семантикалық және құндылық қорымен салыстырғандағы ерекшелігіне деген нағыз қызығушылығын қалыптастыру орынды болып табылады. Курстың оқу материалын таныстыру барысында оқытылған тақырып пен қарым-қатынас саласының мазмұнын

көрсететін аутенттік арнайы мәтіндер, аудио және видео материалдарды қолдану, кәсіби қызметпен, сонымен қатар, маңызды тарихи оқиғалармен, мәдени-тарихи ассоциациялармен, қоғамдық-тарихи өмір ерекшеліктері, оқытылып отырған тіл елінің мемлекеттік құрылысы және экономикасына байланысты ақиқатты білдіретін тілдік бірліктерді қолдану қарастырылады. Бағдарлама B2-C1 деңгейі көлемінде білім беруге; тілдік қызметтің төрт түрі бойынша B2-C1 деңгейі көлемінде ептілік пен дағды қалыптастыруға; мәдениетаралық-коммуникативті құзіретті дамытуға; ептілік пен дағдылар қалыптастыруға, тілді кәсіби салада қолдануға бағытталған.

«Кәсіби-бағытталған шет тілі» пәнін оқу барысында студент төмендегідей біліктіліктерді меңгеруі қажет:

Жүйелілік біліктіліктері:

- кәсіби-бағытталған мәтіндердің ауызша және жазбаша қызметтік ерекшеліктерін білу;
- кәсіби және іскерлік байланыс барысында қабылданған құжаттану негіздерін тәжірибе тұрғысынан меңгеру (бағдарлама шеңберінде);
- халықаралық кәсіби және ғылыми қарым-қатынас жағдайларында стратегиялар мен коммуникативті іс-әрекет заңдылықтарын білу керек;

Пәндік біліктіліктер:

- кәсіби тақырып бойынша ауызша тілді (монолог, диалог) ұға білу;
- мамандық туралы талқылауларға белсене қатысу;
- кәсіби тақырыпта ауызша хабарламаларды даярлау, оның ішінде мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, кәсіби-іскерлік, ғылыми қарым-қатынас жағдайында әр түрлі белгілер жүйесінде (мәтін, кесте, график, диаграмма, аудиовизуальды кадр және т.б.) жасалған ағылшын тіліндегі дереккөздерден қажетті ақпараттарды ала білу;
- қажет жағдайда сөздікті қолдана отырып, мамандық бойынша мәтіннің негізгі мазмұнын аннотациялау, туған тілде және қысқаша баяндау;
- типтік стандарттағы кәсіби бағдарлы міндеттерді шеше білу.

Қажетті дағдылар:

- археология және этнология бойынша кәсіби тақырыптарға хабарламалар, мақалалар, тезистер, рефераттар жазу;
- кәсіби сөйлеуге тән негізгі грамматикалық бірліктерді анықтай білу және ауызша және жазбаша пікір білдіргенде пайдалану;
- археология және этнология бойынша терминологиялық сипаттағы активті және пассивті лексикалық минимумдарды қосатын негізгі терминологияны анықтай білу және ауызша және жазбаша пікір білдіргенде пайдалану;
- археология және этнология саласындағы кәсіби қызметте коммуникативті міндеттерді орындау үшін қажетті ақпараттық дереккөздерді таңдау және ақпаратты сын көзбен бағалау.
- қойылған оқу және коммуникативті міндеттерді орындаудың тәсілдерін өз бетінше анықтау.

Әлеуметтік-мәдени біліктіліктер:

- оқытылып отырған тіл елінің мәдениетін білдіретін мінез-құлықтың әлеуметтік нормаларын ескере отырып, тілдік қатынас құрастыру қабілеті болу;

- ақпараттық технологияларды қазіргі маманның іскерлік қарым-қатынас саласындағы біліктіліктерді қалыптастырудағы маңызды құрал ретінде мақсатты және белсенді түрде қолдану (іздеу сайттары, шетелдік ЖОО беттерімен және кәсіби қауымдастықтар, электрондық энциклопедиялармен және т.б., жұмыс, шетел тіліндегі электрондық почталарды қолдану);

- командада, жобалық қызметте, оқу және ғылыми-зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізудегі жұмыстарды жасай білу (конференцияларда баяндама жасау және сөз сөйлеу, академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша гранттарға сұраным беру).

Пререквизиттер: Жоғарғы оқу орнындағы «Шетел тілі (ағылшын тілі).

Постреквизиттер: Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі, бакалавриаттың теориялық пәні.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атауы
1	Кіріспе
2	Қарым-қатынастың оқу-кәсіби саласы: кәсіби бағдарлы шетел (ағылшын) тілінде «Археология және этнология» мамандығына кіріспе. Саланың қазіргі жағдайы туралы мәтіндермен жұмыс.
3	«Археология және этнология» мамандығының метатілін көрсету: қазақ (орыс) және ағылшынша сәйкестік. Термин жасамының интернационалдық қоры. Термин жасамы туралы шетел тіліндегі түсінік. Шетел (ағылшын) тіліндегі кәсіби бағдарлы терминология.
4	Кәсіби бағдарлы ағылшын тіліндегі «Археология және Этнология». Арнайы мәтіндермен жұмыс. Алғашқы қауымдық және әлемдік археология, түркі халықтары, Еуропа және Азия халықтарының этнографиясын оқуда арнайы мәтіндермен жұмыс.
5	Бизнес-коммуникациядағы шетел (ағылшын) тілі. Іскерлік хат жазысу (хаттар, факстер, баяндау қысқаша хаттары). Ақпарат, жазбалар, есептер.
6	Бизнес-коммуникациядағы шетел (ағылшын) тілі. Археология және этнологияның метатілінде келіссөздер, кәсіби дебаттар, презентациялар, конференциялар.
7	Мәдениетаралық коммуникация: «Археология және этнология» мамандығы бойынша ағылшын тіліндегі дискурсивтік тәжірибелер.
8	Оқу үдерісі барысындағы академиялық қарым-қатынас («Археология және этнология» мамандығы бойынша ағылшын тіліндегі дәрістер мен семинарлар).
9	Кәсіби құзірет: археология және этнология бойынша ағылшын

	тіліндегі арнайы мәтіндерге бағдар алу.
10	Кәсіби пәндер саласындағы көрнекті ғалымдар (арнайы ғылыми бағыттар бойынша ғалымдардың еңбектерінен реферат даярлау).
11	Ағылшын тілінің кәсіби пәндермен байланысы.
12	Қазіргі әлемдегі шетел (ағылшын) тілінің рөлі.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

«Кәсіби-бағытталған шет тілі» - оқытылатын кәсіби бағдарлы ағылшын тілі үлгісінде мамандықтың пәндік саласы туралы теориялық білімдер жиынтығын ұсына отырып, студенттердің біліктілігін қалыптастыратын оқу пәні.

Мамандық шеңберінде оқытылатын «Кәсіби-бағытталған шет тілінің» **объектісі** – мамандық мазмұнын, археология және этнология саласындағы ағылшын тілінің терминдері мен түсініктеріндегі кәсіби білімнің негізгі бағыттарын сипаттау.

«Кәсіби-бағытталған шет тілінің» пәні кәсіби ағылшын тіліндегі арнайы ғылымның метатілі болып табылады.

Тілдік дайындықтың екінші кезеңі студенттердің мәдениет аралық деңгейдегі когнитивтік және кәсіби бейімділіктерін қалыптастырады, студент тұлғасының интеллектуалдық және эмоционалдық дамуына үлес қосады. Дамудың бұл кезеңінде студенттер шешілетін мәселелелік міндеттер негізінде коммуникативті-ойлау қызметіне дайын екендіктерін көрсетеді. Жазба сөз саласында археоллгия және этнология бойынша оқылған тілдің материалы шеңберінде бейтарап және ресми сипаттағы жазба сөздің нәтижелі үлгілерін жаза алу дағдылары мен қабілетін қалыптастыру қарастырылады.

Бағдарлама мәтіндік материалдарды терең зерттеуге бағытталған: талдау, аудару, кәсіби мәтін мазмұнын айту, сондай-ақ студенттердің сөздік қорын кеңейту және оқытылған лексикалық бірліктерді саралау мен ағылшын тілін меңгерудің әлеуметтік-жеткілікті, жалпы білім беру деңгейін қалыптастыру. Оқудың бұл кезеңінде тілдік қызметтің төрт түрінде коммуникативтік дағдылар мен ептілік қалыптасады, ол қоғам өмірінің түрлі саласындағы тұлғааралық және мәдениет аралық қарым-қатынастың құралы ретінде шет тілін еркін қолдануды қамтамасыз етеді.

Берілген шетел тілін оқыту курсы коммуникативтік-мәдениетаралық құзіреттілік негіздерінің төрт түрін қамтиды: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу. Осы көлем шеңберінде Жалпы еуропалық шкала құзіреттіліктерінің (ЖЕК) B2 деңгейі - стандарттың базалық деңгейін игеру жүзеге асады.

Бағдарламаның білім берудегі мақсаты: болашақ археолог және этнолог мамандардың коммуникативтік құзіреттіліктерін, сондай-ақ ғылыми ортадағы нақты тілдік жағдайларда коммуникативті міндеттерді кәсіби түрде шет тілінде орындай алу қабілеттерін қалыптастыру. Осылайша, студенттер үшін білім арудың негізгі объектісі ғылыми-кәсіби тіл болып табылады.

Бағдарламаның **стратегиялық мақсаты** студенттердің көпмәдениетті және көптілді орта жағдайындағы әлеуметтік-мәдени, академиялық және кәсіби салаларда нәтижелі, өз бетімен қарым-қатынас орната алуы үшін шет тілдік коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру.

Практикалық мақсаты күнделікті және академиялық қарым-қатынастың нақты жағдайларында, сондай-ақ кәсіби қатынастарға тән жағдайларда ағылшын тілін пайдалана алу болып табылады.

Бағдарламаның оқу-танымдық мақсатына студенттердің танымдық қызуғышылықтарын ынталандыру, олардың когнитивті қабілеттілігін дамыту, танымдық қызметінің стратегиясы мен тәсілдерін оқу жұмысының ағылшын тіліндегі икемділігі мен дағдыларын қалыптастыру жатады.

Бағдарламаның білім беру мақсатына берілген мамандық бакалаврының жалпы мәдениеті мен ой-өрісін кеңейту жатады.

Курстың міндеттері:

- студенттерді археология және этнология бойынша жалпы мазмұнды, жалпы ғылыми, ғылыми-көпшілік және арнайы мәтіндерді түсіну мен талдау жасауға үйрету;

- жалпы ғылыми және арнайы ауызша мәтіндердің мазмұнын түсіну икемімен қатар ағылшын тіліндегі ауызша сөздерді түсіну дағдысын, олардың ішінен мамандыққа қатысты ғылыми ақпараттарды бөліп алып конспект, арнайы ауызша және жазбаша мәтіндердің рефератын жасау дағдысын қалыптастыру мен дамыту.

- жалпыкоммуникативтік, академиялық және кәсіби қажеттіліктерге сай жазбаша түрде мәтіндерді (эссе, реферат, мақала) жасау дағдысын қалыптастыру мен дамыту;

- коммуникативтік және кәсіби мәселелерді шешуге қажетті сөйлеу дағдысымен қатар дискуссия жүргізу, презентация және ақпарат алу, жағдайды негіздеу дағдыларын дамыту;

- студенттерге қажетті көрсетілген жалпыкоммуникативті және кәсіби міндеттерді шешу үшін лексикалық қор және грамматиканы білуді қалыптастыру мен дамыту;

- тілдік мәселелерді өз бетімен шеше білу қабілеттерін дамыту;

- мамандандырылған сөздіктермен қоса оқытылып отырған тілдің біртүрлі сөздігімен, мультимедиялық және интернет-ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

- күнделікті және кәсіби саладағы көпмәдениетті қарым-қатынас жағдайында шетел тілін тиімді қолдану мақсатында мәдениетаралық біліктіліктерді қалыптастыру және дамыту.

Аталған міндеттерді сәтті орындаған жағдайда - бұл кәсіби-бағдарлы шетел тілі коммуникативтік құзіреттілігі қалыптасуының тұрақты жүйесін жасауға, яғни түпкі мақсатқа әкеледі. Ол студенттердің танымдық ұшқырлықтарын жүзеге асыруды немесе білімін жалғастыруды, сондай-ақ еңбек нарығында бәсекеге қабілеттіліктерін қамтамасыз етеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қарым-қатынастың оқу-кәсіби саласы: кәсіби бағдарлы шетел (ағылшын) тілінде «Археология және этнология» мамандығына кіріспе. Саланың қазіргі жағдайы туралы мәтіндермен жұмыс

Мамандықтың пәні және мазмұны. Пәннің мақсаты мен міндеттері. Маманның кәсіби қызметінің құрылымы мен сипаты және оның оқытылып жатқан елдегі әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері туралы жалпы түсінік. Берілген мамандық ғылыми сала ретінде. Алынған ақпараттың мазмұнын «Ғылым және ғалымдар» тақырыбы бойынша беру. «Археология» және «Этнология» тақырыбы бойынша хабарламалармен сөз сөйлеу. Қазіргі таңдағы ғылыми технологияларды кәсіби қызметте қолдану туралы пайымдау. Саланың қазіргі жағдайы туралы мәтінмен жұмыс жасау.

Студенттік ғылыми-практикалық конференция: археология және этнология бойынша баяндамалар, берілген тақырыпқа байланысты хабарламалар. Кәсіби саладағы әр түрлі мәселелер бойынша мамандыққа қатысты мақалаларды рефераттау және аннотациялау: «білім беру» түсінігі. Білім берудің адам өміріндегі орны. Білімді маман даярлаудағы шетел тілін (ағылшын) білудің маңыздылығы. Коммуникация түсінігі. Кәсіби коммуникация – ерекше сала. Кәсіби коммуникацияның адам өміріндегі маңызы мен орны. Кәсіби коммуникацияның тілі. Кәсіби коммуникацияның стилдері. Кәсіби коммуникацияның ресми және бейресми түрлері, тілді қолдану. Кәсіби коммуникациядағы шетел тілінің (ағылшын) орны. Кәсіби пәндерді оқытудағы шетел тілінің (ағылшын) орны.

«Археология және этнология» мамандығының метатілін көрсету: қазақ (орыс) және ағылшынша сәйкестік. Термин жасамының интернационалдық қоры. Термин жасамы туралы шетел тіліндегі түсінік. Шетел (ағылшын) тіліндегі кәсіби бағдарлы терминология

Метатіл туралы түсінік. Метатіл құрылымы. Кәсіби саланың арнайы бағыттарының метатіл корпусы. Археология және этнологияның негізгі түсініктерінің мазмұны. Кәсіби терминологияның ерекшеліктері. Археология мен этнологиядағы анықтама-терминологиялық жүйе мәселесі. Ескірген терминдер. Кәсіби терминологияның оқытылып отырған тіл елі бойынша аймақтық ерекшеліктері. Халықтардың рухани және материалдық мәдениеттеріне байланысты терминдер. Ұлт, мемлекет, тілге байланысты терминология. Отбасы, отбасылық жағдай, некеге тұру, отбасы құрамы, туыстық қатынас.

Этнологиялық терминдер (отбасы түрлері, отбасылық этикет, дәстүрлер). Археологиялық зерттеулермен байланысты терминдер (қазба жұмыстары, барлау, шурф, материалдарды фиксациялау, кезеңдеу, хронология, мерзімдеу және т.б.).

Археология және этнология ғылымдарына байланысты терминология, оның ерекшелігі. Археологиялық терминология: тас құралдар, жебе ұштары, қорған, жиек, жерлеу, қыш, нуклеоус, қалашық, садақ қаптамасы. Этнологиялық терминология: этнос, этногенез, этникалық тұтастық. Зерттеліп

отырған саладағы жалпы және арнайы әдістер. Басқа тілден енген кірме терминдер (латын, грек, ағылшын), интернационалдық қор (ағылшын тілінің негізінде терминдердің құралуы). Терминологиялық сөздіктер (археология және этнология бойынша бір және екі тілді кәсіби сөздіктер. Шет тіліндегі лексикографиялық деректермен жұмыс (дәстүрлі және on-line). Ағылшын, қазақ/орыс тілдеріндегі кәсіби сөздіктердің сөзтізбелерін салыстыру. Ақпаратты іздеу (шеттілдік мағлұматтар базасы, интернет ресурстары).

Кәсіби бағдарлы ағылшын тіліндегі «Археология және Этнология».
Арнайы мәтіндермен жұмыс. Алғашқы қауымдық және әлемдік археология, түркі халықтары, Еуропа және Азия халықтарының этнографиясын оқуда арнайы мәтіндермен жұмыс.

Арнайы мәтінмен жұмыс. Кәсіби ғылым туралы мәліметтер. Арнайы ғылымның қысқаша тарихы. Ғылыми саланың ішкі құрылымы. Мамандықтың негізгі қызметтері. Кәсіби сала және мәдениет. Мамандықтың шетел тіліндегі (ағылшын) пәндік саласы. Кәсіби мамандық және оның білім берудегі орны. Кәсіби мамандық - кәсіби пәндердің жиынтығы. Кәсіби ғылымның әр түрлі бөлімдерінің объектісі мен пәні. Арнайы пәндердің негізгі теориялық мәселелері. Арнайы ғылымның көрнекті ғалымдары. Мектептер мен бағыттар. Қазіргі кәсіби ғылымның құрылымы (бағыттар бойынша).

Бизнес-коммуникациядағы шетел (ағылшын) тілі. Іскерлік хат жазысу (хаттар, факстер, баяндау қысқаша хаттары). Ақпар, жазбалар, есептер

Іскерлік қатынасхаттар (хаттар, факстер, баяндама қысқаша хат). Мәліметтер, Жазбалар, Есептер: құрылым, клишеленген сөйлем, сөзтіркестері. Шетел тілінде іскерлік хат жазысудың негізгі терминологиялық негіздері. Ағылшын тіліндегі іскерлік хат жазысудың жиі қолданылатын терминдері мен негізгі түсініктері және олардың ағылшын тіліндегі анықтамасы.

Бизнес-коммуникациядағы шетел (ағылшын) тілі. Археология және этнологияның метатілінде келіссөздер, кәсіби дебаттар, презентациялар, конференциялар

Келіссөздер институты: түрлері, қызметі, динамикасы және өткізу ережелері. Кәсіби дебаттар шешендік шеберліктің (шешендік өнер) жоғарғы деңгейі ретінде. Дебат базасы: кәсіби дебаттарға арналған кейстер мен дәлелдер базасы. Берілген тақырыпта конференциялар өткізу. Конференцияға қысқаша баяндамалар даярлау. Кәсіби құттықтау сөздің құрылымы.

Мәдениетаралық коммуникация: «Археология және этнология» мамандығы бойынша ағылшын тіліндегі дискурсивтік тәжірибелер

Кәсіби салада мәдениетаралық коммуникация дамыту бойынша тренинг. Әр түрлі мәдениеттерде кездесетін жағдайларды көрсету. мәдениетаралық қарым-қатынас құралы тіл ретінде. Қазіргі әлемдегі шет тілдерін рөлі. Тіл мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде. Шетел тілінің қазіргі

әлемдегі рөлі. Ағылшын тілінде мәдениетаралық коммуникациядағы тілдік сөйлемнің стереотиптік түрлері. Мәдениетаралық коммуникация түрлері. Кәсіби салада мәдениетаралық коммуникация субъектілері. Аударма және мәдениетаралық қарым-қатынас. Тұлғааралық қарым-қатынас. Өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас барысында негізгі мәдениетаралық ерекшеліктермен танысу.

Оқу үдерісі барысындағы академиялық қарым-қатынас («Археология және этнология» мамандығы бойынша ағылшын тіліндегі дәрістер мен семинарлар)

Академиялық қарым-қатынас параметрлері мен ерекшеліктері. Тілдік мінез-құлық және академиялық қарым-қатынастың ұлттық-мәдени ерекшеліктері. Академиялық оқу қарым-қатынасы (дәріс және семинар). Академиялық оқу қарым-қатынасындағы (ағылшын тілінде) сөйлеу мәдениеті. Академиялық оқу (ағылшын тіліндегі кәсіби пәндер бойынша мәтіндерді жіктеу, ақпарат көздері). Академиялық қарым-қатынастың ауызша түрлері (презентация, ғылыми хабарлама, баяндама, талқылау, пікірсайыс). Шетел тілінде сабақты ұйымдастырудың дәріс түрі. Тақырыптың негізгі ұғымдары ашып көрсету; шетел тілінде нақты тәжірибелік мысалдардың теориялық материалмен сәйкестігі. Шетел тіліндегі семинарлар оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі түрлерінің бірі ретінде.

Кәсіби күзірет: археология және этнология бойынша ағылшын тіліндегі арнайы мәтіндерге бағдар алу

Арнайы кәсіби-бағытталған материал және оны кәсіби қарым-қатынастың берілген жағдайында қолдану: құрылымы, композиция (эссе, мақалалар, тезистер, рефераттар жазу). Кәсіби бағдарлы арнайы материал және оны кәсіби қарым-қатынастың берілген жағдайында қолдану (ортағасыр, Ұлы Жібек жолы археологиясы, диаспора, этникалық, этномәдени және этникааралық қарым-қатынас мәселелері бойынша эссе, мақала, тезис, реферат жазу).

Кәсіби пәндер саласындағы көрнекті ғалымдар (арнайы ғылыми бағыттар бойынша ғалымдардың еңбектерінен реферат даярлау)

Мамандық саласындағы қазіргі әлемдегі негізгі ғылыми парадигмалар: XIX ғ. ортасындағы этнологияның тәуелсіз ғылыми пән ретінде қалыптасуы. Этнос туралы ғылымның қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік-тарихи жағдайлар. Эволюциялық бағыттар. Л.Г. Морган, Э. Тайлор, М.М. Ковалевский. Ф. Ратцелдің антропогеографиялық әдісі. Этнология ғылымындағы диффузионизм және оның әр түрі. Л. Фробениус, Ф. Гребнер, В. Шмидт. Құрылымдық-функционалдық бағыт. Б.К. Малиновский, А.-Р. Рэдклифф-Браун. Америкалық этнологиядағы психологиялық концепция. А. Кардинер, Р. Бенедикт. Релятивистік және постмодерндік концепциялар. Көрнекті ғалымдардың еңбектеріндегі жалпы және жеке мәселелер.

Қазіргі қазақстандық ғылыми білімнің өкілдері. Кәсіби саланың шетелдік бағыттарының негізгі тенденциялары. Кәсіби мектептер және концепциялар. Мамандық саласындағы белгілі ғалымдардың еңбектерінен мәтіндер (оқу, аударма, мамандық пәндері бойынша оқу-әдістемелік құралдардың материалдары негізінде шетел (ағылшын) тілінде мәтіндердің мазмұнын айту).

Ағылшын тілінің кәсіби пәндермен байланысы

Мамандық құрылымы және осы құрылымға кіретін пәндердің ерекшеліктері. Кәсіби шет (ағылшын) тілінің бакалавриаттың негізгі: «Этнологияға кіріспе», «Археология», «Адамзаттың тарихилыққа дейінгі эволюциясы» және т.б. пәндерімен байланысы. Арнайы кәсіби-бағытталған материал және оны кәсіби қарым-қатынастың берілген жағдайларында пайдалану. Кәсіби құзірет: шетел (ағылшын) тілінде арнайы мәтіндерге бағдарлану. Кәсіби-бағытталған ағылшын тілінде мамандық тақырыбы бойынша оқу, тыңдау, мәтіндерге түсінік беру. Мамандық мәселелеріне арналған мәтіндер бойынша шетел тілінде реферат, конспект жасау.

Қазіргі әлемдегі шетел (ағылшын) тілінің рөлі

Ағылшын тілі - әлемдегі жаһандық тіл. Ағылшын тілі - халықаралық тіл. Ағылшын тілі - БҰҰ-ның алты тілінің бірі. Ағылшын тілі қоғамдағы өзгерістердің бір түрі. Президенттің Қазақстан халқына жолдаған жолдауындағы қорытындысында «Ел басының Мемлекеттік жаңа саяси бағыты Қазақстан - 2050 стратегиясы» – «Біз ағылшын тілін үйренуге ұмтылуымыз керек». «Тілдердің үшбірлігі» мәдени жобасы.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. «Кәсіби-бағытталған шет тілі» пәнінің өзектілігі, маңыздылығы мен міндеттері.
2. Таңдалған мамандық ғылым саласы ретінде.
3. Ағылшын және қазақ / орыс тілдеріндегі мамандандырылған сөздіктердің сөзтізбелері.
4. Археология және этнология саласындағы негізгі ғылыми мектептер мен ашылулар.
5. Термин жасалымының интернационалдық қоры. Тіл және қоғам.
6. Іскерлік хат жазысу. Іскерлік құжаттама мәтіндерінің ерекшеліктері.
7. Жазбаша оқу мәтіндерінің құрылымы мен құрамы (эссе, реферат, мақала).
8. Тіл және мәдениет. Тіл - мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Археология және этнология саласындағы бакалавриат мамандануына байланысты кәсіби саладағы қазіргі бағыттар.
2. Білім беру жүйесіндегі интернеттің рөлі.
3. Археология және этнология бойынша кәсіби тақырыптағы эссені өзіндік дайындау.
4. Кәсіби тақырыптағы рефератты өзіндік дайындау.
5. Археология және этнология бойынша кәсіби тақырыптағы ғылыми мақалаларды өзіндік дайындау.
6. Екінші тілді / шетел тілі (семинар) оқыту тиімділігін арттыру үшін қазіргі ақпараттық технологиялар.
7. Қазіргі әлемдегі ағылшын тілінің рөлі. Ағылшын тілі жаһандық ретінде (талқылау).
8. Тіл және ұлттық мінез-құлық.
9. Қазақстандағы «үштілділік» мәселесі (дөңгелек стол).
10. Оқытылып отырған тіл елінің мамандандырылған саладағы белгілі ғалымдардың еңбектері. Реферат.
11. Қазақстан ғалымдарының кәсіби саладағы еңбектері (шетел тілінде). Реферат.
12. Адам және қоршаған орта (эссе).
13. Білім беруді интернационализациялау. Болашақтың білім беруі (эссе).
14. Әлемдегі көптілділікті сақтау мәселесі (реферат).

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Кунанбаева С.С, Кармысова М.К. и др. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. Алматы, 2010.
2. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, 2010.
3. Introductory Guide to the Common European Framework of Reference (CEFR) for English Language Teachers. Cambridge University Press. - 2013.
4. Harding K. English for Specific Purposes. Oxford University Press. - 2009.
5. Anthony Manning. English for Language and Linguistics. Garnet education. – 2008.
6. Christina Latham-Koenig and Clive Oxenden. English File. From Intermediate to Upper-Intermediate. Third edition. – Oxford University Press. - 2013.
7. Фрейдина Е.Л. Основы публичной речи. Learning to Speak in Public : учебное пособие для вузов / Е.Л. Фрейдина. – М. : Владос, 2007. – 134 с.
8. Кристалл Д. «English as a Global Language». – Cambridge, New York, Melbourne, Madrid, Cape Town, Singapore, São Paulo, 2003.

Қосымша:

1. Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. С указателями языковедческих терминов на французском, немецком, английском и итальянском языках. – М: УРСС, 2004.
2. R. Harrison, S. Philpot, L. Curnick. New Headway Academic Skills. Reading, Writing, and Study Skills. Oxford University Press. - 2009.
3. Arline Burgmeier, Lawrence J. Zwier, Bruce Rubin, Kent Richmond. Inside Reading. The Academic Word List in Context. Pre-Intermediate to Advanced. Oxford. - 2009.
4. Elizabeth Sharman. Across Cultures. Culture, literature, music, language. Longman. - 2004
5. J. Lyons. Introduction to Theoretical Linguistics. Cambridge University Press. - 1999.
6. Murphy Raymond. Essential Grammar in Use. Intermediate. Cambridge University Press. – 2010.
7. British National Corpus: <http://www.natcorp.ox.ac.uk>
8. The Corpus of Contemporary American English (COCA): <http://www.americanacorp.org>

ЕОК 1203 ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Көлемі - 3 кредит

Авторлары:

Кәрібаев Б.Б. – тарих ғылымының докторы, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

Ноянов Е.Н. – тарих ғылымының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Қожакеева Л.Т. – тарих ғылымының докторы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры

Қалыш А.Б. – тарих ғылымының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан» курсы - 5B020800 Археология және этнология мамандығының бакалавриат студенттеріне арнайы базалық пән болып саналады. Қазақстан даласы ертеден Дала өркениетінің тарихи негізін құрайды. Курстың басты идеясы еуразияшылдық тұжырымның қазіргі уақытта жаңа ой мен жаңа мән-мағынаға ие болғандығы, оның әлеуметтік бағытта өзектілігін әрі өміршеңдігін айқындалып отырғандығы туралы түсінік болып табылады. Еуразиялық идея сантарапты, ежелден Қазақстан аумағында қалыптасқан мәдени және этностардың өзара байланыстағы дамуы мен түрлі тарихи өзгерістердің ұғымын құрайды. Қазақ этносы мен қазақ мемлекеттілігі, өз тамырын ежелден алып қазақ халқының бірігуіне ықпал еткен этникалық территориясының тұтастығын құраған, қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетінің дамуынан тұратын ұзақ тарихи дамудың қорытындысы болып табылады.

Бұл курс Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлық тарихының этносаяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерін зерттеуге бағытталған. Аталмыш пән қызықты және дәлелді ақпараттарды жүйелендіреді, сондай-ақ, өзіне тән тарихи ғылыми негізге құрылып, тарихи танымның деңгейін айқындайды. Мұндай ұстаным әлемдік деңгейдегі білімі бар және отандық тарих ғылымының зерттелуі мен дамуындағы міндеттерді ойдағыдай шеше білетін қазіргі талаптарға сай мамандарды дайындауға жауап береді.

Пәннің пререквизиттері адамзаттың ең ежелгі дамуы және әлемдік өркениеттердің тарихы болып табылады.

Пәнді меңгеру барысында дүниежүзі тарихы, теориялық этнология пәндерін оқу барысында алынатын білім қажет.

Типтік бағдарламаның әр бөлімі Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихындағы ғылыми жетістіктерінің дамуын қамтиды, сонымен

қатар қазақстандық тарихи-шығыстанушылық мектептің қалыптасу мәселелерін көрсетеді.

Курсты меңгеру барысында студенттер:

- тарихи эволюцияның заңдылықтарын, Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлардағы тарихи үдерістердің оқиғаларын, негізгі кезеңдерін білуі тиіс;

- тарихи ұстанымға негізделген тарихқа баға беруді, тарихи білімнің тұжырымдық және қолданбалық тұстарын ажырата біліп, кәсіби деңгейде қолдануды жасай алуы тиіс;

- тарихи деректерді талдай білуі және тарихи картаны толық меңгеру, баяндама жасау және ауызша материалдарды дұрыс айту дағдысы болуы тиіс;

- семинар сабақтарына дайындалу барысында ғылыми әдебиеттерге өзіндік және сыни көзқарасын білдіре алу дағдысы болуы тиіс;

- ғылыми зерттеу үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдану, қазіргі кездегі археология және этнология ғылымының дамуындағы заңдылықтар мен тенденцияларды білу құзіреті болуы тиіс.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атауы
1	КІРІСПЕ
2	Қазақстанның көне тарихы
3	Қазақстан территориясындағы қола ғасыры (II –I мыңжылдық б.з.д.)
4	Ежелгі дәуірдегі Қазақстан (б.з.д.VII-IV ғғ.)
5	Ұлы Дала аумағындағы прототүріктердің алғашқы мемлекеттік құрылымдары (б.з.б. IV-б.з. Vғғ.)
6	Ерте ортағасырлардағы Қазақстан
7	Қазақстан аумағындағы IX-XII ғғ. түркі мемлекеттері
8	Түркілердің материалдық және рухани мәдениеті
9	Қазақстандағы XIII ғ. басы-XV ғасырлардағы этносаяси үдерістер
10	Қазақстан монғол империясы және Шыңғыс ұрпақтарының ұлыстары құрамында
11	Қазақстандағы монғолдық дәуірден кейінгі саяси құрылымдар (XIV-XV ғғ.)
12	XIII-XV ғғ. Қазақстанның рухани мәдениеті. Дін. Өнер
13	XV ғасырдың ортасы – XVIII ғасырдың алғашқы үштігіндегі Қазақ хандығы
14	XVII ғасыр – XVIII ғ. алғашқы үштігіндегі Қазақ хандығы
15	XV ғасырдың ортасы -XVIII ғ. алғашқы үштігіндегі дәстүрлі қазақ қоғамы

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Курстың мақсаты: Қазақстанның ежелгі кезеңінен XVIII ғ. алғашқы үштігі аралығындағы тарихи үдерістердің негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін Евразия тарихы контекстінде көрсету.

«Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы» курсының алдына қойған міндеттері:

- студенттерді қазіргі кездегі Қазақстанның тарих ғылымында қабылданған кезеңдеу негізінде хронологияны сақтап ауқымды фактологиялық материалдармен таныстыру;

- түркі өркениетінің дамуын, ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына Ұлы Жібек жолының ықпалын көрсету;

- Қазақстан медиевистикасындағы: моңғол шапқыншылығының салдарлары мәселелері бойынша, Ақ Орда және Көк Орда туралы тарихи концепциялар, қазақ халқының этногенез мәселесі бойынша, көшпелі халықтар мемлекеттілігінің сипаты туралы және т.б. тұжырымдар туралы түсініктерді қалыптастыру;

- Қазақтардың ұлттық мәдениетінің қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерін көрсету және студенттерді қазақ халқының материалдық, бай рухани мәдениеті мен дәстүрлі ауызша тарихымен таныстыру;

Курстың негізгі міндеттері және мәселелері. Қазақстан тарихы- Еуразия халықтары тарихының құрамдас бөлігі. Дүниежүзілік-тарихи үдерістердің синхронды және диахронды зерттеу тәсілдері. Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихын кезеңдеу. Қазақстан ежелгі және ортағасырлар тарихын зерттеудегі жаңа тұжырымдық-концептуалды ұстанымдар. XVIII ғасырдағы орыс зерттеушілерінің Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихын зерттеуі. Ш. Уәлихановтың еңбектеріндегі қазақтардың этногенезі, жүздердің құрылуы, рулық құрылым, қазақтардың орналасуы мәселелері. Н.А.Аристов еңбектеріндегі қазақтардың этникалық тарихы. В.В. Бартольдтың орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының мәселелерін зерттеуге қосқан үлесі. XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудің даму ерекшелігі. Соңғы онжылдықтардағы ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстанның этносаяси және әлеуметтік тарихын зерттеу. Осы кезең бойынша негізгі деректер. Олардың классификациясы және типологиясы.

Типтік бағдарлама объектісі - Ежелгі дәуірден XVIII ғасырдың алғашқы үштігіне дейінгі Ұлы Дала деген атпен мәлім болған қазіргі Қазақстан аймағындағы тарихи үдерістерді студенттерге тиянақты баяндауды қамтамасыз ету.

Типтік бағдарламаны дайындау барысында төмендегідей зерттеу әдістері мен тәсілдері басшылыққа алынды:

- деректердің тарихи шынайылығын тарихи салыстырмалы зерттеу әдісін басшылыққа алу арқылы анықтау;

- тарихи оқиғаларға тарихи-салыстырмалы және аналитикалық талдаулар негізінде баға беру;

-қазіргі тарих ғылымындағы және гуманитарлық ғылымдардағы жаңа көзқарастар мен тың ой-тұжырымдарды басшылыққа алу;

-тарихи деректер мен пікірлердің объективтілігі мен субъективтілігін айқындау.

Студенттерге ұсынылып отырған Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы пәнінің өзектілігі мен маңызы мынада: тарихшы мамандар мемлекет құрушы қазақ халқының этногенезін тарихи сабақтастықта жүйелі түрде баяндайтын зертеулермен тәуелсіздік тұсында ғана жүйелі түрде айналысуға мүмкіндіктер алды. Кеңестік кезеңде таптық-формациялық методология тұрғысынан жазылған ғылыми еңбектерде ежелгі дәуірдегі этникалық құрылымдардың (мысалы, ғұндардың, сарматтардың, сақтардың, үйсіндердің және қаңлылардың) бүгінгі қазақ халқын қалыптастырудағы алғышарттық тарихи орны мен рөлі нақты айқындалмады. Осы себептен өткен ғасырлардағы үдерістерден тарихи сабақтастықты іздестіру қолға алынбады.

Ежелгі және ортағасырлық тарихымызда Қазақстан жерінде байырғы дәуірлерде мекендеген халықтардың қазіргі қазақ халқын қалыптастырудағы орны мен маңызы жүйелі түрде баяндалуы керек. Тарихымызда әртүрлі тайпалық одақтар шын мәнінде қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың тарихи бастаулары болып табылатыны айтылуы керек. Осындай тарихи сабақтастық ескерілмегендіктен де кейбір шетелдік зерттеулер қазақ халқының тарих сахнасына шығуын қазақ этнонимі пайда болған ХҮ ғасырдың ортасынан бері қарай ғана қарастырады. Сондықтанда ендігі жерде Ежелгі Қазақстан тарихы пәнін оқып-үйренуде осы кемшілікті жоюға көмектесетін жаңа зерттеулер мен соны ой-пікір, тұжырымдар басшылыққа алынып, қазақ халқының ежелгі этникалық тарихы кейінгі тарихи кезеңдермен байланыстырыла баяндалуы тиіс.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстанның көне тарихы

“Ең ежелгі” терминіне түсінік. Адамзат дамуының үш бағыты: антропогенез, техногенез, социогенез және рухани мәдениеттің дамуы.

Палеолит ескерткіштерінің хронологиясы мен кезеңдері. Ерте палеолит кезеңіндегі өнер мен діни танымның қалыптаса бастауы. Мезолит, неолит және энеолит дәуірлерінде тіл, таным, діни түсініктің дамуы. Тасқа сурет салу өнері – петроглифтер.

Қазақстан территориясындағы қола ғасыры (II – I мыңжылдық б.з.д.)

Қола ғасыры мәдениетінің таралу ауқымы және оның пайда болу мәселесі. Андронов мәдениеті. Қола ғасыры ескерткіштерінің хронологиясы мен кезеңдері. Қазақстанның көне тұрғындарының антропологиялық түрі. Қола ғасырындағы Қазақстан тұрғындары экономикасының кешенді сипатта болуы (мал шаруашылығы, егіншілік). Материалдық және рухани мәдениеті.

Қоғамдық құрылысы. Қазақстанның көне тұрғындарының тілдік белгілері. Далалық өркениет. Протоқалалар. Көшпелілік генезисі. Көшпеліліктің қалыптасуының алғы шарттары: табиғи-географиялық фактор, әлеуметтік-мәдени фактор. Мал шаруашылығы рөлінің өсуі және маңызы. Көшпелілердің өндірісті ұйымдастыру үрдісінің заңдылықтары. Әлеуметтік құрылымы мен қоғамдық құрылысы.

Ежелгі дәуірдегі Қазақстан (б.з.д.VII-IV ғғ.)

Сақ дәуірі археологиялық ескерткіштерінің хронологиясы мен кезеңдері. Сақ тайпаларының қоныстануы туралы антикалық жазба деректер мен көне парсы сына жазбаларындағы мәліметтер. Ежелгі грек және парсы деректері. Ерте темір дәуірі тайпаларының этникалық және тілдік құрамы. Сақ тайпаларының саяси тарихы, қоғамдық құрылысы. “Скифтік-сібірлік аң стилі” Ежелгі Қазақстан әлем тарихының құрамдас бөлігі ретінде: ерте темір дәуіріндегі антикалық әлем және Оңтүстік Урал сауда-мәдени байланыстары. Ассирия, Мидия, Парфия және Иранмен байланыстары.

Ұлы дала аумағындағы прототүріктердің алғашқы мемлекеттік құрылымдары (б.з.б. IV-б.з. Vғғ.)

Қазақстан жеріндегі ғұндар (сюннулар) миграциясының кезеңдері. Сюнну туралы қытай деректеріндегі мәліметтер. Ғұндардың шежіресі мен этникалық тарихының мәселелері. Ғұн империясының әлеуметтік-саяси және экономикалық тарихы. Ғұндардың материалдық және рухани мәдениеті. Қазақстан территориясындағы ғұн дәуірінің археологиялық ескерткіштері. Жетісу мен Тянь-Шаньдағы үйсіндердің этносаяси бірлестіктері. Үйсіндер туралы қытай жазба деректерінің мәліметтері. Үйсіндердің этникалық және тілдік құрылымы мәселелері. Үйсіндердің көрші елдермен және мемлекеттермен қарым-қатынасы. Үйсіндердің қоғамдық құрылысы. Үйсіндердің материалдық және рухани мәдениеті. Археологиялық зерттеулердің қазіргі таңдағы мәліметтері. Қазақстан территориясындағы қаңлылар. Қаңлы (Кангюй) жайлы қытай деректерінің мәліметтері. Қаңлылардың шығу тегі және этникалық тарихы. Б.з.д. II ғ. - б.з. V ғасырдың бірінші ширегіндегі қаңлылардың территориясы мен көші-қон жерлері. Қоғамдық құрылысы. Материалдық және рухани мәдениеті. Қазақстан территориясындағы Қаңлы кезеңінің археологиялық ескерткіштері. Көрші халықтармен қарым-қатынасы.

Ерте ортағасырлардағы Қазақстан

Көне түркілер. Жазба және археологиялық деректер мәліметтері. Түркілердің шығу тегі мәселесі. Түрік, Ашина этнонимдері. Тайпалық құрамы. Түрік қағанатының пайда болуы және оның саяси тарихы. Түрік қағанатының көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы. Түрік қағанатының Шығыс және Батыс түрік қағанаттарына бөлінуі. Түрік қағанатының Еуразия халықтарының этносаяси тарихында алатын орны. Қазақстан Батыс Түрік қағанаты құрамында: пайда болуы, территориясы, этникалық құрамы.

Әлеуметтік-экономикалық дамуы. Саяси тарихы. Тан империясымен қарым-қатынасы. Батыс түрік қағанатының ыдырауы.

Жетісу және Оңтүстік Қазақстан территориясындағы Түркеш қағанаты. Түркештер туралы жазба деректердің мәліметтері. Түркештердің этногенез (шығу тегі) мәселесі. Орналасу территориясы және тайпалық құрамы. Түркеш мемлекетінің пайда болуы және күшеюі. Талас шайқасы (751 ж.). Жетісуда қарлұқтардың ықпалының күшеюі. Қарлұқтар туралы жазба деректердегі мәліметтер. Қарлұқтардың этногенезі. Қарлұқ тайпаларының орналасу территориясы және тайпалық құрамы. Қоғамдық құрылысы. Қарлұқ мемлекетінің саяси тарихы. Рухани мәдениеті. Археологиялық зерттеулер мәліметтері.

Қазақстан аумағындағы IX-XII ғғ. түркі мемлекеттері

Қазақстан территориясындағы Оғыз мемлекеті. Оғыздар туралы ортағасырлық жазба деректер мәліметтері. Оғыздардың этникалық тарихының мәселелері. Оғыздардың территориялық орналасуы және тайпалық құрамы. Орта Азиядағы саяси үстемдік үшін оғыздардың печенег, хазар және селжұқтармен күресі. Оғыздар және қыпшақтар. Оғыздардың материалдық және рухани мәдениеті. Археологиялық зерттеулер мәліметтері.

Қазақстан Қарахан мемлекеті құрамында. Қарахандар атауы. Араб және парсы деректеріндегі қарахандар жәйлі мәліметтер. Қарахандар мемлекетінің құрылуы. Ислам дінін қабылдауы. Қарахандардың Мауереннахрға жорығы. Орта Азиядағы билік үшін ғазнауиліктермен және селжұқтармен күресі. XI ғасырдың ортасындағы ыдыраушылық процестерінің күшеюі. Хорезмшах мемлекетімен қарым-қатынасы. Қидандардың жаулауы. Қидандардың қарахандар мен селжұқтарды талқандауы. Орталық және Шығыс Қазақстандағы Қимақ қағанаты. Қимақтар жайлы ортағасырлық араб тарихшылары мен саяхатшыларының мәліметтері. Қимақтар тарихының этникалық мәселелері. Қимақтардың территориялық орналасуы және тайпалық құрамы. Қоғамдық құрылысы және әскери-патестарлық құрылысы. Қимақтардың материалдық және рухани мәдениетіндегі ерекшеліктері. Қыпшақ хандығы – Шығыс Дешті-Қыпшақтағы мемлекет. Қыпшақтар туралы жазба деректер мен шежірелердегі мәліметтер. Қыпшақтардың шығу тегі мен этникалық тарихының мәселелері. Үштік этносаяси бірлестік: қимақ, қыпшақ, құман. Қыпшақ хандығының күшейюі. Қыпшақтардың, хорезм шахтарымен және орыс княздерімен байланысы. Материалды және рухани мәдениеті. Қидан (Қара қытай). Қидандар мен қарақытайлар туралы ортағасырлық шығыс деректерінің мәліметтері. Қидандардың шығуы мен этникалық тарихы мәселелері. Қидандардың оңтүстік-шығыс Қазақстан жеріндегі миграциясы. Наймандар, меркіттер, керейлер, жалайыр тайпаларының Қазақстанға қоныс аударуы. Наймандар, меркіттер, керейлер, жалайырлар туралы ортағасырлық деректер. Этникалық тарихы мен тілдік қырылым мәселелері (монғолдық және түріктік шығу тегі туралы концепциялар). Орталық Азиядағы орналасу территориясы. Найман, керей, меркіт, жалайыр тайпаларының Қазақстан аумағына қоныстануы.

Түркілердің материалдық және рухани мәдениеті

Түрік өркениеті. Отырықшы және көшпелі («қала-дала» жүйесі) шаруашылықтық-мәдени түрлердің өзара байланысы. Қалалар мен қоныстардың әскери-әкімшілік өмірдің, мәдениеттің, сауда мен қолөнердің орталықтары ретіндегі рөлі. Ұлы Жібек жолының қазақстандық бағыттары. Салт-дәстүрлері. Тіл, жазу мен дін. Алғашқы түркі билеушілеріне арналған көне түркі руна жазулары. Түркілердің діни сенімі. Зороастризмнің, буддизмнің және христандықтың әсері. Түркі тайпаларының исламға бет бұруы. X-XII ғғ. ұлы ғұламалары. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмет Ясауидың шығармашылық мұраларының маңызы және әлемдік мәдениеттегі орны.

Қазақстандағы XIII ғ. басы-XV ғасырлардағы этносаяси үдерістер

Монғол шапқыншылығы қарсаңындағы Қазақстан. Орталық Азияның көшпелі тайпалары. Материалдық және рухани мәдениет. Археологиялық зеттеулер мәліметтері. Орталық Азиядағы саяси үстемдік үшін күрестер. Шыңғыс хан мемлекетінің әскери-потестарлық құрылымы. Монғолдардың Қазақстан мен Орта Азия жаулауы. Қазақстан монғол ұлыстарның құрамында. Тарихи әдебиеттерде монғол шапқыншылығының салдары мәселесі. Қазақстан Алтын Орданың құрамында. Әкімшілік-саяси құрылымы. Алтын Орданың ыдырауының себептері мен барысы. Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстан Шағатай ұлысының құрамында. Шағатай ұлысының құрылуы. Шағатай мемлекетіндегі монғол хандарының жүргізген саясатындағы екі ағымы. XIII-XIV ғғ. Шағатай ұлысының ыдырауы. Жетісуда Моғолстанның құрылуы.

Қазақстан монғол империясы және Шыңғыс ұрпақтарының ұлыстары құрамында

1428-1468 жж. Шығыс Дешті қыпшақтағы мемлекет - Әбілқайыр хандығы. Әбілқайыр хандығының деректері мен тарихнамасы. Әбілқайыр ханның билікке келуі. "Көшпелі өзбектер" мемлекетінің этникалық құрамы. 1428-1468 жж. Әбілқайыр ханның ішкі және сыртқы саясаты. Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуі. Әбілқайыр ханның Моғолстанға жорығы. "Көшпелі өзбектер" мемлекетінің күйреуі. Шығыс Дешті қапшақта билеуші әулеттің ауысуы. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан Моғолстан құрамында. Шағатай мемлекетінің шығыс бөлігінде Моғолстанның құрылуы. Моғолстандағы дулат тайпасының этносаяси рөлі. Алғашқы Моғол хандарының ішкі және сыртқы саясаты. XIV ғ. соңғы ширегі мен XV ғ. басындағы Әмір Темірдің Жетісуға жорықтары. XV ғасырдағы Моғолстан.

Қазақстандағы монғолдық дәуірден кейінгі саяси құрылымдар (XIV-XV ғғ.)

Ақ Орда - жергілікті этникалық негізде құрылған алғашқы мемлекеттік құрылым. Ақ Орда мен Көк Орда туралы тарихи концепциялар. XIV-XV ғ. I

ширегіндегі Ақ Орданың саяси тарихы. Батыс Қазақстан Ноғай Ордасының құрамында. "Ноғай" терминінің этимологиясы. Ноғай Ордасының құрылуы. Ноғай Ордасының территориясы және тұрғындарының этникалық құрамы. Саяси тарихы. Қазақстан тарихындағы Ноғай Ордасының алатын орны.

1428-1468 жж. Шығыс Дешті қыпшақтағы мемлекет - Әбілқайыр хандығы. Әбілқайыр хандығының деректері мен тарихнамасы. Әбілқайыр ханның билікке келуі. "Көшпелі өзбектер" мемлекетінің этникалық құрамы. 1428-1468 жж. Әбілқайыр ханның ішкі және сыртқы саясаты. Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуі. Әбілқайыр ханның Моғолстанға жорығы. "Көшпелі өзбектер" мемлекетінің күйреуі. Шығыс Дешті қапшақта билеуші әулеттің ауысуы. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан Моғолстан құрамында. Шағатай мемлекетінің шығыс бөлігінде Моғолстанның құрылуы. Моғолстандағы дулат тайпасының этносаяси рөлі. Алғашқы Моғол хандарының ішкі және сыртқы саясаты. XIV ғ. соңғы ширегі мен XV ғ. басындағы Әмір Темірдің Жетісуға жорықтары. XV ғасырдағы Моғолстан.

XIII-XV ғғ. Қазақстанның рухани мәдениеті. Дін. Өнер

Дешті-қыпшақ территориясында түркі, монғол және ислам мәдениетінің тығыз байланысы. Эпос. Жазба әдебиет. Музыкалық өнер. Діни наным-сенімдер. XIV-XV ғғ. ислам. Дешті-қыпшақ көшпелілерінің арасындағы исламдану үдерісінің ерекшелігі. Шыңғыс хан ұрпақтары – сұлтандардың сопы-шейхтармен одақ құруы. Исламға дейінгі дәстүрлердің қазақ қоғамындағы маңызы және олардың тұрмыстағы рөлі. XIII-XV ғғ. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қалалық мәдениетіндегі архитектура мен өнер.

XV ғасырдың ортасы – XVIII ғ. Алғашқы үштігіндегі Қазақ хандығы

Қазақ хандығының құрылуы мен нығайуы (XV ғ. екінші жартысы). Қазақ хандығының құрылуының этникалық, саяси, мәдени - тарихи алғышарттары. Сыр өңірінің қазақ хандығы үшін экономикалық, саяси және стратегиялық маңызы. Қазақ хандығының деректері мен тарихнамасы. Тарихи әдебиеттерде қазақ халқының пайда болу және қалыптасу процесі жөніндегі негізгі тұжырымдар. Қазақстан территориясындағы этникалық процестер кезеңдері және оларға сипаттама. "Қазақ" сөзінің мәні туралы. Мұсылман деректерінде «Қазақстан» – қазақтар елі – терминінің пайда болуы. XVI ғ. басындағы Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы. Мұхаммед Шайбанидің Темір әулетінен билікті тартып алуы және Мауереннахрда Шайбани әулеті билігінің орнауы. XVI ғ. басындағы алғашқы қазақ билеушілерінің Шайбани әулетімен қарым-қатынасы. Қасым хан тұсында Қазақ хандығы жерлерінің кеңеюі. Қазақ хандығының “уақытша әлсіреуі” кезеңі. Қасым ханның өлімінен кейін (1523-1524) Мамаш және Тахир хандар тұсында қазақ хандығының бытыранқылығының күшеюі. Хақназар ханның қазақ жерлерін біріктіру саясаты. Қазақтардың өзбек-шайбанилықтар және ноғайлармен қарым-қатынасы. Шығай хан тұсындағы Қазақ хандығының

сыртқы саяси жағдайының ерешеліктері. XVI ғ. аяғындағы Тәуекел ханның Орта Азияға жорығы және оның маңызы.

XVII ғасыр – XVIII ғ. алғашқы үштігіндегі Қазақ хандығы

Қазақ хандығында бір мезгілде екі ханның – Есім және Тұрсынның билік етуі. Жәңгір ханның жоңғарлармен күресі. Тәуке ханның мемлекетті басқаруда жүргізген реформалары. Үш жүзге бөліну. XVII-XVIII ғ. бірінші ширегіндегі қазақ-жоңғар қатынасы. Жоңғар мемлекетінің құрылуы және XVII ғ. екінші жартысында Қазақстанға қарсы жоңғар экспансиясының күшеюі. XVIII басындағы қазақ-жоңғар қақтығыстарының нәтижелері. Қазақ хандығы тарихындағы “Ақтабан шұбырынды және Алқакөл сұлама” жылдары. XVI-XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-орыс қатынастары. XVI ғ. аяғындағы қазақ-орыс елшілік байланыстарының орнауы. Батыс шекарадағы Ресейдің экспансиясы. XVII ғ. орыс – қазақ қатынастарындағы шекаралық мәселелер. Қазақстанның Ресейге қосыла бастауы. Әбілхайыр ханның саясаты.

XV ғасырдың ортасы -XVIII ғ. алғашқы үштігіндегі дәстүрлі қазақ қоғамы

Көшпелі мал шаруашылығы - қазақ халқы тіршілігінің материалдық негізі. Жылдың барлық маусымында малды жаю. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы егін шаруашылығының дамуы. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Қазақ қоғамының территориялық – қауымдық құрылымы. Ру-тайпалық құрылым - қазақ қоғамының жетекші әлеуметтік құрылымы. Хандық билік институты. Хан сайлаудағы генеалогиялық дәстүрлер. Хандық билікті мұралану жолдары. Хан билігінің атқаратын қызметі. Қазақтардың материалдық және рухани мәдениеті.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Ұлы Даладағы қола дәуірі.
2. Көшпенділіктің пайда болуы.
3. Ерте темір дәуірі туралы жазба және археологиялық деректер.
4. Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік құрылымдар (үйсіндер, қаңлы, ғұндар).
5. Қазақстан Түрік қағанаттарының құрамында.
6. Қазақстан территориясындағы қарахан, оғыз, қимақ мемлекеттері.
7. Қыпшақтардың көршілес Еуразия мемлекеттерімен қарым-қатынасы.
8. Түрік жазба ескерткіштері.
9. Моңғолдардың Қазақстан мен Орта Азияны жаулауы. Қазақ жерлері Монғол ұлыстарының құрамында.
10. Жошы ұлысындағы Алтын Орда мемлекетінің құрылуы Еуразия тарихындағы феномен ретінде.
11. Ақ Орданың саяси тарихы.

12. XIII-XV ғасырлардағы Қазақстанның материалдық және рухани мәдениеті. Дін және өнер.

13. Қазақ хандығы құрылуының тарихи алғышарттары. «Қазақ» этнонимінің мәні.

14. XVI ғ. екінші жартысы -XVII ғасырдағы Қазақ хандығы.

15. XVI-XVIII ғ. қазақ халқының мәдениеті.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Сақтардың өнері мен мифологиясы
2. Үйсін, қаңлы, ғұн алғашқы мемлекеттер тарихына қатысты жазба деректер.
3. Көне түрік руна жазбаларының ескерткіштері.
4. Алтын Орда дәуірінің мәдениеті.
5. Қазақ хандығының тарихы бойынша деректер.
6. Қазақтардың Еуразия халықтары мен мемлекеттерімен қарым-қатынастары.
7. Скиф, сармат, және сақтардың археологиялық мәдениетінің ерекшеліктері.
8. Скиф, сармат және сақтардың археологиялық мәдениеттерінің ерекшелігі.
9. Қазақ халқының тұрмысы мен салт-дәстүрі.
10. Қазақстан аумағындағы өзара этникалық қатынастарға тарихи шолу(мысалға түркі тілдес үйсін және қаңлы тайпалары).
11. Л.Н.Гумилевтің этногенез тұжырымы.
12. Қазақ хандығының Қасым хан тұсындағы күшеюі.
13. Алғашқы мемлекеттік құрылымдардың рухани және материалдық мәдениеті.
14. Қазақ хандығының тарихына қатысты жазба деректер.
15. Орта Азия және Қазақстанның монғол шапқыншылығы алдындағы саяси жағдайы.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. -616 б.
2. Қазақстан (Қазақ Елі) тарихы. 4 кітаптан тұратын оқулық. «Қазақ университеті». -А, 2016
3. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ елінің тарихы. – Алматы, 2010.
4. Золотая Орда в источниках. Китайские и монгольские источники (Собрание сведений, относящийся к истории Золотой Орды (улусу Джучи) из

китайских и монгольских источников) / Пер. с кит., состав., ввод. статья и комм. Р.П. Храпачевского. – М., 2009. – Т. III.

5. Омарбеков Т.О., Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. – Алматы, 2015.

6. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы: Монография.- Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014- 520 б.

7. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. -176 бет.

Қосымша:

1. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. – А., 2000.

2. Марков Г.Е. Проблемы развитие общественной структуры кочевников Азии. – М., 2000.

3. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы, 2004. 206 бет. 61 бб

4. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XY111-X1X вв.(история, историография, источники). Алматы, 2003.

5. Телеуова Э.Т. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері. – А., 2007.

6. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. – 188 с.

7. Жүсіпова Л.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» үлгілері- тарихи дерек көзі ретінде. – Алматы, 2002. – 135 б.

8. История Казахстана: народы и культуры. Алматы, 2000. – 147 с.

9. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М., 2002.

10. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государство и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. Второе издание, исправленное и дополненное. – СПб., 2004.

ТДАЕ 1204 ТАРИХИЛЫҚҚА ДЕЙІНГІ АДАМЗАТ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Көлемі - 3 кредит

Авторлары:

Төлеубаев Ә.Т. – тарих ғылымының докторы, археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры
Тұрғынбаев Е.М. – тарих ғылымының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Нұржанов А.А. – тарих ғылымының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер А.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Ноянов Е.Н. – тарих ғылымының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

Адамзаттың тарихилыққа дейінгі эволюциясы өте үлкен уақыттық кезеңді – жер бетінде адамның пайда болуынан бастап, алғашқы өркениет ошақтары мен мемлекеттердің, әдетте олар мен қатар жүретін жүйеленген жазудың қалыптасуына дейінгі аралықтағы алғашқы қоғамның күрделі де өте ауқымды мәселелерін қамтиды. Адамзат қоғамы дамуының прогрестік теориясын жақтаушылар оның бірнеше даму сатысын ерекшелейді. Бұл прогрестің бастапқы сатысы алғашқы қауымдық құрылыс болды. Адамзат тіршілігінің бұл алғашқы сатысы алғашқы қоғам тарихы пәні болып есептеледі, әрі біртұтас тарих ғылымының бір бөлімі ретінде қарастырылады.

Адамзаттың тарихилыққа дейінгі эволюциясы тарих ғылымының әліпбиі болып табылады. Сондықтан бұл пән оқу процесінің бастапқы сатысында оқытылады және «Мамандыққа кіріспе», «Археология негіздері», «Этнология негіздері» сияқты жалпы курстармен I курста оқытылады.

Адамзаттың тарихилыққа дейінгі эволюциясы «Археология», «Этнология», «Евразияның тас ғасыры», «Қосалқы тарихи пәндер», «Қазақстан тарихы», «Ежелгі дүние және орта ғасыр тарихы» пәндерімен тығыз байланысты.

Курсты оқып-үйрену және нәтижесінде барысында студент:

- адам баласының және қоғамның пайда болуы мен дамуының теориялық мәселелері;
- шаруашылықтың, материалдық және рухани мәдениеттердің пайда болуы және дамуы мәселелері;
- алғашқы қоғамдық құрылыс кезеңінің түрлі сатыларындағы қоғамдық және отбасылық қатынастардың заңдылықтары;
- алғашқы қоғамның ыдырау заңдылықтарын **білуі тиіс.**

-алғашқы қауымдық қоғамның басқа қоғамдық формациялардан ерекшелігін талдау;

- Қоғам дамуының жалпы тарихи және жеке мәселелеріне қатысты заңдылықтарды түсініп, талдау жасай **білуі тиіс**.

- алғашқы қоғамның қалыптасуының, дамуының, ыдырауының заңдылықтарын түсіндіру;

- архаикалық тарихи оқиғалар мен құбылыстарды түсіндіруде алғашқы қоғамның нақты фактылық материалдарын пайдалана білу дағдысына ие **болуы тиіс**.

Адамның және адамзат қоғамының қалыптасуындағы жалпы тарихи үдерістердің негізгі теориялық мәселелерін дұрыс қолдануда күзiреттi болуы тиіс.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атауы
1	Кіріспе
2	Алғашқы қоғам тарихының хронологиясы мен дәуірленуі
3	Жалпы (тарихи) дәуірлеу
4	Алғашқы қоғам тарихының дерек-көздері
5	Алғашқы қоғам тарихнамасы
6	Антропогенез мәселесі және адамзат қоғамының пайда болуы
7	Адамзат қоғамының пайда болуы
8	Ерте алғашқы қауым. Дамыған алғашқы қауым
9	Рулық қауымның пайда болуы
10	Неолит кезеңіндегі кейінгі алғашқы қауымның қалыптасуы және дамуы
11	Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауы
12	Таптық қоғам институттарының пісіп жетілуі
13	Мемлекеттің тууы
14	Қоғамдық сана эволюциясы
15	Таптық қоғамдардағы алғашқы қауымдық құрылыс қалдықтары

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Пәнді оқытудағы мақсат – студенттерде адамзат қоғамының дамуының заңдылықтарының және дамудың алғашқы сатысындағы олардың шаруашылығы мен қоғамдық қызметі туралы шынайы тарихи түсініктер қалыптастыру.

Міндеттері – төмендегідей мәселелерді оқыту жатады: адамның және адамзат қоғамының пайда болуы, олардың шаруашылықтық қызметінің, материалдық және рухани мәдениетінің тууы мен алғашқы дамуы, алғашқы

қоғамның ыдырауының алғышарттары мен жалпы барысы мен таптық қоғамдардың қалыптасуы. Сондықтан да бұл теориялық курс адамзат тарихының жалпы заңдылықтарының негізі болып табылады. Шындығында да, адам өмірінің, соның ішінде қазіргі кезеңдегі де, көптеген құбылыстары алғашқы тұрмыстық қоғамның көне дәуірінде пайда бола бастады. Бірқатарын атап көрсететін болсақ, тұрғын үй және киім, егіншілік және мал шаруашылығы, қоғамдық еңбек бөлінісі, неке және семья, саналылық және этикет, қажетті ілім және білім, өнер және діни наным- сенімдердің пайда болуы осы кезеңнен бастау алады. Материалдық мәдениет, әлеуметтік нормалар немесе идеологиялық түсініктердің бірқатар элементтерінің эволюциясын дұрыс талдауда олардың қайнар бұлақтарына үңілуімізге тура келеді. Алғашқы тұрмыстық қоғамның танымдық маңызы да осыған байланысты.

Алғашқы тұрмыстық қоғамның материалдары негізінде зерттелетін мәселелерді шешуде де қазіргі таңда адамзаттың алдында көптеген сұрақтар туындайды. Жер бетінде адамдар қалай пайда болды: органикалық табиғаттың заңды эволюциясы нәтижесінде ме, болмаса құдай жаратты ма? Адам нәсілдерінің қалыптасуы қалай болды? Осының негізінде нәсілдер арасында артықшылық бар ма? Адамзат қоғамының коллективтік негізде дамуы қалай жүрді? Жеке меншік, қоғамдық жіктеліс және мемлекеттік күштеу қалай және қашан пайда болды? Діни түсінік немесе монотеистік діни ұғымдар мәңгілік пе? Осындай сұрақтардың идеологиялық көлемділігі айқын да көрінімді. Басқа тарихи пәндердің жазба деректер негізінде зерттелетінін ескерсек, алғашқы тұрмыстық қоғам тарихын зерттеуде жазба деректер жоқтың қасы. Алғашқы қоғам тарихын реконструкциялау – бірқатар ғылымдардың, оның ішінде бірінші кезекте археология, этнология және палеоантропологияның деректерін синтездеудің нәтижесі болып табылады. Сондықтан да алғашқы қоғам тарихы зор әлемдік танымдық мәнге ие.

«Адамзаттың тарихилыққа дейінгі эволюциясының» зерттеу объектісі – алғашқы адам мен оның қоғамының тарихы. Бұл пән синкреттік пән болып табылады. Сондықтан да, адамның, оның қоғамының пайда болуы және дамуына байланысты көптеген теориялық сұрақтар философия, психология, биология ғылымдарының тәсілімен зерттеледі. Ал алғашқы адамдардың шаруашылығы, материалдық өндірісінің дамуы сияқты мәселелер археологиялық тәсілдермен зерттеліп түсіндіріледі. Рудың, әртүрлі әлеуметтік институттардың, алғашқы әдет-ғұрыптардың, дүниеге көзқарастардың шығуына байланысты мәселелер этнологиялық тәсілдер арқылы зерттеліп оқылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Алғашқы қоғам тарихының хронологиясы мен дәуірленуі

Алғашқы қоғам тарихының хронологиясы мен дәуірленуі. Алғашқы қоғам тарихының абсолюттік және салыстырмалы хронологиясы. Үштік және төрттік дәуірлер эволюциясы. Алғашқы қоғам тарихын арнайы және жалпы

(тарихи) дәуірлеуге бөлу. Археологиялық дәуірлеу. Археологиялық дәуірлеудің алғашқы қоғам тарихын нақты және салыстырмалы кезеңдеудегі маңызы. Кезеңдерін белгілеудің радиокарбонды, калий-аргонды, геохронологиялық, дендрохронологиялық әдістері. Геологиялық кезеңдеу. Мұздыққа дейінгі және мұздық кезең (плейстоцен) және мұздықтан кейінгі кезең (голоцен). Археологиялық дәуірлеуді Жер тарихын геологиялық дәуірлеумен сәйкестендіру. Палеоантропологиялық дәуірлеу. Архантроп, палентроп және неонтроптық көне, ежелгі әрі қазіргі заманғы адам мәйітінің өмір сүру кезеңдерін айқындау.

Жалпы (тарихи) дәуірлеу

Л.-Г. Морганның дәуірлеуі. Тағылық, жабайылық және өркениет кезеңдерін Ф. Энгельстің Л.-Г Морган дәуірлеуін талдауы. Алғашқы қоғам тарихын үшсатылы кезеңдеу. Қауымға дейінгі адамдар коллективі (алғашқы адамдар табыны), ертетұрмыстық алғашқы қауым және кейінгітұрмыстық алғашқы қауым. Көршілік қауымдар. Эгалитарлық және стратификациялық қауымдар.

Алғашқы қоғам тарихының дерек-көздері

Тарихи деректердің ұғымы. Алғашқы қоғам кезеңі үшін тарихи деректер. Алғашқы қауым кезеңдерінің тарихи деректері. Археологиялық мәліметтер алғашқы қоғам тарихының дерегі ретінде. Этнологиялық деректердің маңызы. Этнография, археология, антропология, лингвистика, төрттік геология және палеогеография, археозоология, археоботаника, информатика мәліметтері. Қосалқы жазба деректер.

Жаратылыстану ғылымдарының деректері немесе зерттеу әдістері. Тарихи географиялық, психологиялық, физика және химияләдістер. Алғашқы тұрмыстық тарихи синтез. Алғашқы тұрмыстық қоғам тарихын синтетикалық қайта қалпына келтіру ерекшеліктері.

Алғашқы қоғам тарихнамасы

Ежелгі дүние және орта ғасырлардағы алғашқы қоғам туралы ұғымдардың пайда болуы. Этнографиялық білімдердің қорланып жиналуы. Ұлы географиялық ашулар және алғашқы тұрмыстық қоғам деңгейінде өмір сүретін халықтар туралы мәліметтердің көбеюі. Алғашқы қоғам тарихы ғылымының пайда болуы.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда алғашқы қоғам ғылымы тарихының дамуы. Этнографиялық бағыттар мен мектептер. Эволюциялық, диффузионистік, функционалдық, әлеуметтік, мәдени-тарихи, мәдени шеңберлер, биологиялық және басқа да мектептер мен бағыттар. XX ғ. алғашқы тұрмыстық қоғам археологиясы мен палеоантропологияның дамуы.

XX ғ. алғашқы тұрмыстық қоғамды тарихи-этнологиялық тұрғыдан қалпына келтіру.

Антропогенез мәселесі және адамзат қоғамының пайда болуы

Адамның шығу тегі туралы мәселе. Адамдардың жануарлар әлеміндегі орны. Адамдардың жануарлар әлемінен бөлініп шығуы. Адамзат критерилері. Антропогенез процесінің қозғаушы күштері. Адамдардың тікелей ата тектері, адамға айналған уақыты мен орны. Адамзаттың алғашқы отаны туралы пікірталас. Ерте гоминидтер және олардың еңбек әрекеті. Гоминидтердің бастапқы түрі. Антропогенездің экологиялық жағдайы. Антропогенездің коммуникативті аспектілері.

Моно және полицентризм, моно және полигенизм теориялары. Энгельстің еңбек теориясы. Еңбек-әлеуметтік қызмет негізі ретінде. Биологиялық жолмен ұйымдасқан табыннан алғашқы адамдар ұжымына өту. Антропогенездің бастапқы сатыларында еңбек құралдарын дайындау және қолданудың мәні.

Адамзат қоғамының пайда болуы

Адамзат қоғамының қалыптасуының теориялық мәселелері. Алғашқы адамдар табыны. Архантроптар мен палеонтроптардың мәдениеті және қоғамы. Неандерталдықтар және олардың түрлері. Өмір сүру уақыты мен мекен еткен жері. Ерте, орта, кейінгі еуропалық неандерталдықтардың биологиялық белгілері. Еңбек құралдары мен қарулары. Алғашқы тұрмыстық қоғамның дамуындағы аңшылықтың орны. Еңбектің алғашқы жыныстық бөлінісі. Ұжымдық және жеке еңбек. Алғашқы тұрмыстық ұжымның дамуы. Алғашқы тұрмыстық қоғам ішіндегі жыныстық қатынастар. Ойлау мен сөздің шығуы. Н.Я. Марр гипотезасы. Кинетикалық сөз. Ерте гоминидтердегі дыбыстық сөйлеу. Дыбыстардың екі түрі немесе негізгі екі тобы-жай дыбыстар және өмірлік дыбыстар. Адамның осы заманғы түрінің шығуына байланысты ойлау мен сөздің дамуы. Неандерталдық адам миының морфологиялық ерекшеліктерінің антропологиялық трактовкасы. Өлікті жерлеу сипаты. Күн культі (Тесік-Тас). Бейнелеу өнері мен магия жайлы алғашқы түсініктер. Идеологиялық ұғымдардың нышандары.

Ерте алғашқы қауым. Дамыған алғашқы қауым

Антропогенез процесінің аяқталуы және адамның осы заманғы түрінің қалыптасуы. Пайда болу уақыты. *Homo sapiens*-тің арғы отаны. Франц Вайденрайхтың полицентризм гипотезасы. Я.Я. Рогинскидің моноцентристік теориясы. Расогенез. Адамзат нәсілдерінің қалыптасуы. Нәсілдердің дивергенциясы.

Рулық қауымның пайда болуы

Кейінгі палеонтроптар қауымындағы жыныстар арасындағы қарым-қатынас. Жыныстық өндірістік табу. Агамия. Экзогамияның шығуы туралы теориялар. Дуалдық ұйымның пайда болуы. Неке эволюциясы мәселелері. Дуалдық экзогамия және фратриялық жүйе. Ру және қауым аражігі проблемалары. Аналық және әкелік ру.

Ерте алғашқы қауымның қалыптасуы және дамуы. Жоғарғы палеолит және мезолитте өндіргіш күштердің өрлеуі. Әуел басқы ойкуменаның ұлғаюы.

Халықтың орналасуы және көбеюі. Ертерулық қауымның шаруашылығы және материалдық мәдениеті. Мәдени-шаруашылық типтердің қалыптасуы. Әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастар. Неке және отбасы. Жастық-жыныстық бөліну. Билікті ұйымдастыру. Рухани мәдениет. Діни сенімдердің шығуы және алғашқы діннің формалары.

Неолит кезеңіндегі кейінгі алғашқы қауымның қалыптасуы және дамуы

Дәстүрлі табиғаттың дайын өнімдерін пайдалану шаруашылығынан өндіруші шаруашылыққа өтудің алғы шарттары. Алғашқы тұрмыстық комплексті өндірістік-иемденуші шаруашылықтың қалыптасуы. Егіншілік пен мал шаруашылығының алғашқы ошақтары. Егіншілік пен мал шаруашылығына өтудің алғы шарттары мен механизмі. Егіншілік пен мал шаруашылығының таралуы. Алғашқы егінші-малшылардың, жоғары дамыған аңшы-балықшылар мен терімшілердің материалдық мәдениеті. Еңбектің қоғамдық бөлінісі. Әлеуметтік ұйым және оның негізгі принциптері. Қауымдардың сипаты мен территориялық ұйымдасуы. Неке және отбасы. Жыныстық-жастық ұйым. Рулық қауымдық құрылыс. Билікті ұйымдастыру. Туысқандық терминологиясы және туысқандар арасындағы қарым-қатынас. Әлеуметтену процесі. Қауымаралық қатынастар. Рухани мәдениет. Рулық қауым кезеңіндегі демографиялық және этномәдени процестер. Тіл және этникалық жағдай.

Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауы

Таптардың пайда болуы. Алғашқы қоғам ыдырауының алғы шарттары. Өндіргіш күштердің дамуы және олардың түрлі қырлары. Кетпендік егіншіліктен жырtpалы егіншілікке ауысу. Малшылықтың дамуы. Жоғары ұйымдастырылған маманданған иемденуші шаруашылықтың дамуы. Металдардың өмірге енуі. Мыс пен қоланы өндірісте қолдану. Өндіріске темір еңбек құралдарының енуі. Үй ішілік кәсіпшілік пен қолөнердің дамуы. Айырбастың тереңдей түсуі. Қауым ішіндегі және қауым аралық айырбастар. Қоғамдық өнімнің өсуі және артық өнімнің қосымша өнімге айналуы. Экономиканың дамуы. Таптық қоғам кезеңіндегі адам шаруашылығының әртүрлілігі және әркелкілігі.

Таптық қоғам институттарының пісіп жетілуі

Қосымша өнімдердің пайда болуы. Жеке меншіктің шығуы. Көшпеліліктің пайда болу жолдары мен себептері. Көшпеліліктің тарихи мәні.

Отбасыларының жеке шаруашылық ретінде бөліне бастауы және оның әлеуметтік салдары. Қоғамдық таптардың пайда болуы. Қанаушылық қатынастары. Құлдық. Қауым ішіндегі қанаушылық және тәуелділік формалары. Алым-салық. Таптық құрылымның сыртқы факторлары. Айырбас және сауда. Қоғамның таптық жүйесінің қалыптасуы.

Мемлекеттің тууы

Қауымнан тыс құрылымдар: тайпа және тайпалық одақтар. Әскери демократия және әскери-иерархиялық құрылымдар. Билікті институционализациялау механизмінің басқа жолдары: ерлер одақтары, қоғамдық касталық құрылымдар. Биліктің жаңа формаларын легитимдеу. Саяси ұйымның негізгі және қосымша сипаттамалары.

Алғашқы қоғамның ыдырау дәуіріндегі демографиялық және этникалық жағдай. Ойкумена реконструкциясының тәсілі және этностардың таралу сипаты. Жыныстық қатынастардағы төңкеріс. Өмірдің ұзақтығы. Отбасы және неке. Таптардың пайда болуы және өкіметтік ұйымдардың шығуымен байланысты этноқұрылымдағы өзгерістер. Этнотілдік жағдай.

Қоғамдық сана эволюциясы

Рационалдық білімдер. Ой еңбегінің бөлінуі. Жазу-сызудың қалыптасуы. Өнер. Дін және мифология. Құпия одақтар және бабалар рухына табыну. Өкімет билігін киелі орын дәрежесіне көтеру (сакрализация) және оны қорғаушылар. Дінаралық және діни мамандану. Көп құдайға табынушылық (политеизм) және ғибадат орындары мен жерлеу қорымдарының тұрмысқа енуі. Таптық дәуірдегі діни көзқарастардағы алауыздық. Индивид және фаталистік түсініктер. Діни этиканың қалыптасуы. Миф және тарих. Таптық қоғамдардың тапқа дейінгі сырт аймағы. Жаңа замандағы алғашқы тұрмыстық қоғамда өмір сүруші жұрттар.

Таптық қоғамдардағы алғашқы қауымдық құрылыс қалдықтары
Тайпа және метатайпалар. Көршілік қауым. Жасанды туысқандық. Қоғамдық тұрмыс нормалары. Отбасы-неке нормалары. Қоғамдық сана түрлері. Алғашқы қауымдық құрылыс қалдықтары ертетаптық қоғамдар компоненті ретінде. Алғашқы қауымдар әлемдік тарихтың негізгі кезеңдерінде. Қазіргі замандағы алғашқы қауымдық құрылыс.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Алғашқы қоғам тарихының деректері.
2. Алғашқы қоғам тарихының тарихнамасы.
3. Адамның пайда болуы.
4. Адамзат қоғамының пайда болуы.
5. Ойлау мен сөздің шығуы.
6. Идеологиялық ұғымдардың шығуы.
7. Антропогенез үрдісінің аяқталуы.
8. Қауымдық рулық құрылыстың пайда болуы.
9. Ерте рулық қауым дәуірі.
10. Кейінгі рулық қауым дәуірі.
11. Таптық қоғам дәуіріндегі өндірістің дамуы.
12. Таптық қоғамдағы институттардың өркендеуі.

13. Жынысаралық төңкерістер
14. Неке және отбасы.
15. Қауымдық және рулық ұйымдар.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Алғашқы тұрмыстық қоғам тарихының дерек көздері
2. Алғашқы тұрмыстық қоғам тарихының ғылым ретінде қалыптасуы
3. XIX -XX ғғ. батыстағы алғашқы тұрмыстық қоғам тарихы концепциясы
4. Гоминидтердің пайда болуы мен дамуы
5. Адамзат қоғамы шығуының теориялық проблемалары
6. Ертедегі адамдар тобыры
7. Кейінгі адамдар тобыры
8. Көне адамдар қоғамының қалыптасуы
9. Архантроптар мен палеоантроптар дәуірі
10. Алғашқы адамдар отаны проблемасы
11. Алғашқы тұрмыстық қоғамдағы діни сенімдердің пайда болуы
12. Алғашқы тұрмыстық қауымдастар саны және оның территориялық нормалары
13. Алғашқы тұрмыстық қоғамдағы иемденуші шаруашылық
14. Алғашқы тұрмыстық қоғамдағы өндіруші шаруашылық
15. Ой мен тілдің шығуы

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Алексеев В.П., Першиц А.Н. История первобытного общества. – М., 2001.
2. Алексеев В.П. История первобытного общества.- М., 2007.
3. Марков Г.Е. Первобытное общество: Учебное пособие. – М., 2009.
4. История первобытного общества. Общие вопросы. Проблемы антропосоциогенеза. М., 2001.
5. История первобытного общества. Эпоха первобытной родовой общины. М., 2003.
6. Равдоникас В.И. История первобытного общества. Т. 1-2, 2-издание, СПб., 2013.

Қосымша:

1. Васильев С.В. Неандертальцы: формирование, расцвет и упадок // Этнографические обозрение. – 2010, – № 5.– С. 44-51.
2. Довнар–Запольский М.В. Первобытные формы брака. – М., 2011.
3. Столяр А. Д. Происхождение изобразительного искусства. М., 2002.
4. Алексеев В. П. Становление человечества. М., 2009.

5. Алексеев В. П. Историческая антропология. М., 2009.
6. История первобытного общества. Эпоха классообразования. М., 2003.
7. Деревянко А. П., Маркин С. В., Васильев С. А. Палеолитоведение. Введение и основы. Новосибирск, 2005. Левин-Дорш А., Кунов Г. Первобытная техника. М., 2016. Левин-Дорш А., Кунов Г. Первобытная техника. М., 2016.
8. Левин-Дорш А., Кунов Г. Первобытная техника. М., 2016.
9. Гернес М. История первобытного человечества. Краснодар, 2014.
10. Таймагамбетов Ж.К., Сойкина Н.Ю. Живопись палеолита Евразии. Астана, 2016.

ShA 2205 ШЕТЕЛ АРХЕОЛОГИЯСЫ

Көлемі - 4 кредит

Авторлары:

Омаров Ғ.Қ. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Бексеитов Ғ.Т. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Эгамбердиев М.Ш. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Нұржанов А.А. – тарих ғылымының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер А.Х.Марғұлан атындағы Археология институты

Кәрібаев Б.Б. - тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

Шетел археологиясы ежелгі дәуір қоғамын зерттеуде үлкен жетістіктерге жетті. Сол себепті де қазіргі таңда мұндағы түрлі ғылыми мектептердің қалыптасуы, әр түрлі теориялық және әдістемелік концепциялардың дамуы, шетелдік археологтардың ізденістері ерекше назар аударуды қажет етеді. Себебі кезінде тарихты материалистік тұрғыда түсіндіруге тырысқан маркстік теория шетелдік зерттеушілердің ғылыми танымы мен пайымдауларын дәл әрі нақты көрсете алмаған еді. Соған байланысты бүгінгі күн талабы шетелдегі әріптестердің археологиялық деректерге деген көзқарасына, олардың археологиялық пайымдауларына жаңаша қарауды қажет етуде. Бұл әсіресе археолог-тарихшылардың жаңа буынын тәрбиелеуде өте маңызды қадам болып табылады. Шетел археологиясын жеке пән ретінде оқыту студенттердің білімін шыңдап қана қоймай, олардың материалдарды мейлінше терең меңгеріп, талдап, білімдерін одан ары жетілдіруге мол мүмкіндіктер туғызады. «Шетел археологиясы» курсы міндеттеріне келер болсақ, ол болашақ мамандарды дайындауда ең алдымен мынадай негізгі мәселелер өз шешімін табуын көздейді:

Курсты меңгеру мақсатында «Теориялық археология», «Археология тарихы», «Археологияның негізі» атты пәндермен ұштастырамыз. Шетел археологиясын меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

Курсты меңгеруі барысында шетелдік көне және қазіргі заманғы кәсіби терминдер мен әдебиеттерді білуі керек.

Меңгеруі:

Қазба нәтижесінде алынған заттарға талдау жасауды; тұрғын үйлер, құрылыстар, жерлеу орындары конструкциясын анықтауды; маңызы зор ақпараттарды интернет және әдебиеттерден орыс және шет тілдерінде іздей білуді меңгеруі тиіс. Қазба нәтижесінде алынған материалдардың жерлеу орындары мен тұрғын үйлердің жасын құрылысы туралы ақпараттарды орыс және шет тілдерінде жазылған әдебиеттерден іздеу.

- студенттерді өз беттерінше жұмыс жасатуға дағдыландыру.

- археологияның өзекті мәселелері туралы жазылған заманауи еңбектерді таңдай білу.

Дағдылануы:

Студентке нақты тарихи деректерді дереккөздермен, археологиялық әдіс-тәсілдерді игеру барысында келесі мәселелерге тоқталамыз:

-мәдени қабаттардың игерілуі, анализ,мақсатқа жету барысында дұрыс таңдау жасай білу;

-ауызша және жазбаша тілді логикалық нақты және дәлелді түрде құруа білуі;

-түрлі деректермен және түрлі типтегі ақпараттармен жұмыс істей білуі;

-басқа тілде жазылған арнайы әдебиеттермен жұмыс жасай білуі;

-түрлі ақпараттарды кәсіби және әлеуметтік тұрғыда жазылған дереккөздермен ұштастыру.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атауы
1	Кіріспе
2	Еуропа археологиясы. Еуропа археологиясының тарихы
3	Археологиялық ескерткіштер мен мәдениеттер. Тас ғасыры
4	Қола дәуірі
5	Темір дәуірі
6	Ортағасырлық ескерткіштердің мәдениеті
7	Шетелдік Азия, Африка және Америка археологиясы. Көне Месопатамияның археологиясы
8	Көне Иран археологиясы
9	Көне Қытай архитектурасы
10	Үндістан жерінің көне дәуір археологиясы
11	Шығыс Жерорта теңізі және Кіші Азияның көне мәдениеті
12	Перу және Орталық Американың көне мәдениеті
13	Монғолия археологиясы
14	Көне жапония. Ауғанстан археологиялық ескерткіштері
15	Африка археологиясы

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Полинезия және Жаңа Зеландия халықтары. Жаңа Зеландия мен Полинезия (“көп аралдар”): Гавай және Маркиз аралдарының, Элисса, Самоа, Тонга, Кука, Тубуаи, Таити, Туамоту және т.б. аралдар тұрғындарының жалпы сипаттамасы. Этногенез мәселесі: азиялық және американдық теориясы. Нәсілдік тип және тілдік классификация. Шаруашылық, дәстүрлі кәсіп және өнер. Материалдық мәдениеттің негізгі элементтері. Дәстүрлі қоғамдық құрылыс. Қоғамдық құрылыстың рулық-қауымдық институттардан ерте ежелгі мемлекеттілікке ауысу түрі. Касталар және олардың көсемдерінің иерархиясы. Мәдениет. Халық шығармашылығы және музыка. Жергілікті халықтардың тағдырына еуропалықтардың отарлық саясатының әсері. Ағылшын тілді жаңазеландықтар және маори.

Микронезия халықтары. Микронезия аралдары («кіші аралдар»): Мариан, Маршалл, Каролин аралдарының және Гильберт, Палау және т.б. аралдар тұрғындарының шығу тегінің ерекшеліктері. Микронезиялықтардың антропологиялық және тілдік классификациясы. Егін шаруашылығы және балық аулау. Материалдық және рухани мәдениет. Діні. Жергілікті

тұрғындардың қоғамдық және отбасылық өмірлерінің әртүрлі қырларына еуропалық отаршылдықтың әсері.

Батыс Азия халықтары

Батыс Азия халықтары этногенезі, этникалық тарихы. Семит тайпалары. Араб елдері халықтары. Батыс Азия халықтарының түркілдес этностары. Батыс Азия халықтарының антропологиялық және этнолингвистикалық құрамы. Батыс Азия халықтары этногенезі, этникалық тарихы. этногенезі, этникалық тарихы және қазіргі кезеңдегі этникалық құрамы. Месопотамия территориясындағы ежелгі өркениеттер. Шығыстан ауған түркілердің ықпалы.

Араб халифатының гүлденуі. Осман империясы кезіндегі жандануы. Батыс Азия халықтарының қалыптасуы. Ирандықтар. Түріктер. Арабтар. Этносаяси үдерістері.

Негізгі және қосалқы шаруашылығы. Соқалы егіншілік және көшпенділік. Меридианды көші-қон. Эгей, Мәрмәр және Жерорта теңіздері жағалауларындағы егіншілік. Ирандағы жерді игерудегі ортақ жүйе. Қосалқы шаруашылық. Қолөнершілер. Материалдық мәдениет. Селолық қоныстар. Көшпелі баспаналардың түрлері. Ауыл тұрғындарының дәстүрлі ыдыс-аяқтары. Дәстүрлі киімі. Тағамы. Қозғалыс көлік құралдары.

Отбасы және отбасылық қарым-қатынас. Көп әйел алушылық (полигамия). Қоғамдық қатынастар. Ирандағы жер иеленудің архаикалық қауымдық жүйесі. Архаикалық патриархалды дәстүр: көршілік өзарақөмек, тайпалық-қауымдық демократия (Ауғанстан көшпелілеріндегі джирга), қанды кек. Тайпалық-қауымдық ұжым. Рухани мәдениет. Халық шығармашылығы. Діні. Батыс Азия халықтарының этномәдени үдерістері.

Оңтүстік Азия халықтары

Оңтүстік Азия халықтарының этногенезі мен этникалық тарихы. Инд жазығындағы Хараппа және Мохенджо-Даро мәдениеті. Арийлер. Моңғол шапқыншылығының әсері. Еуропалықтардың отарлауы және ұлттық-азат етуші қозғалыстар. Антропологиялық және тілдік сипаттама. Суперэтникалық интеграция (индиялықтар, пакистандықтар және т.б.). Шаруашылығы. Индо-Ганга қосөзені, Шри-Ланкадағы өндіруші егінші-мал шаруашылығы. Көшпелі және жартылай мал шаруашылығы. Қол жер шаруашылығы. Дәстүрлі өртемелі егін шаруашылығы. Ирригациялық құрылыстар. Оңтүстік Индиялық тодтардың ұжымдық қауымдық мал шаруашылығы. Веддтерді «Үнсіз айырбас». Кәсіпкершілік және тұрмыстық кәсіпкершілік. Материалдық мәдениет. Үнді-Ганг тегістігіндегі егіншілердің қоныстары. Пакистан синдхілерінің ірі қоныстары. Бенгалияның хуторлық қоныстары. Ассама нагаларының қоныстары мен баспаналары. Жылжымалы баспана. Өрілген баспаналар. Оңтүстік Азия халықтарының киімі. Ыдыс-аяғы. Тамағы. Дәстүрлі транспорт құралдары. Кілем тоқу. Отбасы және отбасылық қатынастары. Көшпелілердегі бөлінбеген отбасы. Неке-отбасылық қатынастардағы әдет-ғұрыптар. Әлеуметтік құрылыс және қоғамдық ұжым. Касталық жүйе. Брахмандар, кшатри, вайшии және шудралар. Нага, кхакси

және т.б. алғашқы-қауымдық қатынастар сарқыншағы. Рухани мәдениеті. Халық медицинасы, көркем өнері және т.б. Оңтүстік Азия халықтарының діні. Индуизм. Ислам. Буддизм. Джайнизм. Сикх діні. Маздеизм (отқа табынушылық).

Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары

Оңтүстік-Шығыс Азия тарихи-географиялық аймақ. Үндіқытай және аралдық әлем. Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының антропологиялық және лингвистикалық сипаттамасы. Аймақтағы халықтардың этногенезі және этникалық тарихы. Оңтүстік-Шығыс Азия антропогенездің бір аймағы. Мьянма, Тайландтың ежелгі тұрғындары. Лаос, Вьетнамның этникалық тарихы. Индонезия және Филиппин аралдарының халықтары. Малай архипелагы және Малайзия. Қазіргі кезеңдегі Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің этникалық құрамы және этникалық үдерістері. Шаруашылығы. Егіншілік. Егіншіліктің кесінді-өртемелі түрі. Жасанды суармалы кетпенді егіншілік. Қол егіншілігі мен суарылмайтын егін шаруашылығы. Дәнді-дақылдар мәдениеті. Кезбе аңшылар мен терімшілер. Балық аулау. Мал шаруашылығы. Еңбек құралдары. Дәстүрлі үй шаруашылығының құралдары. Материалдық мәдениеті. Баспанасы: бағаналы және жер үсті баспана. Киімі. Тағамы. Рухани мәдениеті. Кәсіби және халықтық өнер. Халық музыкасы, биі, өлеңі, фольклоры. Діни наным-сенімдері. Әлеуметтік қатынастар мен қоғамдық ұжым. Отбасы және отбасылық қатынастар.

Шығыс және Орталық Азия халықтары

Шығыс Азияның географиялық сипаты. Этногенезі және этникалық тарихы. Қытайдағы Цинляньган және Яншао мәдениеті. Жапониядағы "дземон" неолиттік мәдениеті. Сянбийлер. "Халықтардың шығыс-азиялық қоныс аударуы". Наньмань және лао этникалық топтары. Қазіргі заманғы этникалық мәселелер. Этнолингвистикалық классификация Антропологиялық сипаты. Шаруашылық-мәдени типі. ҚХР мон-кхмер халықтарындағы (кава, бэнлун, булан) аңшылық, балық аулау және терімшілік. ҚХР тунгус-манчжур халықтарының тайгалық аңшылар шаруашылық-мәдени типі. Қоңыржай белдеудегі (айндар, жапондықтар, хэчжэлер) терімшілер мен балықшылар. Жыртпалы егіншілік (қытайлар, корейлер, манчжурлар). Кетпенді егіншілік (тайвандық гаошань, хайнаньдық ли, мяо және яо). Биік таулардағы (тибеттер, ну, дулун, ицзу) жыртпалы егін шаруашылығы. Киімі. Тағамы. Аймақтағы халықтардың әлеуметтік ұжымы. Рухани мәдениеті. Мифология. Космогониялық мифтер. Жазу-сызу дәстүрі (ежелгі қытайлық иероглифика, жапон иероглифтері және катакан мен хираганның буын белгілері, алфавиті). Діни наным-сенімдер және конфуцизм. Буддизм. Ламаизм. Даосизм. Синтоизм.

Орталық Азиядағы Моңғолдар. Этникалық құрамы. Лингвистикалық сипаттамасы. Этногенезі және этникалық тарихы. Сяньби. Сунну. Солтүстік моңғолдар. Батыс ойраттары. Түркі және тунгус-манчжур халықтарындағы мал шаруашылығы. Үлкен Хинган ауданындағы бұғы шаруашылығы.

Материалдық мәдениет. Каркасты-бағаналы баспаналардың құрылысы. Мал шаруашылығымен айналысатын көшпелілердің жылжымалы баспаналары. Баспаналарының ерекшеліктері. Дәстүрлі киімдері. Тағамы. Аймақтағы халықтардың әлеуметтік ұжымы. Рухани мәдениеті. Мифология. Космогониялық мифтер. Моңғол және түркі халықтарының батырлық эпостары. Жазу-сызу мәдениеті (ежелгі қытайлық иероглифика, жапон иероглифтері және катакан мен хираганның буын белгілері, түркі руникалық жазуы және ұйғыр алфавиті). Діни сенімдері.

Батыс және Солтүстік Европа халықтары

Батыс Европа халықтары (Германия, Бельгия, Австрия, Франция, Швейцария, Ұлыбритания, Италия және т.б.) және Солтүстік Европа (Норвегия, Швеция, Финляндия, Исландия және т.б.). халықтарының этногенезі және этникалық тарихы. Этникалық құрамы. Халықтардың тілдік классификациясы. Римдіктердің басып алу кезеңіндегі роман тілді халықтардың қалыптасуы. Герман тілді халықтардың қалыптасуы.

Шаруашылығы. Жыртпалы егіншілік. Суармалы егіншілік. Негізгі дәнді дақылдар мәдениеті. Мал шаруашылығы. Ірі қара мал. Англиядағы қой шаруашылығы. Отарлы малшаруашылығы. Балық аулау. Кәсіпшілдік. Солтүстік Еуропа халықтарындағы теңіздегі балық және кит аулау кәсібі.

Материалдық мәдениеті. Батыс Европа және Солтүстік Европа халықтарының баспана ерекшеліктері. Германиядағы каркасты «фахверк» баспанасының құрылысы. Швеция, Норвегия и Дания халықтарындағы оңтүстік скандинавиялық баспана түрі. Дәстүрлі киімі. Европа халықтарының ерлер киімі кешеніндегі жалпы элементтер. Альпі тұрғындарының (австрия, неміс және т.б.) киімдеріндегі дәстүрлі ерекшеліктер. Дәстүрлі тағамдары. Әлеуметтік тұрмысы және рухани мәдениеті. Діні. Күнгізбелік дәстүрлері. Ұлттық мерекелері. Рождество. Карнавал. Отбасылық тұрмысы және салт-дәстүрлер. Кіші (нуклеарлы) отбасылар. Әлеуметтік құрылымы. Таулы шотландецтер мен ирландықтардағы рулық қауым. Қазіргі заманғы этникалық үдерістер. Интеграция және консолидациялық үдерістер.

Оңтүстік-Шығыс Европа халықтары

Шығыс Европа халықтары (Поляктар, Чехтар, Словактар, Венгрлер, Румындар, Болгарлар,) Этникалық құрамы. Халықтардың антропологиялық және лингвистикалық сипаттамасы. (Чех, Словак, Поляктардың) және (словендер, хорваттар, болгарлар, сербтер) славян халықтарының этногенезі және этникалық тарихы.

Негізгі және қосалқы шаруашылық түрлері. Егіншілік. Негізгі ауыл шаруашылық мәдениеті. Балқан жартыаралы халықтарының шаруашылықтарындағы ерекшеліктер. Жүзім шаруашылығы. Мал шаруашылығы. Отарлы малшаруашылығы.

Балық аулау. Кәсіпшілдік. Материалдық мәдениеті. Оңтүстік-Шығыс Европа халықтарының баспана ерекшеліктері. Қонысы. Албандардың «Кулы» тас мұнаралары. Шегенді құрылыстар. Дәстүрлі киімі. Европа

халықтарының ерлер киімі кешеніндегі жалпы элементтер. Оңтүстік-Шығыс Европа халықтарының дәстүрлі киімдеріндегі ерекшеліктер. Әйелдер киімі. Бас киімдері. Дәстүрлі тағамдары. Ұннан жасалған тағамдар. Сусындар. Әлеуметтік тұрмысы және рухани мәдениеті. Католицизм. Протестантизм. Халық шығармашылығы. Фольклор. Күнтізбелік дәстүрлері. Ұлттық мерекелері. Рождество және т.б. Отбасылық тұрмыс және ғұрыптар. Кіші (нуклеарлы) отбасылар. Әлеуметтік құрылымы. Қазіргі кезеңдегі этникалық үдерістер. Оңтүстік-Шығыс Европа халықтарының интеграциясы және консолидациялық үдерістері.

Шығыс славян халықтары

Шығыс славян халықтары (орыстар, белорустар, украиндықтар) және славян емес халықтар. Шығу тегі және этникалық тарихы. Субэтникалық топтар. Шаруашылық кәсіптері. Әлеуметтік құрылымдары мен институттары. Қоғамдық тұрмыс. Отбасы және отбасылық тұрмысы. Дәстүрлі халық мәдениеті. Баспанасы. Киімі. Діні және наным-сенімдері. Халық өнері және фольклоры.

Шығыс Еуропаның славян емес халықтары. Волго-Кама халықтарының этногенезі және этникалық тарихи ерекшеліктері. Повольже және Казань татарлары. Чуваштар. Башқұрлар. Мордвалар. Удмурттар. Марийлер. Материалдық мәдениеті. Қоғамдық және отбасылық тұрмысы. Рухани мәдениеті.

Шығыс Еуропаның славян емес халықтары

Солтүстік шығыс Еуропа халықтары. Карелдер. Вепсылар. Коми (зырянды). Коми-пермяктар. Саамдар (лопарлар). Ненецтер. Этногенезі және этникалық тарихы. Шаруашылығы. Қонысы. Баспанасы. Киімі. Рухани мәдениеті. Қоғамдық тұрмысы.

Оңтүстік шығыс Еуропа халықтары. Молдавандардың этногенезі және этникалық тарихы. Материалдық және рухани мәдениеті. Гагауздар. Қалмақтар. Цыгандар.

Прибалтика халықтары

Литовтықтардың, эстондардың, латыштардың этногенезі және этникалық тарихы. Эстония, Латвия, Литва халықтарының антропологиялық және конфессионалдық классификациясы.

Эстония, Латвия, Литвалақытардың айналысатын дәстүрлі шаруашылығы, сондай-ақ, иноэтникалық топтың негізгі кәсібі. Негізгі қоныстарының түрлері, шаруалар баспаналарының түрлері. Эстон, латвия, литвалықтардың дәстүрлі ауылшаруашылық құрал-саймандары. Ұлттық киімдері мен әшекейлері. Ұлттық киімдерінің аймақтық ерекшеліктері. Дәстүрлі тағамдары: кең таралған азық-түліктерді таңдау, өңдеу әдістері. Прибалтика халықтарының тарихындағы дәстүрлі қауымдастық, көршілердің өзара көмегі. Ұлттық мерекелер. Өмір тіршілігі циклындағы негізді ғұрыптар. Жазу-сызу тарихы және литва, латыш, эстон тілдеріндегі әдебиеттің дамуы.

Фольклор. Халықтың батырлар жырлары мен шығармалары, солардың негізінде («Калевипоэг», «Лачплесис») жырлары. Дайндар. Ұлттық музыка. Би. Халықтың қолданбалы өнері: қыш, жүннен жасалған және ағаштан жасалған бұйымдар. Прибалтика халықтарының қазіргі кезеңдегі этникалық құрамы. Эстон, Латыш, Литвандардың субэтникалық топтары.

Шығыс және Батыс Сібір халықтары

Шығыс және Батыс Сібір халықтары. Сібірдің тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттелуі. «Палеоазиат» және «циркумполяриялық» мәдениетінің мәселелері. Сібір халықтарының антропологиялық құрамы. Тілдік классификациясы. Шығыс және Батыс Сібірдің жергілікті халықтарының этногенезі және этникалық тарихы. Шығыс Сібір және амур халықтарының этногенезіндегі «Тунгус мәселелері». Батыс Сібір халықтарының этногенезіндегі «Самоди мәселелері» және «Угор мәселелері». Батыс-Сібірлік татарлар. Арктикадағы теңіз жануарларын аулаушылар. Батыс Сібірдегі отырықшы балық аулаушылар. Обь хантылары. Нанай, нивхи, ительмен және т.б. халықтары. Хакастар. Алтайлықтар және т.б. Палеоазиаттық халықтар (юкагирлер, эскимостар, чукчалар, коряктар, ительмендер және т.б.). Материалдық мәдениеті. Қонысы. Баспанасы. Киіз үй. Дәстүрлі киімі. Тағамы. Рухани мәдениеті. Діні. Шығыс және Батыс Сібір халықтарының дәстүрлі дүниетанымы: анимистикалық көріністер, өндірістік мәдениет, пантеон және демонология. Әлеуметтік ұжымы. Сібір халықтарының рулық құрылымы. Отбасы және отбасылық тұрмысы. Қоғамдық қарым-қатынастар.

Оңтүстік Сібір халықтары

Оңтүстік Сібір халықтарының этникалық құрамы. Байырғы халқының тілдік және антропологиялық типтері. Этногенез мәселелері және этникалық тарихы. Табиғи–климаттық аймақ және малшаруашылық, егіншілік, аң аулауға қолайлылығы және бурят, тува, тофа, хакас, шор, алтайлықтардың тіршілігіндегі қолөнер. Тарихи-этнографиялық саласы және шаруашылық мәдени типтері. Оңтүстік Сібір және Лена өзені халықтарының малшаруашылығы, егіншілік, отырықшы аңшылық, балық аулау және тайга мен тундрадағы бұғы аулаушылар. Материалдық және рухани мәдениеті. Отбасылық және әлеуметтік қатынастарындағы ерекшеліктер.

Оңтүстік Сібір халықтары: Тувалар. Буряттар. Материалдық мәдениеті. Қонысы. Баспанасы. Киіз үй. Дәстүрлі киімі. Тағамы. Рухани мәдениеті. Діні. Тәңіршілдік. Буддизм және Ламизм. Сібір халықтарының дәстүрлі дүниетанымы. Әлеуметтік ұжымы. Сібір халықтарының рулық құрылымы.. Қоғамдық қарым-қатынастар.

Закавказья халықтары

Закавказья халықтары. Грузия, Әзірбайжан және Армения халықтарының этникалық құрамдарының қалыптасуы. Грузия, Әзірбайжан және Армения халықтарының антропологиялық және тілдік құрамы.

Европеоидтық нәсілдің оңтүстік тармағы: кавказиондық, понтийлік, алдыңғы азиаттық және каспиілік.

Лингвистік классификация: үндіевропалық, алтайлық, картвельдік, солтүстік кавказдық тіл семьялары.

Грузия, Әзірбайжан және Арменияның этнодіни картасы. Грузия, Әзірбайжан және Арменияның этникалық және этносаяси тарихы. Грузияның этногенезі және этникалық тарихы. Әзірбайжанның этногенезі және этникалық тарихы. Арменияның этногенезі және этникалық тарихы. Закавказья халықтарының әлеуметтік стратификациясының ерекшеліктері. Закавказья халықтарының дәстүрлі-тұрмыстық мәдениеті. Дәстүрлі шаруашылық салалары. Аймақтағы халықтардың негізгі егіншілік түрлері (локальді және этникалық ерекшеліктері). Таулы егістік (табиғи және жасанды террасалар). Өсімдік өсірудегі ерекшеліктері. Егіншілердің еңбек құралдары. Малшаруашылығының түрлері. Мал тұқымы мен көбею түрі. Шаруашылықтың басты саласы - қой шаруашылығы. Халық кәсіптері мен қолөнері. Кілем тоқу мен тоқымашылдық, металлөңдеу, қыш өндірісі және т.б. Қоныстары мен баспана түрлері. Қоныстануға таңдалатын орындардың себептері. Баспаналардың тарихи дамуы. Дәстүрлі киімдерінің этнографиялық ерекшеліктері. Бас киімдер мен аяқ киімдер. Дәстүрлі әшекейлер. Киімдер түстерінің үйлесімділігі және олардың этникалық өзгешеліктері. Закавказья халықтарының дәстүрлі тағамдары. Шаруашылық мәдени типтермен тамақтану жүйесінің өзара байланысы. Қоғамдық және отбасылық тұрмысы. Қонақжайлылық салт-дәстүрлері. Кек алу. Тиымдық дәстүрлер. Діни наным-сенімдер. Фольклоры. XX ғасырдың басы - XXI ғасырдың соңындағы Закавказьядағы этнотерриториялық жанжалдар. Этносаралық шиеленістердің себептері мен салдары. Закавказьядағы қазіргі этноәлеуметтік және этномәдени үдерістер.

Солтүстік Кавказ халықтары

Солтүстік Кавказ және Дағыстан халықтарының әлеуметтік стратификациясының ерекшеліктері. Жерді игеру және жерді пайдаланудағы формалары. Солтүстік Кавказ халықтарының әлеуметтік нормативті мәдениетінің сипаттамасы. Дәстүрлі әлеуметтік институттары (аталық, қонақжайлылық, туыстық, өзара көмек беру дәстүрі және т.б.). Мұсылманшылық аймақтардағы адат пен шариаттың өзара байланысы. Аймақтағы халықтардың негізгі егіншілік шаруашылығы. Таулы егіншілік. Өсімдік өсіру мәдениеті. Егіншілердің еңбек құралдары. Солтүстік Кавказ халықтарының малшаруашылығы. Таулы және жазық далалардағы шаруашылық жүйелерінің өзара толықтырулары. Халықтық кәсіптер мен қолөнер. Металлөңдеу, қыш өндірісі, кілем тоқу және т.б. «Шеберлер ауылы». Таулы ауылдар мен жазық елді-мекендер. Қалалардың материалдық және тұрмыстық мәдениеті. Баспана түрлері, ішкі бөлмелерінің ерекшеліктері, олардың мүшелеріне атқаратын мағанасы. Үй іші бұйымдары. Жауынгерлік және тұрғын жай мұнаралар. Табынатын архитектуралар. Солтүстік Кавказ және Дағыстан халықтарының дәстүрлі киімдеріндегі этнографиялық

сипаттамалар: ұқсастық және ерекшеліктер. Дәстүрлі әшекейлер. Әртүрлі жас мөлшерлеріндегі және этноәлеуметтік топтардың киімдеріндегі ерекшеліктер. Солтүстік Кавказ және Дағыстан халықтарының дәстүрлі тағамдары. Кавказ халықтарының тамақтану мәдениетінде ортақ кавказдық ұқсастық, аймақтық ерекшеліктер және өзгешеліктің енуі. Солтүстік Кавказ және Дағыстан халықтарының дәстүрлі күнтізбелік жүйелері және күнтізбелік ғұрыптар. Тіршіліккамы жүйесіндегі салт-дәстүрлер. Жерлеу әдет-ғұрыптары. XX ғасырдың басы - XXI ғасырдың соңындағы Солтүстік Кавказ және Дағыстандағы этнотерриториялық жанжалдар. Этносаралық шиеленістердің себептері мен салдары. Солтүстік Кавказ және Дағыстандағы қазіргі этноәлеуметтік және этномәдени үдерістер.

Солтүстік және Шығыс Африка халықтары

Африканың тарихи-мәдени және географиялық сипаттамасы. Африка халықтарының этногенезі және этникалық тарихы. Африка халықтарының тілдік классификациясы. Африка халықтарының діні және сенім нанымдары.

Солтүстік және Шығыс Африка халықтары. Солтүстік Африканың өндіруші шаруашылық ошақтары. Солтүстік Африка халықтары: Алжир, Египет, Батыс Сахара, Ливия, Мавритания, Марокко, Судан және Тунис халықтары. Араб басқыншылығы және тілдік классификация. Шаруашылығы және материалдық мәдениеті. Соқалы және қол егіншілігі. Араб-малшылары. Рухани мәдениет және халық шығармашылығы. Отбасы және отбасылық қатынастары. Нилоттардағы неке. Қек алу. Діні.

Шығыс Африка халықтары. Бурунди, Джибути, Замбии, Зимбабве, Кения, Комор аралдарының, Мадагаскар, Малави, Мозамбик, Руанда, Сейшель аралдарының, Сомали, Танзания, Уганда және Эфиопия тұрғындары. Шығыс Африка халықтарының этнолингвистикалық классификациясы. Шаруашылығы және материалдық мәдениеті. Егін шаруашылығы және мал шаруашылығы. Номадизмнің африкалық түрі. Қосалқы кәсіп. Тоқымашылық. Рухани мәдениет және халық шығармашылығы. Отбасы және отбасылық қатынастары.

Оңтүстік және Батыс Африка халықтары

Оңтүстік Африка халықтары. Ботсвана, Лесото, Намибия, Свазиленд, Оңтүстік-Африка Республикасы. Аймақтың тілдік және антропологиялық сипаттамасы. Тропикалық кетпенді жер шаруашылығы және көшпелі, жайылмалы мал шаруашылығы. Баспана. Киімі. Әлеуметтік ұйымы, наным сенімі. Отбасы және отбасылық қатынастары. Бушмендер және готтентоттар. Шаруашылық-мәдени типтері. Пигмейлер.

Батыс Африка халықтары. Бенин, Буркина-Фасо, Гамбия, Гана, Гвинея, Гвинея-Бисау, Кабо-Верде, Кот-де-Ивуар, Либерия, Мали, Нигер, Нигерия, Сенегал, Сьерра-Леон, Тогоның халқы. Тілдік семьялар және антропологиялық топтар. Шаруашылық түрлері және діни наным-сенімдері. Баспанасы. Дәстүрлі киімі. Тағамы. Кәсіптері. Мәдениет ескерткіштері. Архитектуралық дәстүрі. Халық шығармашылығы.

Орталық Африка халықтары. Ангола, Габон, Заир, Камерун, Конго т.б. және Орталық Африка Республикасы. Чадтық және сахаралық антропологиялық типтер. Этнолингвистикалық сипаттама. Дәстүрлі шаруашылық. Баспанасы. Тамағы. Киімі. Әлеуметтік қатынастары. Отбасы және отбасылық қатынастары. Рухани мәдениеті. Діні.

Қазіргі кезеңдегі Африкадағы этникалық үдерістер. Трайбализм. Отаршылдықтың зардабы. Интеграциялық және консолидациялық үдерістер. Ағылшын-африкандықтар (ағылшын отаршылдарының ұрпақтары) және африканерлер (голландия отаршылдарының ұрпақтары).

Солтүстік Америка халықтары

Континентке алғашқы адамдардың қоныстануы. Палеоиндейцтер және олардың шаруашылығы. Субарктикалық және арктикалық аймақтар. Әртүрлі экологиялық орталарға адамдардың бейімделуі. Американың жергілікті халқын шаруашылық кәсібіне байланысты классификациялау.

Солтүстік Америка және Мезоамерика. Солтүстік Американың (эскимостар) арктикалық облыстары. Негізгі кәсібі. Еңбек құралы. Дәстүрлі мәдениеті. Солтүстік орманды аймақ (алгонкиндар және атапаски). Баспана. Киім-кешек. Солтүстік Американың солтүстік-батыс (тынықмұхиттық) жағалаулары (тлинкиттер, хайда, сәлиш, вакаши және т.б.). Калифорния (хока, пенути, алгонкиндар, шошондар, атапаски, лутуами және т.б.). Материалдық мәдениеті. Діні. Солтүстік Американың шығысының орманды аймақтары (делаварлар, могикандар, ирокез тайпалары, мусгок тобы). Прерии (сиу-дакота, ассинобойн, айова, омаха және алгонкиндер). АҚШ-тың оңтүстік-батысы мен Мексиканың солтүстігі (пима, папаго, навахи, хопи).

Орталық және Оңтүстік Америка халықтары

Мезоамерика. Майялардың мәдениеті. Экономикасының негіздері. Майялардағы жазу-сызуы. Юта-ацтек тілдік семьясы. Майя-киче, михе-сокеи және басқа тілдік семьялар. Шаруашылығы. Тас өңдеу. Ацтектердегі сауда. Үлкен отбасылы топтар. Діні.

Оңтүстік Америка. Оңтүстік Американың орманы және далалары (Бразилияның, Аргентинаның, Боливияның және Парагваяның аңшылары мен терімшілері). Тілдік семьялар. Оңтүстік Американың тропикалық ормандары (аравактар, тупи-гуарандар). Орталық Андтар (Эквадор, Перу, Боливия, Чили). Инктер. Егіншілік. Аңшылық және балық аулау. Инк мемлекеті. Қоғамдық қатынастары. Діні. Отты Жер (алакалуфтар және ягана). Экзогамиялық топтар. Діни нанымдары.

Еуропалықтардың отарлауына дейінгі Америка халықтарының шаруашылығы мен материалдық және рухани мәдениеті. Еуропалықтардың Американы жаулап алуы және отарлауы. Отаршылдық саясаттың салдары. Африкадан күшпен қоныс аударту. Құл сату дәуірі. Этникалық өзіндік сананың өзгеріске ұшырауы. Шығу тегі әртүрлі этникалық топтар. “Негр”, “метистер” категорияларының мазмұны. Отаршылдық кезеңнен кейінгі Америкадағы этностар және мәдениет.

Қазіргі заманғы Америкадағы этникалық үдерістер. Континент ішіндегі көші-қон. Америка континенті халықтарының мәдениетаралық өзара әрекеттесуі.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Еуропалықтардың Австралия мен Мұхиттық аралдарды жаулауы және оның зардаптары
2. Папуас және Жаңа Зеландия халықтары
3. Таяу Шығыс халықтарының материалдық және рухани мәдениеті
4. Үндістан халықтарының отбасылық қатынастары мен рухани мәдениеті
5. Оңтүстік Азия халықтарының діни наным сенімдері
6. Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының шаруашылығы мен материалдық мәдениеті
7. Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының рухани мәдениеті
8. Қытай халықтары
9. Моңғолдардың рухани және материалдық мәдениеті.
10. Солтүстік Африка тарихи-мәдени ерекшеліктері
11. Шығыс Африка халықтары
12. Солтүстік Америка халықтарының тарихи этнографиялық ерекшеліктері
13. Прибалтика халықтары
14. Кавказ халықтары
15. Сібір халықтарының тарихи мәдени ерекшелігі

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Австралия халықтары
2. Полинезия халықтары
3. Түркия халықтары
4. Алдыңғы Азия халықтарының діні
5. Үндістан халықтарының отбасы және отбасылық қатынастары
6. Шри-Ланка халықтары
7. Вьетнамдықтардың материалдық мәдениеті
8. Камбоджа халықтары
9. Жапония халықтары
10. Корей халықтары
11. Моңғолдар
12. Оңтүстік Африка халықтары
13. Орталық Африка халықтары
14. Американы еуропалықтардың жаулап алуы және отарлауы
15. Батыс Еуропа халықтары
16. Маори (Жаңа Зеландия) халқы мәдениетінің ерекшелігі

17. Поволжье халықтарының ұқсастығы мен ерекшелігі
18. Кавказ халықтарының классификациясы
19. Африка халықтарының антропологиялық классификациясы
20. Америка халықтарының антропологиялық классификациясы

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Этнология (Этнография). – М., 2015. – 580 с.
2. Пивоев В. М. Этнос и нация: проблемы идентификации М: Директ-Медиа, 2013.- 111 с.
3. Арутюнов С. А., Сергеев Д. А. Древние культуры азиатских эскимосов. – М: Директ-Медиа, 2014. - 210 с.
4. Артыкбаев, Ж.О. Этнология: учебник для вузов. – Алматы, 2006.
5. Лурье С.В. Историческая этнология. – М., 2003.
6. Садохин А.П., Грушевицкая Т.Г. Этнология. – М., 2012.
7. Қалшабаева Б.К. Теориялық этнология. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 236 б.

Қосымша:

1. Тавадов Г.Т. Этнология. Современный словарь-справочник. – М., 2007.
2. Энциклопедический справочник «Весь мир». Расы, народы, нации и народности. Минск, Москва, 2013.
3. Коренные малочисленные народы Севера и Сибири в условиях глобальных трансформаций. - Сибирский федеральный университет, 2012.- 643с.
4. Арутюнов С. А., Абдушелишвили М. Г., Калоев Б. А. Народы Кавказа. Антропология, лингвистика, хозяйство. – М: Директ-Медиа, 2014.- 198 с.
5. Армяне / отв. ред. Л.М. Варданян, Г.Г. Саркисян, А.Е. Тер-Саркисянц; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН; Ин-т археологии и этнографии ИАН РАН. - М. : Наука, 2012. - 648 с. (Народы и культуры).
6. Башкиры / отв. ред. Р.Г. Кузеев, Е.С. Данилко; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН; Ин-т этнологических исследований им. Р.Г. Кузеева Уфимского научного центра РАН; Ин-т истории, языка и литературы Уфимского научного центра РАН. - М.: Наука, 2015. - 662 с. - (Народы и культуры).
7. Грузины / отв. ред. Л.К. Бериашвили, Л.Ш. Меликишвили, Л.Т. Соловьева; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН; Национальная академия наук Грузии; Комиссия по истории, археологии и этнологии ИАН Грузии. - М.: Наука, 2015. - 813 с. - (Народы и культуры).
8. Ингуши / отв. ред. М.С.-Г. Албогачиева, А.М. Мартазанов, Л.Т. Соловьева ; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН ; Ингушский государственный университет. - М.: Наука, 2013. - 509 с. - (Народы и культуры).

9. Осетины - М.: Наука, 2012. - 605 с.

10. Узбеки / отв. ред. З. Х. Арифханова, С. Н. Абашин, Д.А. Алимова; Ин-т этнологии и антропологии им. Н. Н. Миклухо-Маклая РАН; Ин-т истории АН Республики Узбекистан.— М.: Наука, 2011.— 688 с.— (Народы и культуры).

11. Чеченцы / отв. ред. Л.Т. Соловьева, З.И. Хасбулатова, В.А. Тишков; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН; Комплексный научно-исследовательский ин-т им. Х.И. Ибрагимова РАН. – М.: Наука, 2012. – (Народы и культуры).

12. Якуты (Саха) / Отв. ред. А.Н. Алексеев, Е.Н. Романова, З.П. Соколова. М.: Наука, 2012. 599 с. - Серия «Народы и культуры».

DT 1207 ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

Көлемі - 2 кредит

Құрастырушылар:

Мырзабекова Р.С. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Мийманбаева Ф.Н. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Ахметова Ж. – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік қыздақ педагогикалық университетінің доценті

Кокебаева Г.К. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Дүние жүзі тарихы» курсы «Ежелгі дүние», «Орта ғасырлар тарихы», «Жаңа және қазіргі заман тарихы» бөліктерінен тұрады. Дүние жүзі тарихы алғашқы мемлекеттер пайда болған кезеңнен қазіргі уақытқа дейінгі адамзат тарихының өзекті мәселелерін қарастырады. Салыстырмалы тарихи сараптама негізінде әлем тарихының кезеңдері, оның маңызды сатылары, ежелгі және жаңа өркениеттердің ерекшеліктері, адамзат тарихындағы олардың орны мен маңызы көрсетіледі. Адамзат дамуындағы ғаламдық үдерістерді түсіну, қоршаған ортаның күрделі және көп жақты көріністерінде дұрыс бағдар жасауға мүмкіндік береді.

Дүние жүзі тарихы пәні тарихи дәуірлердің жетекші елдерінің ішкі мәселесін, әлеуметтік қатынастарын, идеологиясы мен халықаралық қатынастарын қарастырады. Бұл мәселені білу студенттерге тарихи үдерістердің негізгі сатыларындағы оның даму тұрақтылығы мен тиімділігінен мәлімет береді.

Курстың алдында оқылатын пәндер: дүние жүзі тарихының мектеп деңгейіндегі базалық курсы мен меңгеруі керек.

Пәнді игеру үшін қажетті **біліктілігі мен дағдысы**. Дүние жүзі тарихы логикалық тұрғыда және мазмұндық деңгейде өзге пәндермен байланысы бар. Атап айтар болсақ, ежелгі дүние тарихы, орта ғасырлар тарихы, жаңа және қазіргі заман тарихы, Қазақстан тарихы, өнер тарихы, әлем діндерінің тарихы, өркениеттер тарихы, халықаралық қатынастар тарихы, философия. Бұл пәндер дүние жүзі тарихын оқып түсіну үшін фактологиялық және методологиялық база дайындайды.

Дүние жүзі тарихы пәнінің негізінде саяси және билік институттары, қоғамның әлеуметтік құрылымы, халықаралық қатынастар мен дипломатияның белгілері, халықтардың мәдени мұрасы сияқты маңызды тарихи мәселелер жатыр.

Дүние жүзі тарихы курсы игеру нәтижесінде студент білуге тиіс:

- Әртүрлі өркениеттердің даму сатылары, әлем тарихының негізгі оқиғалары; тарихи тұлғалар;
- Тарихи үдерістің қозғаушы күштері мен заңдылықтары, қоғамның саяси ұйымындағы адамның орны;
- Дүние жүзі тарихының кезеңдерін бағалаудағы дәстүрлі және қазіргі ұстанымдар;
- Қоғам мен мемлекеттің тарихи даму барысында қалыптасқан мәдениет пен құндылықтың маңызды жетістіктері.

Дағдысы:

- Түрлі деректермен жұмыс жасау және мәліметтерді тиімді іздеу дағдысын меңгеру;
- Деректік мәліметтерді сараптамадан өткізу дағдысы;
- Тақырыптарға реферат және аннотация жаза алу;
- Өз пікірін логикалық тұрғыда дұрыс, анық және аргументация арқылы құру дағдысы;
- Көпшіліктің алдында өз пікірін әлеуметтік қолданыстағы формалар арқылы дәлелдей алу;
- Тарихи үдерістер мен оқиғалардың негізгі сипатын анықтай алу;
- Тарихи оқиғалардың сабақтары мен нәтижелерін білу және сонымен байланысты саналы шешім қабылдай алу.

Игеруі тиіс:

- Әлем тарихының оқиғалары, негізгі тарихи тұлғалар, әлем мәдениетінің жетістіктерін талдай білу;
 - Тарихи әдебиеттермен, деректермен зерттеу, іздеу жұмыстарын жасай алу;
 - Тарихи үдерістердің көп варианттылығын түсіну, ғылыми мәселелерге қатысты әртүрлі көзқарастар мен пікірлердің болатындығын білу;
 - Мәдениеттің, еркіндіктің, азаматтықтың, гуманизмнің базалық құндылықтарын меңгеру;
- Өз білімін үнемі жетілдіру жолында болу.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атауы
1	Кіріспе
2	Ежелгі дүние тарихы
3	Орта ғасырлар тарихы
4	Жаңа тарих
5	АҚШ-тың пайда болуы. Конституцияның қабылдануы
6	XVIII ғ. Ұлы Француз буржуазиялық революциясы
7	XIX ғ. Германияны біріктіру үшін күрес
8	I Наполеон дәуіріндегі Франция
9	XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы халықаралық қатынастар

10	Қазіргі заман тарихы
11	Екінші дүниежүзілік соғыс: себептері, сипаты, нәтижелері
12	«Қырғи-қабақ» соғыс кезеңіндегі халықаралық қатынастар
13	Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның әлеуметтік-экономикалық және асяси дамуындағы ерекшеліктер
14	ГФР-дың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының ерекшелігі
15	Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Ұлыбританияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы ерекшеліктер

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Курсты оқыту мақсаты: Дүние жүзі тарихы курсына Еуропа, Америка, Шығыс елдерінің тарихын синхронды қарастырып, жалпылама қорытындылар шығарып, жеке елдердің ортақ және ерекше көріністерін анықтап, біртұтас тарихи үдерістің бөлігі ретінде қарастыру.

Міндеттері: адамзат қоғамының тарихи жолы туралы толық қанды түсінік беру, бұл үдерістің бірлігі мен көпжақтылығын көрсету, тарихи өркениетке жан-жақты көзқараспен қарау; тарихи даму жолы туралы ортақ түсінік беру.

Зерттеу аймағы: адамзат тарихының ежелгі дүниеден қазіргі кезеңге дейінгі тарихы.

Зерттеу тәсілдері: дәрістер, семинар сабақтары, деректерге сараптама жасау, мәселелерді талқылау, СӨЖ жұмыстары, рефераттарды саралау.

Аталмыш пәннің өзге ғылымдар арасындағы орны: өзге тарих пәндерімен салыстырғанда «Дүние жүзі тарихы» алғашқы өркениеттердің пайда болу себептерін, даму ерекшеліктерін, жаңа экономикалық қатынастарды, әлеуметтік және сословиялық құрылымды, мемлекеттік ұйымдарды, идеологиялық және діни өмірді, ұоғамның жалпы даму үдерісін зерттеп, ұоғам өмірінің көріністеріне сараптама жасап, өзара ықпалдастығы мен байланысын зерттейді.

Пән дамуының негізгі сатылары: Дүние жүзі тарихы туралы түсінік. «Батыс», «Шығыс» түсініктерінің пайда болуы. Тарихи танымның ғылыми қағидаттары: тарихилық қағидасы, шынайылық қағидасы, әлеуметтік ұстаным қағидасы, альтернативтік қағида, тарихты зерттеудегі ғылымилық пен шынайылық.

Ежелгі философтар, тарихшылар, географтар адамзат қоғамының тарихындағы географиялық фактордың орны туралы. Антикалық тарихнаманың қалыптасуы мен дамуы. Геродот. Фукидид. Тарихнамадағы антикалық философиялық ой және тарихнама. Рим тарихнамас. Тацит. Антикадағы тарихи ой ерекшелігі. Циклдық.

Шарль Монтескье, әртүрлі халықтардың тарихы мен дамуындағы, мәдени және материалдық байлығындағы климаттық және географиялық

фактордың орны. Маркистердің географиялық факторды жоққа шығаруы. Детерминизмнің екі формасы – географиялық және саяси экономикалық.

Қоғамның қазіргі түрлері және әлем тарихы. Формациялық, мәдени, өркениеттік ұстанымдары, олардың қарым-қатынастары. К.Маркс пен Ф.Энгельстің қоғамдық-экономикалық теориясы. Тарихи үдерістің еуропа центристік моделі, шығыс қоғамдарына қатысты эвристикалық шектеулігі. Шектеулі өркениеттер теориясы, Н.Данилевский, О. Шпенглер, А.Тойнби. Өркениеттердің стадиялық дамуы. Тарихи үдерістің негізгі интерпретациясы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ежелгі дүние тарихы

Ежелгі Шығыс тарихы. Шығыстағы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы. Шумер, Вавилон, Египет, Үндістан, Қытай тарихының өркениеттік дамуға қосқан үлесі.

Ежелгі Греция тарихы. Тарихтағы Ежелгі Греция орны. Жерорта теңізі аймағында ерте таптық қоғамдар мен мемлекеттердің пайда болуы. Грек өркениетінің қалыптасуындағы архаикалық кезең. Азамат соғысы қоғамдық карама-қайшылықтың нәтижесі ретінде. Ерте грек тираниясы демократияға жол ретінде. Греция өміріндегі полистің орны. Афина. Спарта, Рулық аксүйектер мен жаңа аксүйектер арасындағы күрес. Солн реформасының сипаты. Классикалық кезең: афина құлиеленушілік демократиясының қалыптасуы және гүлденуі. Перикл. Қоғам мен мемлекеттің дағдарысы. Александр Македонскийдің жаулап алушылық соғыстары, әлемдік ірі империяның қалыптасуы және оның тағдыры. Шығыс Жерорта теңізі аймағының елдері. Алдыңғы Азия, Қара теңіз жағалаулары елдері эллиндік монархия кезінде. Римдіктердің гректерді жеңуі.

Ежелгі Рим тарихы. Ежелгі Рим тарихының ерте кезеңіндегі құлиеленушілік қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтары. Республиканың қалыптасуы, оның гүлденуі. Спартак көтерілісі. Пуний соғыстары. Рим мемлекетінің территориялық ұлғаюы кезеңіндегі билік түрлері. Сулланың әскери диктатурасы. Цезарь реформасы, оның нәтижелері. Гай Октавиан Август. Ерте Рим империясы – принципат кезеңі. Империядағы дағдарыс. Азамат соғыстары. Шектеусіз монархия – доминаттың пайда болуы. Шығыс және Батыс Рим империясының пайда болуы. Батыс Рим империясының жойылуы.

Орта ғасырлар тарихы

Ерте орта ғасырлар кезеңіндегі Еуропа. Батыс Рим империясының құлауы. Еуропадағы варварлық патшалықтар. Каролингтік өркендеу. Ұлы Карл империясы. Еуропаның христиандануы және католик шіркеуінің күшеюі. Византияның құлдырай бастауы. Осман империясының қалыптасуы. Батыс Еуропа қалаларындағы коммуналдық қозғалыс. Бюргерлердің экономикалық және саяси жағдайының күшеюі. Англияның, Францияның, Германияның XI-XIII ғғ. феодалдық экономикасының ерекшелігі. XIV ғ. Еуропадағы дағдарыс.

Англия мен Франция арасындағы жүз жылдық соғыс. Франциядағы Жакерия. Англиядағы Уот Тайлер көтерілісі.

Кейінгі орта ғасырлар. Ұлттық мемлекеттердің пайда болуы мен күшеюі. Қасиетті Рим империясы. Испан империясының қуатының кетуі. Реформация: Англия мен Франциядағы діни соғыстар. Германиядағы Ұлы Шаруалар соғысы. Еуропадағы ірі мемлекеттердің экономикалық және саяси жетекшілік үшін күресі. Капитализм генезисі. Нидерланды – капитализм жеңіске жеткен алғашқы мемлекет. Англиядағы капиталдың алғашқы қорлану процесінің ерекшеліктері, әлемдік шаруашылық пен саудадағы жетекшілігі. Ұлы державалар арасындағы әлемді бөлісу.

Жаңа тарих

XVII ғ. ағылшын буржуазиялық революциясының ерекшелігі. Ағылшын реформациясының ерекшелігі. Пуритандық, революцияның идеологиясындағы орны. Пуританшылдықтың негізгі ағымдары: индипенденттер мен пресвитериандар. Ағылшын буржуазиялық революциясының негізгі сатылары. Ұзақ Парламенттің заң шығарушылық қызметі, оның таптық сипаты. Индипендент республикасы. Кромвель протектораты. Стюарттар реставрациясы, оның себептері. 1688 ж. Мемлекеттік төңкеріс. «Құқықтар туралы билль». Ағылшын революциясының тарихи маңызы. Англияның сыртқы саясатының негізгі бағыттары және зерттелу деңгейі.

АҚШ-тағы білімнің пайда болуы. Конституцияның қабылдануы

Англияның солтүстік америка отарларындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай. Солтүстік американдық ұлтының қалыптасуы. Американдық ағартушылық.

Б. Франклин. Т. Джефферсон. Метрополия мен отарлар арасындағы қайшылықтың күшеюі. Азаттық қозғалыстың басталуы. Таптық күштердің орналасуы: патриоттар мен лоялистер. Қарулы қақтығыстың басталуы және тәуелсіздікті жариялау. «Тәуелсіздік декларациясы», оның тарихи маңызы. 1775-1781 жж. әскери оқиғалардың негізі сатылары. Версаль бітімі және АҚШ тәуелсіздігінің мойындалуы. АҚШ-тың мемлекеттік құрылымының қалыптасуы. 1787 ж. «Конфедерация баптарынан» конституцияға дейін. Америка буржуазиялық революциясының сипаты мен ерекшелігі. Негізгі нәтижелері мен тарихи маңызы. Тәуелсіздік тарихы бойынша тарихнама.

Француз ағартушылығы. Француз ағартушылығының негізгі ағымдары. Ш. Монтескье, Ф.М. Вольтер, Д.Дидро және «Энциклопедия». Ағартушылықтың эгалитарлық қанаты. Ж.Ж. Руссо. Ж. Мелье, Морелли, Г. Мабли. Алдыңғы қатарлы идеялардың таралуы. Француз ағартушылығының тарихнамасы. Тәуелсіздік жолындағы соғыстың тарихнамасы.

XVIII ғ. Ұлы Француз буржуазиялық революциясы

Революция себептері. Революцияның негізгі сатылары. Бас Штаттардың шақырылуы. Ұлттық Құрылтай жиналысы, оның заңшығарушылық және

әлеуметтік бағыты. Варен дағдарысы. Заң шығарушылық жиналыс. Соғыстың басталуы, оның сипаты. Монархияны құлату, республиканың орнауы. Билікке жирондистердің келуі. Ұлттық Конвенттің шақырылуы, оның құрамы. Француз буржуазиялық революциясының сипаты. Тарихнамасы.

Якобиншілер диктатурасы. Якобиншілердің билік басына келуі. Аграрлық мәселенің шешілуі. 1793 ж. Конституция. Үкіметтік мекемелер. Демократиялық ұйымдардың орны. Париж Коммунасы. Террор саясаты. Якобиншілердің әлеуметтік-экономикалық саясаты. Якобин диктатурасының сипаты, ішкі қайшылықтары. Якобин диктатурасының құлауы, тарихнамалық мәселелері. Заманауи тарихнамадағы якобиншілер диктатурасының проблемалары.

XIX ғ. Германияны біріктіру үшін күрес

XIX ғ. 50-60-жж. өнеркәсіптік төңкерістің жетістіктері. Экономикалық көтерілу себептері. Ауыл шаруашылығында капитализм дамуының Прусстық жолы. Австрия мен Пруссияның Германиядағы гегемондық үшін күресі. Буржуазиялық-либералдық қозғалыс. Пруссиядағы конституциялық қақтығыс және О.Бисмарктың билікке келуі. XIX ғ. 50-60-жж. Германиядағы жұмысшы қозғалысы. Социал-демократиялық жұмысшы партиясының пайда болуы. Пруссияның басшылығымен Германияның бірігуі. Солтүстік герман одағының пайда болуы. Герман империясын жариялау. Германияны «жоғарыдан» біріктірудің сипаты мен маңызы.

I Наполеон дәуіріндегі Франция

18 брюмердегі төңкеріс. 1799 ж. Конституция. Консулдық тәртібі. Империяны жариялау. Әкімшілік орталықтандыру. Демократиялық еркіндіктердің жойылуы. «Наполеон кодекстері». Рим папасымен конкордат. Консулдық пен империя тұсындағы Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Наполеон соғыстарының сипаты мен мақсаты. 3-4 коалициялармен Францияның соғысы. Құрылықтық блокада. Тильзит бітімі. Наполеон әскерінің жетістіктерінің себептері. Наполеон империясындағы ішкі дағдарыс. Бурбондардың бірінші реставрациясы. 100 күн. Бурбондардың екінші реставрациясы. Тарихнама.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы халықаралық қатынастар

Франк-герман қарама-қайшылығы. «Үш императорлар одағы». 1877-1878 жж. орыс-түрік соғысы. Австро-орыс, орыс-герман қатынастарының ушығуы. Үштік Одақтың пайда болуы. Франк-орыс одағы. Ағылшын-француз және ағылшын-орыс қарама-қайшылығы. Оқшауланудың ағылшындық саясаты. Территориялық бөлістің аяқталуы. Антанта. Ағылшын-орыс келісімі. Блоктардың әскери-стратегиялық жоспары. Бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуы.

Қазіргі заман тарихы

Фашизмнің пайда болу тарихы. Герман және итальян фашизмі: ортақтығы мен ерекшелігі (компаративті анализ). Фашизмнің тарихи тамырлары. Фашизмнің пайда болуы және әлеуметтік негізі. Италия билігіне фашистердің келуі. Германияда фашистік диктатураның қалыптасуы. Италия мен Германияда фашизмнің жеңу себептері. Фашистік партиялар мен ірі монополистер арасындағы байланыс. Экономикалық доктрина. «Корпоративизм». Фашистік мемлекеттің қоғамды бақылау тәсілдері. Идеологияның негізгі белгілері. Фашистік мемлекеттердің агрессиялық сыртқы саясаты. Еуропада соғыс ошақтарының пайда болуы.

Екінші дүниежүзілік соғыс: себептері, сипаты, нәтижелері

Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен сипаты. Мюнхен келісімі. Кеңес-герман келісімі. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. Әскери қимылдардың негізгі ошақтары. Берлин пактісі. Тынық мұхит бассейніне Жапон экспансиясы. КСРО-ға фашистік Германияның бас салуы. Антигитлерлік коалицияның қалыптасуы: негізгі сатылары. Еуропада екінші майданның ашылуы. Гитлерлік блоктың жеңілуі. Германия мен Жапонияның капитуляциясы. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы.

«Қырғи-қабақ» соғыс кезеңіндегі халықаралық қатынастар

II дүниежүзілік соғыстың қорытындысы. Әлемдік социалистік жүйенің қалыптасуы. Герман мәселесі. «Тежеу доктринасы», «Трумэн доктринасы», «Маршалл жоспары». Солтүстік Атлант Блогының пайда болуы. Германияны екіге бөлу. ГФР пайда болуы. «Қырғи-қабақ» соғыстың басталуы. «Қырғи-қабақ» соғыстың сатылары: ушығу және басылу сәттері. Кореядағы соғыс. Берлин және Кариб дағдарысы. Вьетнамдағы соғыс. Хельсинкидегі қауіпсіздіктің Қорытынды Актісіне қол қою. Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізу. 80-ж. Соңындағы сыртқы саяси курстың өзгеруі. КСРО-ның ыдырауы. «Қырғи-қабақ» соғыстың аяқталуы.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның әлеуметтік-экономикалық және асыи дамуындағы ерекшеліктер

Франциядағы «Уақытша тәртіп». Франциядағы 4-Республика және оның ерекшелігі. Франция және «Маршалл жоспары». Француз отарлық империясының ыдырауы. Алжир дағдарысы. Ш. де Голь. 5-Республика және оның ерекшелігі. 1968 ж. Оқиға. 1971 ж. Франциядағы президенттік сайлау. Франсуа Миттеранның ішкі саясаты. Франциядағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай. Н.Саркози үкіметі.

ГФР-дың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының ерекшелігі

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Германиядағы оккупациялық биліктің саясаты. ГФР-дың қалыптасуы. 1948 ж. Экономикалық реформа және «әлеуметтік нарықтық шаруашылық». ГФР-дағы негізгі саяси партиялар мен қозғалыстар. 50-60 жж. ХДС/ХСС партияларының ішкі және сыртқы саясаты.

Саясаттағы бет-бұрыс: «үлкен коалицияның» пайда болуы. «Кіші коалицияның» билікке келуі және «шығыстық саясат». Германияның 70-80 жж. экономика мен саясаттағы эволюция. Германияның бірігуі және қазіргі әлнуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. А.Меркель үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Ұлыбританияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы ерекшеліктер

Лейбористердің ішкі саясаты. Британ отарлық жүйенің ыдырауы. Анлия және «Маршалл жоспары». Консерваторлардың билікке келуі. Консерваторлардың ішкі және сыртқы саясаты. Еуропалық экономикалық интеграцияның мәселелері. 60-70 жж. лейбористік партия. Ирланд мәселесі: тарихы мен қазіргі жағдайы. М. Тэтчер үкіметінің саясаты. Ұлыбританияның қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Гордон Браун үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы. АҚШ-тың сыртқы саяси ұстанымдарының күшеюі. «Трумэн доктринасы». «Маршалл жоспары». Солтүстік Атлантикалық Одақ. «Қырғи-қабақ соғыс» мәселелері. Кореядағы соғысқа қатысу. Дж.Кеннеди мен Л.Джонсон үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты. Р. Никсон және Дж. Фордтың президенттік мерзімі. «Рейгономика» және АҚШ сыртқы саясатындағы алға жылжушылық. Р. Рейган мен Д. Буштың ішкі және сыртқы саясаты. Б.Клинтонның перзиденттікке келуі. Дж. Буш президенттігі. Ирактағы соғыс. АҚШ-тың қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Б. Обама үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Ежелгі Египеттегі әлеуметтік-экономикалық және саяси байланыстар.
2. «Иллиада» және «Одиссеи» шығармалары бойынша Ежелгі Грецияның шаруашылық қатынастары.
3. Ежелгі грек полисі, пайда болуы мен мәні.
4. XII таблица заңы бойынша Римдегі қоғамдық қатынастар.
5. Цезарь мен Тацит еңбектері бойынша герман тайпаларының шаруашылық және қоғамдық өмірі.
6. Ортағасырлық қалалар.
7. XVII ғ. ағылшын буржуазиялық революциясы.
8. XIX ғ. соңындағы халықаралық қатынастар.
9. Бірінші дүниежүзілік соғыс.
10. Ұлы француз буржуазиялық революциясы.
11. Солтүстік америка отарларының тәуелсіздік үшін күресі. АҚШ-тың пайда болуы.
12. Версаль-Вашингтон жүйесі.

13. Ф.Д.Рузвельттің «жаңа бағыты».
14. Германиядағы Веймар республикасы.
15. Ғаламдану процесі және әлемдік жүйедегі мемлекеттер.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. XIV Людовигтің ішкі және сыртқы саясаты.
2. Англиядағы өнеркәсіптік төңкеріс.
3. XVII ғ. 40-жылдарындағы Англиядағы азамат соғыстары.
4. Польшаны жіктеу және оның салдарлары.
5. XIX ғ. ортасындағы Германияның бірігуі.
6. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастар.
7. Қырым соғысы.
8. 1861-1865 жж. АҚШ-тағы азамат соғысы.
9. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Франция.
10. Екінші дүниежүзілік соғыстың бірінші сатысы (1939-1941жж.).
11. 1990 ж. Германияның бірігуі.
12. Лейбористік К.Эттли үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты.
13. Қазіргі интеграциялық процестер.
14. Франциядағы V республика.
15. Д. Эйзенхауэрдің ішкі және сыртқы саясаты.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. История Древнего Востока. /Под ред. В.В.Кузищина. – М: МГУ, 2007.
2. История Древней Греции. /Под ред. В.В.Кузищина. – М: МГУ, 2008.
3. История Древнего Рима. /Под ред. В.В.Кузищина. – М: МГУ, 2009.
4. История средних веков./ Под ред. С.П.Карпова.- М: МГУ, 2005.
5. Н.А.Иванов. Всемирная история. М., 2004.
6. Уткин А.И. Уинстон Черчилль. М., 2000.

Қосымша:

1. Белоусов Л.С. Режим Муссолини и массы. М., 2000.
2. Лундестада Г. Восток, Запад, Юг. Основные направления международной политики. 1945-1996. М., 2002.
3. Попов В.И. Маргарет Тэтчер: человек и политик. М., 2000.
4. Смирнов В.К. Франция в XX веке. М., 2001.
5. Согрин В.В. Политическая история США. М., 2002.
6. Тарле Е.В. Европа в эпоху империализма//Тарле Е.В. Политика. М., 2000.
7. Хеншелл Н. Миф абсолютизма. Перемены и преемственность в развитии западноевропейской монархии раннего Нового времени. М., 2003.

8. Шоню П. Цивилизация классической Европы. Екатеринбург, 2005.
9. Мырзабекова Р.С. Ежелгі дүние тарихы. Алматы, Қазақ университеті, 2015
10. Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С. Орта ғасырлар тарихы. Алматы, Қазақ университеті, 2016.
11. Мырзабекова Р.С. Кейінгі орта ғасырлар тарихы. Алматы, «Қазақ университеті» 2007.
12. Мырзабекова Р.С. Кейінгі орта ғасырлар тарихы және капитализм генезисі мәселелері. Алматы, «Қазақ университеті» 2003.
13. Мырзабекова Р.С. Орта ғасырлар тарихының терминдері. Алматы, «Қазақ университеті», 2016.

АК 1301 АРХЕОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Көлемі - 3 кредит

Құрастырушылар:

Омаров Ғ.Қ. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Бексеитов Ғ.Т. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Нұржанов А.А. – тарих ғылымының кандидаты, А.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері

Омарбеков Т.О. - тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

Археология бірыңғай ғылым ретінде өз құралдары мен әдістерінің арнайы жиынтығымен жақында ғана қалыптасты. Археология тарихпен ортақ әдістемесі, зерттеудің бірыңғай мақсаттары мен амалдары бар, бірақ негізгі көздердің сипатымен ерекшеленетін оның бөлімі. Археологиялық зерттеулер базасы ретінде заттай дерек көздері, яғни адаммен ежелде дайындалған заттар, құрылыстар немесе ежелгі мүрделер қызмет атқарады. Пәннің зерделенетін курсы көп жағынан осы мамандық бойынша білім алатын мамандарға археологиялық қазбаларды жүргізу және зерттеу саласында білім алуға көмектеседі. Археологияда дереккөздерінің ортақ мақсаттарына ерекше мән береміз. Бірінші кезекте археология әлемді, басқа ғылымдармен байланысын анықтайды. Қазбаларды қазу барысында көптеген әдіс-тәсілдер арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде адамдар мен жануарлардың сүйек қалдықтары мен өсімдіктердің қалдықтары тәжірибие жүзінде табылды.

Курсты меңгеру барысында студент

Білуі тиіс:

-Ақпараттық-археологиялық мәліметтерді тарихи ғылымда археологиялық факт.

- Әдіс - тәсілдер - археологиялық- шетелдік ғалымдардың ғылымдағы қолданатын тәсілдерімен.

-Археологиялық - археологиялық дағдыларды зерттеу.

Меңгеруі:

- Студенттеді өз беттерінше жұмыс жасауын қадағалау.

- Қазіргі заманғы және өткен замандағы деректерді археологиялық тұрғыдан зерттеу.

Дағдысы:

- алынған тәжірибелер нәтижесесін білім саласында қолдану.

- мемлекеттік жұмыста тәжірибие мен білім нәтижесін қолдану.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атауы
1	Кіріспе
2	Археологияның туындауы және оның негізгі бағыттарының дамуы
3	Еуропадағы археология тарихы
4	Ресейдегі классикалық археологияның дамуы. Шығыс археологиясы
5	Месопотамиядағы археологиялық зерттеулердің басталуы
6	Алғашқы қауымдық археология.
7	Ортағасырлық археология, оның туындауы мен дамуы.
8	Археология пәні.
9	Археологиялық дереккөздер.
10	Археологиялық дереккөздерді сыныптау.
11	Теориялық археология
12	Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары жүйесіндегі археология.
13	Қазақстандағы археологиялық ғылымның дамуы.
14	Қазақстандағы XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы археологиялық қазбалар.
15	Қазақстандағы XX ғасырдың 40-жылдарынан 90-жылдарына дейінгі археологиялық зерттеулер.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Курс мақсаты: «Археологияға кіріспе» пәнінің мақсаты археологиялық қазбалардың әдістері студенттердің далалық және зертханалық ғылыми-зерттеу жұмыстың әдістемелік амалдарын игеру болып табылады. Дәстүрлі археологиялық әдістермен және жаратылыстану ғылымдарының әдістерімен қазіргі археология ғылымының теориялық және қолданбалы мәселелерімен сондай-ақ осы саладағы негізгі ғылыми зерттеулерге талдамалық шолу жасай отырып таныстыру.

Пәннің міндеттеріне:

1. студенттерді далалық археология жұмысы амалдарымен және әдістерімен, далалық құжаттама талаптарымен таныстыру.
2. ежелгі ескерткіштердің типтері мен түрлері, олардың хронологиялық және мәдени сыныпталуы, археологиялық материалды есепке алу және өңдеу тәсілдері туралы білім беру.
3. эксперименталды және теориялық моделдеу үшін ғылыми ойлау машығын баулу.

4. студенттерді археологиялық әдістер және қазбалар негіздерімен таныстыру.

5. археологиялық ескерткіштерді және мәдениеттерді бөлудің айырықша белгілерін көрсету.

Ролі мен орны: «Археология» мамандығының студенттері курсты меңгеру барысында жаңа лекцияларды оқып, бағдарламалар толығымен мемлекеттік құрылымға сәйкес енгізіледі.

Археология пәні мен тапсырмасы: Тарих саласында археологияның ролі мен орны тарихи археологиялық дереккөздер, нысан, мәдениеті мен шетел зерттеушілерінің еңбектері. Оқу үдерісінде археологияны ғылыммен салыстырып, оның нәтижесін айтуға болады.

Археологияның тәжірибиелік ұғымы: Археологтарды дайындау мақсатында Дүние жүзі тарихы, Антропология, Этнология, Алғашқы қауымдық құрылыс т.б пәндерді оқытамыз.

Далалық археология: Археологиялық барлау, негізгі түрі, тапсырмасы мен ұйымдастырылуы. Аэрофотолық барлау мен спекторлық түсірілімдер. Геофизическалық әдіс-тәсілдер. Археологиялық қазба. Стратиграфия мен мәдени қабат. Қоныстардың қазбалары. Далалық қазбалардың құжаттамалары. Қорғандар мен түрлі жерлеу орындары мен ескерткіштері. Қорғандардың қазбасы. Далалық консервация, талдау мен қайта қалпына келтіру. Музеефикациялық археологиялық ескерткіштер: тапсырмасы, әдіс-тәсілдері, мәселелері.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Археологияның туындауы және оның негізгі бағыттарының дамуы

«Археология» терминінің пайда болуы және таралуы. Археологияның ғылым ретінде қалыптасуы. Археологияның қажеттілігі. Археология және тарих. Археологияның пәні, дереккөздері, мақсаттары және әдістері. Археология және оның тарихи ғылымдағы орны. негізгі дереккөздер. Археологиялық ескерткіштердің түрлері. Археологиялық зерттеулердің әдістері. Археологиялық ескерткіштер және олардың сыныпталуы. Тұрақтар, қорғандар, қала, қорымдар және заттарды түрлері мен кезеңдері бойынша басқа да археологиялық бөлу.

Археологиялық мәдениет. Археологияда лингвистикалық және антропологиялық дереккөздерді пайдалану. Археологиялық ескерткіштерді аэробарлау. Дендро хронологияны, радиокарбондық талдауды, спектрографияны, металлографияны және жаратылыстану ғылымдарының басқа да әдістерін пайдалану. Археологиялық қазбаларды жүргізу, ескерткіштерді қорғау және пайдалану.

XIX ғасыр – XX ғасырдың ортасындағы археологиялық қазбалар. Ежелгі өркениеттердің ескерткіштері: Шумер, Египет, Хетты, ежелгеүнділік археология (Мохенджедаро, Хараппа т.б.). Археология және өркениет, ацтектердің, майялардың, инкалардың өркениеттері. И.И. Винкельман, Г.Шлиман және А.Эванс. Говард Картер және Тутанхамон ескерткіштері.

Генри Лэйярд және Джордж Смит пен т.б. Э.Томпсон – майя өркениеті. Тур Хейердал және Пасха аралы. Археологияның бүгіні мен болашағы. Археологияның көмекші пәннен іргелі ғылымға айналуы. ЮНЕСКО және бүкіләлемдік ескерткіштерді қорғау.

Классикалық археология. антикалық дәуірдегі археологиялық ілімдер. Қайта өрлеу дәуіріндегі антикалық тарихқа қызығушылық таныту. Антикалық ескерткіштердің алғашқы қазбалары. Геркуланум, Помпеи. классикалық археология бойынша еңбектердің пайда болуы. Грекия аумағындағы қазбалар. Олимпиядағы, Афиндағы, Дельфыдағы зерттеулер. Э.Курциустің іс-қызметі. Эгей өркениетінің ашылуы. Г. Шлиман қазбалары. Троя, Микены, Аргос. А. Эванстың Криттегі қазбалары.

«Археология» терминінің пайда болуы және таралуы. Археологияның ғылым ретінде қалыптасуы. Археологияның қажеттілігі. Археология және тарих. Археологияның пәні, дереккөздері, мақсаттары және әдістері. Археология және оның тарихи ғылымдағы орны. негізгі дереккөздер. Археологиялық ескерткіштердің түрлері. Археологиялық зерттеулердің әдістері. Археологиялық ескерткіштер және олардың сыныпталуы. Тұрақтар, қорғандар, қала, қорымдар және заттарды түрлері мен кезеңдері бойынша басқа да археологиялық бөлу.

Археологиялық мәдениет. Археологияда лингвистикалық және антропологиялық дереккөздерді пайдалану. Археологиялық ескерткіштерді аэробарлау. Дендрохронологияны, радиокарбондық талдауды, спектрографияны, металлографияны және жаратылыстану ғылымдарының басқа да әдістерін пайдалану. Археологиялық қазбаларды жүргізу, ескерткіштерді қорғау және пайдалану.

Еуропадағы археология тарихы

«Археология» термині. Вавилон патшасы Набонид. Геродот еңбектеріндегі пирамидалар және свайдық қоныстар. Фукидидтің «Археологиясы». Периэгесис. Павсаний (б.д. II ғасыр) және оның «Элиаданы суреттеу» еңбегі. Страбон, Лукреций және басқа да ойшылдар ежелгі заман жайында. Қайта өрлеу дәуіріндегі антикалыққа әуестену. Антикалық мүсіндер үшін ватикандық арнайы аула. Лев X-ның декреті. Венецияда, Парижде, Мадридте, Мюнхенде, Прагада ежелгі заттарды жинақтау. Археологиялық материалдарды жүйелеудің алғашқы талпыныстары. Геркуланумдағы (1711), Помпеидегі (1748) қазба жұмыстары. «Археология атасы» Винкельман (1717-1768). Грекияға, Кіші Азияға, Сирияға, Палестинаға алғашқы экспедициялар. Алғашқы ғылыми қоғамдарды құру. Британ мұражайы (1753-1756). Кельт академиясы (1804). Даттық ежелгі заттар ұлттық мұражайы (1807). Даниядағы ежелгі заттарды зерделеуге арналған корольдік қоғам (1825). Нюрнбергтегі ұлттық мұражайлар, Майнцтағы Рим – Германдық орталық мұражай (1852), Музей национальных древностей в Сен-Жермен-ан-Ледегі ұлттық ежелгі заттар мұражайы (1862) және басқалар. Археологиялық деректерді интерпретациялаудың алғашқы қадамдары. Үш ғасыр жүйесі.

Томсеннің, Ворсоның және Нильсонның кезеңдеулері. Морганның мәдени-тарихи кезеңдеуі.

Палеолиттің ашылуы. Геология мен археологияның дамуына сіңірген ғалымдар. Павиленд, Льеж, Кент үңгірлерінде жойылып кеткен аңдардың қалдықтарымен бірге адамдардың сүйектері мен тас саймандардың бірге табылуы. Жоғарғы палеолиттің ашылуы. Э. Лартенің археологиялық ізденістері. Лартенің Ле-Мустье, Ла-Мадлен үңгірлеріндегі қазба жұмыстары және онымен палеолит өнерінің алғашқы ескерткіштерін табуы.

Неолитті, қола және темір ғасырларды зерттеудің басталуы. Д.Леббоктың «Тарихқа дейінгі уақыт» кітабындағы «палеолит» пен «неолит», «ерте неолит» кезеңінің терминдері. Свайлық қоныстар. Террамарлар. Кранногтар. Галынтат, Ла-Тен ескерткіштері. Кельттер. Латендік мәдениет. Галл қалалары – Бибрак пен Алезиядағы қазба жұмыстары. Скифтер. Ресейдегі скифтік қорғандардағы қазба жұмыстары. А. П. Мельгунов. П.И. Сумароковпен Қырымдағы ежелгі грек қалаларын зерттеуі. И.А. Стемпковский және Боспор мемлекетінің аумағындағы археологиялық зерттеулер. Этрускілер. Этрускілердің молалары мен қоныстары. Этрускілік қабырға сызбасы. Чиусти, Вейни, Орвието және басқа ескерткіштер.

Үңгірлік өнерді ашу. Савтуолдың Альтамир үңгіріндегі қазба жұмыстары (Испания) және алғашқы қауымдық өнерді табуы. Археологтар арасындағы дискуссия. Арлэ, Пьетт, Мортилье және басқалардың Альтамир полихромдық суреттерінің түпнұсқалығы туралы көзқарастары. Брасемпуидің сүйек әйел мүсіні. Ла-Мут, Тейяк, Камбарель, Фон-де-Гом, Тюк д'Одубер, «Үш ағайынды» және басқа да үңгірлердің қабырғаларындағы суреттер.

XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі антикалық археология. Пергамадағы, Дельфыдағы, Афиныдағы, Олимпиядағы, Самофракиядағы қазба жұмыстары. Г.Шлиманның ежелгі Троядағы, Микеныдағы, Итакадағы, Орхомнадағы және Тиринфтегі қазба жұмыстары. Қазба жұмыстары нәтижелерінің әлемдік маңызы. Эгей өркениеті. Криттік-микендік мәдениетті зерттеу.

Ресейдегі классикалық археологияның дамуы. Шығыс археологиясы

Мұражайлардың ашылуы және XIX ғасырдың бірінші жартысында Николаевта, Феодосияда, Одессада, Керчтегі ғылыми қоғамдардың іс-қызметі. И.А. Стемпковскийдің, Дюбрюкстің, А.Б. Ашиктің іс-қызметі. Ольвиядағы және Херсонестегі қазба жұмыстары. К.Н. Костюшко-Волужинич, Б.Ф. Фармаковский. Боспор экспедициясының зерттеулері. В.Д. Блаватский, В.Ф. Гайдукевич.

Египтологияның өмірге келуі. XVIII ғасырдың аяғында Франция мен Египетте әскеи экспедицияның құрамында Денон, Ф. Шампольон, К. Лепсиус. О. Мариетта және Г. Масперо болды. Каир мұеіінің Ф.Петрдің археологиялық зерттеу әдістері XX ғасырда тарихта ұлы жаналықтардың ашылу заманы деуімізге болады.

Месопотамиядағы археологиялық зерттеулердің басталуы

П. Боттаның, Г. Лейярдтың, Р. Колдевейдің, Э. Андрэнің, Л. Вуллидің және басқалардың қазба жұмыстары. Урарту мен Орта Азиядағы зерттеулер. Үндістан аумағындағы алғашқы қазба жұмыстары. Үнділік өркениетті ашу. Р. Банерджидің, Э. Маккейдің, Д. Маршаллдың, М. Уилердің қазба жұмыстары. Қытайдағы археологиялық зерттеулер. Яншао мәдениеті. Шан Инь және Чжоу дәуірінің ескерткіштері. Цинь және хань әулеттерінің молалары.

Алғашқы қауымдық археология

К.Томсен, Й.Я.Ворсо, Г.Мортилье еңбектеріндегі кезеңдеуді әзірлеу. Франциядағы палеолиттік ескерткіштердің ашылуы. Буше де Перт, Э. Лартэ, А. Брейль зерттеулері. Орта Еуропаның палеолиттік ескерткіштерін зерделеу. Г. Чайльд зерттеулері. Ресейдегі алғашқы қауымдық археологияның дамуы. Ресейдегі тас ғасыры ескерткіштерін ашу және зерделеудің басталуы. К.С.Мережковскийдің, А.С. Уваровтың, А.А. Спицыннің, В.А. Городцовтың зерттеулері.

Ортағасырлық археология, оның туындауы және дамуы.

Еуропалық қалалардың тарихын зерттеудегі археологияның рөлі. Скандинавиядағы археологиялық зерттеулер. Орыс қалаларын зерделеу. Еуразиялық даланың ортағасырлық ескерткіштерін зерттеу.

Евразиядағы археологиялық көне мемлекеттер. Антикалық қалалардың археологиясы. Жерорта теңізі мен Орта Азия аймақтарында және б.з.д I мыңжылдықтағы Қазақстан және б.з.д I мыңжылдықтағы Боспор қаласы. Жәнеде Ольвия, Херсонес, Хорезм, Торпак – кала, Пенджикент, Бухара, Самарканд, Тараз, Отрар, Яссы, Сауран, Сайрам, Талхиз, Баласагун, Ұлы жібек жолы.

Археология пәні

«Ғылым пәні» түсінігі туралы жалпы пайымдау. Философиядағы «объект» және «зат» түсініктерінің пысықталуы. Археология объектісі мен пәні туралы дискуссия. Археология тарихи білімдегі жүйе. Адамзат тарихын оқыту барысындағы археологияның рөлі. Археологиялық ескерткіштер. Адамзат тарихындағы археологиялық кезеңделу. В.Ф. Генинг, Ю.Н. Захарук, Л.С. Клейн тұжырымдамалары. Мәселенің заманауи жағдайы.

Археологиялық дереккөздер

Көрініс табу теориясы. Тарихи таным көрініс табудың ерекше түрі ретінде. Өткен объективті нақтылық пен танымдық субъект арасындағы делдал ерекшелігі. Археологиялық көрініс табу. «Археологиялық дереккөз» түсінігінің қалыптасу тарихы. Артефактілер және артефактілік емес материалдар.

Археологиялық материалдар және жазбаша құжаттар арасындағы айырмашылық. Археологиялық дереккөздің табиғаты. «Тірі» және «өлі»

мәдениет түсініктерінің арақатынасы. Археологиялық дереккөздердегі тарихи ақпарат. Археология құзыретінің шектері.

Археологиялық дереккөздерді сынау қажеттілігі туралы түсінікті қалыптастыру. Олардың сыртқы және ішкі сыны.

Археологиялық дереккөздерден тарихиларға. Археологтың далалық және кабинеттік жұмысы. Дескриптивтік археология. Археологиялық зерттеудің негізгі рәсімдері. Археологиялық герменевтика.

Археологиялық дереккөздердің сыныпталуы

Археологиялық дереккөздерді сыныптау қажеттілігі. Сыныптаудың негізі критерийлері. Ежелгі адамдардың практикалық іс-қызметінің алуандығын археологиялық сыныптауда көрініс тапқызу. Олардың өміршеңдік іс-қызметінің нәтижелерін археологизациялау түрлері. Тірі мәдениеттен өліге мәдени қалдықтардың «қалыпты» және «аномальды» түсуі. Археологиялық дереккөздердің типтері.

Теориялық археология

Археологиялық сараптама. Әдістер мен негізгі түсініктер. Археологиялық дереккөздер дегеніміз не. Археологиялық материалдардың сипаттамасы мен өңделуі. Математикалық әдіс-тәсілдер. Аналитикалық археология. Негізгі түсініктер мен әдістер. Үш “ғасыр”. Стратиграфия және мәдени қабат. Археологияны игеру барысындағы мәдени байланыс. Типологиялық әдіс. Нақты және болжамды мерзімдер. Археологиялық ескерткіштердің мерзімделуі (жазбаша деректер, теңгелер, көне заттардың негізгі көркемдік жағы, аналогия). Дамино әдісі. Баулы әдіс. Нақты жасын анықтау барысында радиоизотоптық және дендрохронологиялық әдістер. Радиоактивтің пайда болуы. У.Ч. Либбидің ашылулары. Алғашқы мерзімдік шкалалардың құрылымы. Радиоуглеродтар мен археологиялық мерзімдеулер арасындағы байланыс. Археологтар мен физиктер арасындағы екі жаққа да пайдасы тиетін ең алғашқы жаратылыстану және гуманитарлық ғылымда бірінші осы радиоизотоптық мерзімді анықтау мақсатында ортақ пікір – талас туындады. Либбидің жіберген қателіктерін Калибровтық шкала арқылы анықтады. Гоминидтердің қазылған мерзімі. AMS технологиясы. Табылған көне заттар мен қабаттарға спекторлық және металлографиялық анализ жасау. «Археометрия» көне технология мен тәжірибиелерді моделдеу. Тарихи археология. Алғашқы археология мен тарихи алғашқы қауымдық орта. Палеолит, неолит, қола дәуірі, Темір дәуірі. Негізгі ашылулар мен Ескерткіштер мен мәселелер. Адамдардың жіктелуі мен жүйедегі орындары.

Әлем тарихы өркениеті және ежелгі археология. Негізгі ескерткіштер мен мәселелер. Биліктік орта. Ежелгі өркениет пен жабайы периферия.

Ғылымның алғашқы сұлбаларын жасауда жалпы археологиялық негіз керек. Түсіндіру мен дәлел. Түсіндірудің деңгейі. Дәлел және гипотеза. Тарихи түсіндіруді біржақты етпеу.

Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары жүйесіндегі археология

Археологияның басқа ғылымдармен ынтымақтасу қажеттілігі. Археологияның этнографиямен, антропологиямен, геологиямен, палеозоологиямен, палеоботаникамен, палеотопырактанумен дәстүрлі байланысы. Археологияда зерттеудің физикалық және химиялық әдістерін пайдалану. Математика және археология. Компьютерлік технологияларды пайдалану. Ғарыштық археология. Арнайы физикалық археологиялық дәлел. Тарих пен археология арасындағы айырмашылық. Ғылымдар арасындағы байланыстар «нақты қазбалық дәлел», «археологиялық эмпирикалық» және «реконструктивті археологиялық» атап өтуге болады.

Қазақстанда археология ғылымының дамуы

Ең алғашқы археология ғылымында шығыстанушы және тарихшы ғалымдар В.В. Бартольд, В.В. Радлов, П.И. Лерх өз үлестерін қосты. Қазақстанда алғашқы археологтар М.Е. Массон, А.Х. Маргулан, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, М.П. Грязнов. 1960 жылы А.Г. Максимова, Е.И. Агеева, Т.Н. Сенигова, К.А. Акишев, М.К. Кадырбаев, А.М. Оразбаев, Х.А. Алпысбаев, К.М. Байпаковтар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Тас ғасырының қазіргі заманғы зерттелу деңгейі. Тас ғасырының Қазақстан мен әлем археологиясындағы орны. Ежелгі көшпенділердің мәдениеті мен қалалық мәдениеті, және көшіп-қонуы. Археологиялық қазбалардың соңғы он жылдағы қазіргі заманғы тарихты оқытудағы орны.

Қазақстанда археологиялық зерделеу тарихы XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы қазақстандағы археологиялық қазбалар

Қазақстанның географиялық және табиғи-климаттық сипаттамасы. Ежелгі тарихтың жалпы проблемалары.

Миллердің, С.Г. Гмелиннің, П.С. Палластың, В.В. Радловтың және басқалардың еңбектеріндегі Қазақстанның археологиялық ескерткіштерінің сипаттамасы. XIX ғасыр ортасындағы қазба жұмыстары. XIX ғасырдың екінші жартысындағы археологиялық олжалар туралы мәліметтердің келіп түсуі. В.В.Радловпен Қазақстандағы қоршаулар мен қорғандарды қазу жұмыстары. Түркістан археологиялық үйірмесі әуесқойларының іс-қызметі. XX ғасырдың басындағы қазба жұмыстары.

XX ғасырдың 40-шы жылдарынан 90-шы жылдарына дейінгі қазақстандағы археологиялық ғылымның дамуы

Археологиялық ғылымның дамуына алғашқы үлес қосқан шығыстанушы ғалымдар мен тарихшылар: В.В. Бартольд, В.В. Радлов, П.И. Лерх т.б. Қазақстанның алғашқы археологтары: М.Е. Массон, Ә.Х. Марғұлан, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, М.П. Грязнов. 1960-шы жылдардағы ірі экспедицияларды ұйымдастыру және кездің зерттеушілері: А.Г. Максимова, Е.И. Агеева, Т.Н. Сенигова, К.А. Акишев, М.К. Кадырбаев, А.М. Оразбаев, Х.А. Алпысбаев, К.М. Байпаков т.б. Тас ғасырын заманауи зерттеудің деңгейі.

Тас ғасырының әлемдік археологиясында қазақстандық ғылымның алатын орны. Ежелгі көшпенділердің мәдениетін және қалалық мәдениетін зерттеу және олардың сабақтастығы. Соңғы онжылдықтың археологиялық қазбалары және олардың қазақ тарихын заманауи зерделеудегі маңызы.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. (Үш ғасырдың дерекөзі) жалпы тарихи дереккөздердегі орны
2. Археологиялық ескерткіштердің негізгі ерекшеліктері
3. Батыс Европа археологиясының қысқаша тарихы
4. Ресей археологиясының қысқаша тарихы
5. Археологиялық ескерткіштердің пайдаланылуы мен заңды қорғалуы
6. Стратиграфия және мәдени қабат
7. Археологиялық ескерткіштердің кезеңдері мен зерттелу әдіс-тәсілдері
8. Монтелиус пен Городцованың типологиялық әдіс-тәсілі
9. Радиоизотоптық дендрохронологияның нақты зерттелу әдістері
10. Археологиялық құрылымның мәдени байланысы
11. Алғашқы қоғамдық құрылыс және алғашқы қоғам археологиясы
12. Археология және Ежелгі Шығыс тарихы
13. Археология және ортағасырлық тарих
14. Музеефикациялық археологиялық ескерткіштер: мақсаты, әдіс-тәсілдер, проблемалар
15. Археология ғылымының пайда болуы мен негізгі бағыттары

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Антикалық археологияның дамуы.
2. Шығыс археологиясының пайда болуы және дамуы.
3. Алғашқы қауымдық археология.
4. Ортағасырлық археология.
5. Археология пәнінің пайымдалуы.
6. Археологиялық көрініс табудың ерекшелігі.
7. «Археологиялық дереккөз» түсінігінің пайда болу тарихы.
8. Археологиялық дереккөздің қалыптасуы.
9. Археологиялық дереккөздердегі тарихи ақпараттың бар болуы және ерекшелігі.
10. Археологиялық дереккөздердің сыртқы және ішкі сыны.
11. Дескриптивтік археология.
12. Археологиялық зерттеудің негізгі рәсімдері. Археологиялық герменевтика.
13. Археологиялық дереккөздердің сыныпталуы.
14. Археологиялық факт. Археологиялық ескерткіштердің дереккөздердегі ортақ орны (Үш ғасырдың деректері)

15. Археологиялық ескерткіштердің негізгі ерекшеліктері
16. Батыс Европа, Монфокон, Томсен, Монтелиус, Брейльдің қысқа археологиялық тарихы
17. Россия: Мессершмидт, Городцов, Ростовцев, Ефименко, Арциховский, Пиотровский, Руденко, Грязновтың қысқа археологиялық тарихы

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Археология: Учебник / Под редакцией академика РАН В.Л. Янина. – М.: Изд-во Моск. Ун-та, 2006. – 608 с.
2. Археология Зарубежной Азии. – М., 1986.
3. Васильев С. А. Древнейшие культуры Северной Америки. – СПб: Петербургское востоковедение, 2004.
4. Гальперина Г.А., Доброва Е.В. Популярная история археологии. – М., 2002.
5. Гуляев В. И. Древние цивилизации Америки. – М.: «Вече», 2008.
6. Древние цивилизации Евразии: История и культура. – М., 2001.
7. Клейн Л.С. История археологической мысли. В 2 т. Т. 1. – СПб.: Изд-во С.-Петербург. Ун-та, 2011. – 688 с.
8. Клейн Л.С. История археологической мысли. В 2 т. Т. 2. – СПб.: Изд-во С.-Петербург. Ун-та, 2011. – 624 с.
9. Мелларт Дж., Древнейшие цивилизации Ближнего Востока М., 1986
10. Петров Н.И. Археология. – СПб.: Издательство «СПбКО», 2008. – 232 с.

Қосымша:

1. Каменецкий И.С. Археология (I. Введение. II. Археология и другие науки): Учебное пособие. – М., 1999.
2. Клейн Л.С. Археологическая типология. – Л., 1991.
3. Клейн Л.С. Археологические источники. Издание 2. – СПб., 1995.
4. Ковалевская В.Б. Археологическая культура – практика, теория, компьютер. – М., 1995.
5. Массон В.М. Исторические реконструкции в археологии. – Самара, 1996.
6. Байгунаков, Д.С.. Қазақстан тас ғасыры дәуірі: зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері. – Алматы, 2003.
7. Байпаков, К.М.. Қазақстан археологиясы.- Алматы, 2011.
8. Ставиский Б. А., Яценко С. А. Искусство и культура древних иранцев. – М., 2002.
9. Табарев А. В. Древние ольмеки. – Новосибирск: Изд-во ИАиЭт СО РАН, 2005.
10. Табарев А. В. Введение в археологию Южной Америки. – Новосибирск: Сибирская научная книга, 2006.

11. Уайт Д. М. Индейцы Северной Америки. – М.: Центрполиграф, 2006.
12. Фаган Б., Де Корс К. Археология. В начале. – Москва: Техносфера, 2007. – 592 с.
13. Шер Я.А. Археология изнутри. Кемерово, 2009.
14. Щукин М.Б. На рубеже эр. СПб., 1994.

ЕК 1302 ЭТНОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Көлемі - 2 кредит

Құрастырушылар:

Қалшабаева Б.К. - тарих ғылымдарының докторы, археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры

Құлсариева С.П. - тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Тоқтабай А.У. - тарих ғылымдарының докторы, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология жетекші ғылыми қызметкері

Хабижанова Г.Б. - тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Этнологияға кіріспе» пәні этнология ғылымының терминдік-анықтамалық аппаратын, этнографиялық деректер мен зерттеу әдістерін, этнология ғылымының қалыптасу тарихын, этнологиялық мектептер мен әлем халықтарын классификациялау принциптерін, этнос теориясын, этногенез және этникалық тарихтың теориялық аспектілерін, мәдениет және этникалық психология негіздерін, этникааралық коммуникация, этникалық жанжал оны шешу және болдырмау жолдарының концепцияларын оқытады.

«Этнологияға кіріспе» курсына этностың дамуына қатысты жалпы заңдылықтар, этникааралық қатынастар, этнос теориясы мен этникалық мәдениет мәселелері қарастырылады. Курста сондай-ақ этникааралық коммуникация, этникааралық жанжалдар және этномәдени өзара ықпалдастық теорияларын да оқып үйренуге көңіл бөлінген.

Курс барысында студенттер қазіргі қоғамның дамуымен этникалық топ, этникалық және мәдени үдерістер ролін, этникааралық қатынастар мен әлемдегі этносаяси ахуалдармен таныс бола алады.

«Этнологияға кіріспе» пәнінің пререквизиттері: «Адамзаттың тарихылыққа дейінгі эволюциясы», «Археологияға кіріспе», «Қазақстан тарихы». Пәндердің осындай кезектілігін сақтау «археология» және «этнология» пәндерін оқытудың принципі мен кешенді тәсіл талабынан және оларды оқытудың үзіліссіздігімен тарихи үдерістің ішкі логикасынан көрініс табады. Аталған пән әлеуметтік және мәдени антропология, этнография, социология, мәдениеттану, этникалық психология ғылыми бағыттарымен де тығыз байланысты. Пәнаралық «Тарих», «Мәдениеттану», «Социология», т.б. пәндермен сабақтасады.

Студент аталған пәннің курсын оқып-үйрену нәтижесінде білуі тиіс:

- этнологияның теориялық және қолданбалы аспектілермен байланысты терминдер мен анықтамалық ұғымдарды;

- этнология ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы негізгі бағыттар мен мектептердің негізгі қағидаларын білуі тиіс;

- этникааралық коммуникация әлемнің этникалық сипатын, этникалық өзіндік сана мен этникалық өзіне тән ерекшелігі, этникалық жанжалдар, т.б..

меңгеруі:

- теориялық этнология саласындағы отандық және шетелдік концепциялар жөніндегі ілімді;

- жаһандану жағдайындағы әлем халықтарын оқытудың жаңа теориялық және методологиялық ілімдерді қолдануды;

- әр аймақтағы этникалық мәдениет пен этносаясаттағы мәселелерді айырып, шеше алуды меңгеруі тиіс.

дағдысы:

- әлемнің әр аумағындағы этномәдени және этносаяси үдерістердің өзіндік жалпы заңдылығы мен нақты тарихи ерекшелігін түсіндіруге;

– студент алған білімін зерттеу және сараптау жұмыстарында қолдана алуға;

– мемлекеттік қызмет тәжірибесінде, ғылыми зерттеу жұмыстарында қолдана білуге дағдылануы тиіс.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптың атауы
1	Кіріспе
2	Этнология ғылымының тарихы
3	Этнографиялық деректер мен зерттеу әдістері
4	Әлем халықтарының классификациясы
5	Этногенез және этнос теориясы
6	Этникалықты зерттеу әдістері
7	Этникалық мәдениет
8	Дәстүрлі мәдениет және жаңашылдық
9	Этникааралық коммуникация
10	Этникалық жанжалдар: пайда болуы, оларды шешу мен алдын алудың тәсілдері

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

«Этнологияға кіріспе» пәнін зерттеу этнология саласындағы теориялық ілімдер, этнология ғылымындағы әр түрлі мектептер бағыттардың қалыптасу тарихы, сондай ақ әлем халықтарын классификациялау принциптері мен әр түрлі этнос теориясы, т.б.

«Этнологияға кіріспе» пәнінің мақсаты «Археология және этнология» мамандығындағы студенттерді классикалық ілімдер мен қазіргі этнология ғылымының теориялық және қолданбалы мәселелерімен сондай ақ осы

саладағы негізгі ғылыми зерттеулерге аналитикалық шолу жасай отырып таныстыру.

Пәннің міндеттеріне этнология ғылымының теориялық негіздерінен басқа «Археология және этнология» мамандығындағы студенттерді әлемдік кеңістікте этноспен болып жатқан этникалық үдерістермен, сондай ақ жаһандану дәуіріндегі этникааралық, мәдени және конфессияаралық коммуникация теорияларының негіздерімен де таныстыру жатады.

«Этнологияға кіріспе» пәнін оқыту мамандарды дайындауда аса маңызды, себебі, бұл курста этнос теориясының ұғымдары мен терминдері, этножанжалдың негізгі теориялық мәселелері қарастырылады.

Пәнді оқу барысында студент салыстырмалы-тарихи әдісті қолданады, этнология - пәнаралық археология, социология, антропология, мәдениеттану т.б. пәндердің әдістеріне сүйенеді.

«Этнологияға кіріспе» пәнінің негізгі ролі «Археология және этнология» мамандығындағы студенттерде кәсіби білім мен этнографиялық материалдармен жұмыс істеуге дағдысы, бір не бірнеше этностардың қатысуымен болып жатқан қоғамдағы әртүрлі үдерістерді талдай білуге, сондай ақ қажет жағдайда этникааралық коммуникация мен этножанжал саласында алған білімін іс жүзінде қолдана алуға икемі болу керек

«Этнологияға кіріспе» пәні гуманитарлық пәндер қатарынан орын алады, сондай ақ кәсіби-этнологтарды дайындауда логикалық тұрғыдан да маңызды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Этнология ғылымының тарихы

Этнология ғылымының тарихы. Этнология ғылымының пайда болуы мен қалыптасуы. Ерте замандағы этнографиялық материалдардың жинақталуы. Орта ғасыр және қайта өрлеу дәуіріндегі этнография. Қазіргі этнологияның қалыптасуы. «Этнография», «Этнология», «Әлеуметтік/мәдени антропология».

Шет елдерде этнологияның қалыптасуы мен дамуы. Франция, Германия, Біріккен Корольдікте этнологияның даму ерекшелігі. АҚШ-та этнологияның дамуы. Ресей мен Қазақстанда этнологияның қалыптасуы мен дамуы.

Негізгі этнологиялық мектептер мен бағыттар. Эволюциялық ілімдер тарихы. Эволюциялық этнологияның классиктері: А. Бастиан, И. Бахофен, Эд. Тейлор, Л.Г. Морган, Дж. Фрезер, Н.Н. Харузин т.б. және олардың негізгі ілімдері. Мәдени диффузия концепциясы. Ф. Ратцель, Лео Фробениус, Ф. Гребнер т.б.. Функционализм. Р. Турнвальд, Б. Малиновский, А.Р. Рэдклифф-Браун т.б. «Әлеуметтік мектеп». Э. Дюркгейм. Этнопсихологиялық мектеп. Р. Турнвальд. Зигмунд Фрейд. Рут Бенедикт, Маргарет Мид және т.б. Қоғамды басқарудың психологиялық және биологиялық заңдылығы. Мәдени релятивизм және структурализм. М. Херсковиц, Клод Леви-Стросс және т.б.. Неоэволюционизм. Лесли Уайт, Дж. Стюарт, Дж. Мердок. Аталған бағыттағы мектеп өкілдерінің негізгі тұжырымдамалары, артықшылығы, кемшілігі.

Ресей және Кеңестік этнологиялық мектеп өкілдері: Д.Н. Анучин, В.Г. Богораз, В. И. Иохельсон, Л.Я. Штернберг, Н.Н. Миклухо-Маклай, т.б. этнология ғылымына қосқан үлесі және негізгі концепциялары. С.А. Токарев, Ю.В. Бромлей, Г.Е. Марков, В.В. Пименов, Л.Н. Гумилев және т.б. зерттеу нысандары, тұжырымдарындағы басты ұстанымдары.

Қазақстанда этнология мектебінің қалыптасуы мен дамуы. Этнографиялық далалық зерттеулер нысандары. Этнологиялық зерттеу бөлімдері мен мекемелер. А.Х. Марғұлан, Н.С. Сабитов, Х.А. Арғынбаев, М.С. Мұканов, У.Х. Шалекенов, А.Т. Толеубаев, С.И. Ажигали, Ж.А. Артыкбаев, и др. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы этнографиялық зерттеу бағыттары.

Этнографиялық деректер мен зерттеу әдістері

Этнографиялық дерек түсінігі. Жылнамалық ескерткіштер және этнология. Этнографиялық мәліметтер. Жазба құжаттары. Эпистолярлық мәліметтер мен жеке архивтер. Музей коллекциялары. Этнографиялық дерек ретіндегі – архивтік мәліметтер. Деректерді анықтаудың параметрлері. Этнографиялық деректерді талдау мен анықтау, табудың дағдылары, заттай дерек және этнография. Этнология пәні бойынша талдамалық ақпарат деректері. Анықтамалық әдебиет, оның тақырыптық көрсеткіштері. Этнографиялық деректердің классификациясы және қолданыс аясы. Далалық этнографиялық деректер. Аудивизуальды деректер. Этнологиядағы археологиялық деректер. Жазба деректер. Антропологиялық деректер. Лингвистикалық этнографиялық деректер. Фольклорлық деректер. Пәнаралық мәліметтер.

Этнографиялық зерттеу жұмыстарының әдістері. Зерттеу нысаны, зерттеу пәні, зерттеу әдісі. Зерттеу әдістерінің маңызды аспектілері – жүйелілік (құрылымдық), этникалық менталитет ерекшелігі, этникалық үдерістер түрлері. Зерттеу әдістерінің түрлері: аналитикалық жүйелі тәсіл не салыстырмалы-тарихи әдіс, тарихи және құрылымдық-функционалды әдіс. Этнографиялық материалдарды жинаудың далалық зерттеу әдістері. Далалық мәліметтерді өңдеу және жинақтаудың этно әлеуметтік әдістері: анкеталық сауалнама, сұхбат.

Әлем халықтарының классификациясы

Этнологияда қолданатын әлем халықтарының классификацияның негізгі түрлері. Негізгі материктер шекарасындағы этностардың орналасуы, негізгі тілдік семьялар, жер бетіндегі нәсілдер, конфессиялық классификация шаруашылық-мәдени классификация.

Географиялық топтау. Әлем халықтарын географиялық топтау қағидалары. Австралия және Мұхиттық аралдар халықтары. Азия халықтары. Еуропа халықтары. Америка және Африка халықтары. ТМД елдеріндегі халықтар.

Тілдік топтау. Үндіевропалық тіл семьясы: славян, герман, роман, иран және т.б., топтар. Алтай тіл семьясы: түрік, монғол, тунгус-маньчжур. Қытай-

тибет тіл семьясы: қытай, тибет, бирман, т.б. Картвель семьясы: картвель, мегрел-чан және сван тілдері. Солтүстік Кавказ тіл семьялары: нах-дағыстан, абхаз-адыгей тобы. Австронезиялық тіл семьясы: батыс австронезиялық, шығыс австронезиялық (мұхиттық), орталық австронезиялық және тайвань топтары. Афразияттық (семит-хамит): кушит, бербер және чад тіл топтары. Нигер-кордофон тіл семьясы: нигер-конго және кордофан тобы, Нил сахар тіл семьясы. Қойсан тілі. Эскимосско-алеут семьясы. Анд-экваториалдық тіл семьялары. Оқшау тілдер. Жапон және корей тілі.

Шаруашылық мәдени классификация. Иемденуші шаруашылық, меншіктенетін салалық әрекеттің басым болуы. Аңшылық, балық аулау, терімшілер. Өндіруші шаруашылықтың пайда болу тарихы. Тропиктік және субтропиктік қол егіншілігі. Кетпенді қол егіншілігі. Көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы. Көшпелі мал шаруашылығы мен жартылай көшпелілер. Соқалы егіншілер.

Антропологиялық классификация. Нәсілдің шығу тегі (Расогенез). Нәсіл (раса) терминінің пайда болу тарихы. Нәсілді анықтаудың параметрлері. XVII-XX ғғ. нәсілдік классификация. Ресейлік антропологиялық классификация. Қазіргі нәсіл жөніндегі пікірлер. Әлемдегі ең ірі нәсілдер: европеоид, монғолоид, негроид, австролоидтар. Аралас типтер. Нәсілдердің географиялық таралу ареалы.

Этногенез және этнос теориясы

Этногенез және оның негізгі факторлары. Этногенез үдерісіндегі жаулап алушылар мен аборигендердің өзара ықпалдастығы. Субстрат (жергілікті тұрғын). Суперстрат (келгінді тұрғындар). Этногенетикалық үдерістердің типтері. Біріктіруші және ажыратушы этногенетикалық үдерістер. Этногенезді зерттеу әдістері. Этногенез және антропогенез. Л.Н.Гумилевтың этногенез концепциясы.

«Этнос» және «этникалық» ұғымы. Қазіргі ғылымдағы этнос проблемасы. Л.Н. Гумилевтың этностың пассионарлық теориясы. Этносфера ұғымы адамның Жерде өмір сүру тіршілігінің бір түрі. Этностың әлеуметтікбиологиялық және тарихи эволюциялық теориясы. Ю.В. Бромлейдің дуалистік теориясы. Этностың ақпараттық теориясы (Н.Н. Чебоксаров, С.А. Арутюнов, В.В. Пименов). Жүйелі-статистикалық не компонентті теориясы. Этностың құрылымы. «Этнос», «этникалық», «этникалық қауым», «субэтнос» ұғымдары.

Этникалықты зерттеу әдістері

Қазіргі ғылымдағы этникалықты зерттеу. Примордиализм. Примордиализмдегі табиғи бағыт. Примордиализмнің тарихи - эволюциялық-бағыты.

Этникалықты зерттеудегі конструктивті және инструменталды тәсілдер. Инструменталдық концепциядағы әлеуметтік-психологиялық теория. Д. Хоровиц, Дж. Ротшильда, С. Олзан, т.б. еңбектеріндегі этникалық

ынтымақтастық концепциясы. Этнологиялық инструментализмнің методологиялық параметрі.

Этникалықты зерттеудегі конструктивті тәсіл ерекшелігі.. Конструктивті тәсіл этникалық өзіндік қасиет қалыптасатын сана мен тілдің роліне айрықша көңіл бөледі. Конструктивті тәсілдің теориялық негіздемесі Дж. Камарофф, Ф. Барт еңбектерінде. Қазіргі ғылым саласында этникалықты зерттеу. Этнос аралық дамудағы теңсіздік. Этникалық қауымдастық түрлері. Иммиграцияға ұшыраған халықтар. Этникалық үрдіс. Этника аралық байланыстар мен олардың әр түрлі деңгейі. Ұлт дамуындағы екі түрлі бағыт. Аккультурация. Ассимиляция. Этникалық үрдістердің экономикалық және қоғамдық тетіктері. Этникалық үрдістегі жүйесі детерминациялық қасиет. Экономикалық, демографиялық және географиялық детермениум теориялары.

Этникалық мәдениет

«Этникалық мәдениет» және «этнос мәдениеті» ұғымы. Мәдениет және оның этникалық функциясы. Этникалық мәдениет. Этникалық стереотип және этникалық образ. Әлем халықтарының этникалық бейнесі. Этникалық менталитет.

Халықтық этикет (этноэтикет) тәртіп жүйесі ретінде. Этикет және ритуал: жалпы және ерекшелік. Шаруашылық әрекетте, отбасында, дастархан басында, жастар арасында және т.б. қарым-қатынас пен мінез-құлықтың дәстүрлі үлгісі.

«Әйел мен ердің», «үлкен мен кішінінің», «ата-ана мен баланың», «өзім және басқа» арасындағы қарым-қатынас мәдениеті.

Уақыт, кеңістік, себеп-салдар түсінігі. Дін. Сенім мен ілімнің, магия және әдет-ғұрыптардың арақатынасы. Сиқыршы, бақсы және абыздардың дәстүрлі қоғамдағы ғұрыптық тәжірибесі. Мифология. Мифологиялық сюжет түрлерінің көрініс табуы.

Дәстүрлі мәдениет пен жаңашылдық

«Дәстүрлі мәдениет» және «жаңашылдық» ұғымы. Мәдениеттің эволюциялық теориясы. Мәдениеттің конструктивті концепциясы. Дәстүрлі мәдениет және оның этникалық қызметі. Мәдениет қызметінің аспектілері: нормативті, сигнификативті, танымдық, коммуникативті инкультурация қызметі. Этникалық стереотиптер және этникалық бейне.

«Дәстүрлі мәдениет», «архайкалық мәдениет», «модернизацияланған мәдениет» түсінігі. Дәстүрлі мәдениеттің негізгі белгілері. Дәстүрлі мәдениетті қабылдау мен түйсіну ерекшелігі. Дәстүрлі мәдениеттегі әдет ғұрыптар және оның қызметі. Дәстүрлі қоғамды модернизациялау проблемасы. Модернизация теориясының негізгі қағидалары.

Этникааралық коммуникация

Этникааралық байланыстың түрлері. Этникааралық байланыстың негізгі екі типі: Этникааралық ассимиляция және этникааралық интеграция. Титульды ұлт, этникалық (ұлттық) аз санды халықтар. «Геноцид», «апартеид»,

«сегрегация» ұғымдары. Этноконсолидациялық үдерістердің әртүрлілігі: этнотрансформациялық және этноэволюциялық. Этникалық ассимиляция этнотрансформациялық үдерістердің категориясы. Этникааралық интеграция. Этникааралық коммуникациядағы этнос статусы. Этникалық қауымдастықтың типологиясы.

Этномәдени өзара ықпалдастық теориясы. Дәстүрлілік пен жаңашылдықтың өзара қарама-қайшылығындағы екі бағыт: мәдени және құрылымдық. Аккультурация және мобилизацияның мәдени бағыты, интеграциялану мен ішкі отаршылдықтың құрылымдық концепциясы. Р. Редфилд, Р. Линтон, М. Херсковиц. Қазіргі әлемдегі этникалық үдерістердің типтері. Әлемнің қазіргі этникалық сипаты жағдайы және оның дамуын анықтаушы факторлар.

Этникалық жанжалдар: пайда болуы, оларды шешу мен алдын алудың тәсілдері

«Этникааралық шиеленісу» ұғымы. Этникааралық шиеленісу деңгейі. Этникалық жанжалдардың өзіндік ерекшелігі мен себептері. Территориалдық даулар. Шикізат ресурстары мен меншік үшін күрес. Жергілікті элита статусын өзгертуге ұмтылу. Еңбекті бөлу жүйесінің өзгерісі. Тарихи естеліктермен байланысты даулар. Ресей, алыс және жақын елдердегі этникалық шиеленіс себептері.

Этникалық жанжалдардың динамикасы мен типологиясы. Этникалық жанжалдардың сатылары. Этникалық жанжалдардың классификациясы: латентті және өзекті, күштеу, қарусыз. Этнотерриториалды, тілдік- мәдени, діни және жанжалдардың т.б. түрлері.

Этникалық жанжалдарды реттеудің түрлері мен тәсілдері. Әртүрлі деңгей дамуындағы жанжалдарды реттеудің өзіндік ерекшелігі. Этникалық жанжалдарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың ролі.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Этнология ғылымының қалыптасу тарихы
2. Этнологиядағы диффузионизм және этнопсихологиялық мектептер
3. Қазақстандағы этнология ғылымының қалыптасуы
4. Әлем халықтарын классификациялау принциптері
5. Этнос теориясы жөніндегі отандық және шетелдік ғалымдар концепциясы
6. Этникалықты зерттеу әдістері: инструменталдық және конструктивизм
7. Этногенездің қалыптасу факторлары, этностың құрылымы
8. Этникалық үрдістердің типологиясы
9. Этнос теориясының категориясы (санаты) және негізгі ұғымдары
10. Дәстүрлі мәдениеттің жаңашылдық мәселелері
11. Этникааралық өзара ықпалдастық теориясы

12. Этникааралық коммуникация типтері қарым-қатынас типтері
13. Этникалық ассимиляция және этникалық интеграция үдерістері
14. Этникалық жанжалдардың типологиясы мен динамикасы
15. Этникалық жанжалдарды реттеу жолдары

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Қазақстандағы этнологиялық мектеп
2. Л.Н.Гумилевтің этнос теориясы
3. Ю.В. Бромлейдің этнос теориясы
4. Шаруашылық-мәдени тип концепциясы
5. Мәдениеттің эволюциялық теориясы
6. Дәстүрлі қоғамды модернизациялау мәселелері
7. Этникааралық интеграция
8. Этномәдени өзара әрекеттесу теориясы
9. Қазіргі этникалық үдерістер
10. Этникалық жанжалдардың динамикасы мен типологиясы
11. Қазіргі этномәдени үдерістер
12. Этникалық жанжалдарды реттеудегі халықаралық ұжымдардың ролі
13. К. Леви-Строс алғашқы қауым мәдениеті жөнінде
14. Этникалық мәдениет және этникалық менталитет
15. Этникалық мәдениеттің қызметі
16. Этникалық өзіндік сананың құрылымы
17. Этностың тіршілік қалпы жүйесі
18. Этнос және тіл

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Этнология (Этнография) / под ред. В.А. Козьмина, В.С. Бузина. – М.: Юрайт, 2015.-580с.
2. Пивоев В. М. Этнос и нация: проблемы идентификации М: Директ-Медиа, 2013.- 111 с.
3. Арутюнов С. А., Сергеев Д. А. Древние культуры азиатских эскимосов. – М: Директ-Медиа, 2014. - 210 с.
4. Садохин А.П., Грушевицкая Т.Г. Этнология. – М., 2012.
5. Лурье С.В. Историческая этнология. – М., 2003.
6. Артыкбаев, Ж.О. Этнология: учебник для вузов. – Алматы, 2006.
7. Қалшабаева Б.К. Теориялық этнология (оқу құралы). – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 236 б.

Қосымша:

1. Малинин Г.В., Дунаев В.Ю., Курганская В.Д., Нысанбаев А.Н. Теория и практика межэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане. Учебное пособие. – Алматы, 2002.
2. Ачкасов В.А. Этнополитология. – СПб., 2012.
3. Баландые Ж. Политическая антропология. – М., 2012.
4. Белик А.А. Историко-теоретические проблемы психологической антропологии. – М., 2005.
5. Кравченко А.И. Социальная антропология. – М., 2003.
6. Мейрманова Г.А., Исаева А.И. Этнологиялық зерттеу әдістері. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2016. - 180б.
7. Тавадов Г.Т. Этнология. Современный словарь-справочник. – М., 2007.
8. Энциклопедический справочник «Весь мир». Расы, народы, нации и народности. – Москва, 2013.

PRYа 2201 ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РУССКИЙ ЯЗЫК

Объем - 2 кредита

Авторы:

Абаева Жамиля Сериковна - кандидат филологических наук, доцент
кафедры русской филологии и мировой литературы
Сойкина Наталья Юрьевна - кандидат исторических наук, доцент
кафедры археологии, этнологии и музеологии

Рецензенты:

Казкенова А.К. – кандидат филологических наук, профессор кафедры
русского языка и литературы Казахского национального
педагогического университета им. Абая
Сансызбаева С.К. – кандидат филологических наук, доцент кафедры
русской филологии и мировой литературы Казахского
национального университета им. аль-Фараби

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Изучение дисциплины «Профессиональный русский язык» в высшем учебном заведении является составной частью базовой подготовки специалистов. Данная дисциплина предполагает более глубокое изучение русского языка с учетом специфики специальности, использование его не в качестве объекта, а в качестве средства овладения базовыми знаниями.

Изучению дисциплины «Профессиональный русский язык» предшествуют вводные дисциплины специальности.

В результате изучения данной дисциплины студент должен:

Иметь представление о научном стиле и его жанровом многообразии;

- о правилах построения научного текста и языкового оформления;
- о методах и приемах структурно-семантического и смысло-лингвистического анализа профессионального текста;
- об особенностях функционирования системы языка в профессиональном общении;

Знать **научную** лексику и научные конструкции естественно-технического и общественно-гуманитарного профилей;

- правила продуцирования текстов разных жанров;
- речевые нормы профессиональной сферы деятельности;
- основы деловой коммуникации и документации;
- использовать основные приемы информационной переработки устного и письменного текста;
- выбирать языковые средства в соответствии с коммуникативной интенцией и ситуацией общения;
- знать технологию интерпретации и анализа текстов научно-профессиональной литературы;

- технологию самостоятельного поиска научной информации как основы профессиональной деятельности;
- быть компетентным в профессиональной области делового общения.
- знать стратегии и тактики речевой коммуникации в сфере профессионального взаимодействия.

Содержание программы определяется коммуникативными потребностями студентов в научно-профессиональной сфере.

ТЕМАТИЧЕСКИЙ ПЛАН ДИСЦИПЛИНЫ

№	Название тем
1	Профессиональная письменная речь как основа формирования предметно-языкового материала
2	Профессиональный язык археологии, этнологии и его составляющие. Профессиональная терминология как основной признак научного стиля
3	Обучение научному стилю речи как языку специальности «Археология и этнология»
4	О научных методах исследования в археологии и этнологии. Правила выбора методов в соответствии с темой и коммуникативными задачами
5	Структура научно-исследовательских работ по профилю специальности. Требования к содержанию работы
6	Основная терминология археологии и этнологии в учебно-профессиональной и научно-профессиональной сферах
7	Официально-деловые тексты и их разновидности: законодательные, административно-канцелярские
8	Развитие профессиональной компетенции при работе с научными текстами по специальности «Археология и этнология»
9	Связь профессионального русского языка с дисциплинами специальности «Археология и этнология»
10	Устная научно-профессиональная речь
	Основные типы коммуникабельности людей в профессиональной сфере
11	Общение как механизм взаимодействия и речевого воздействия в деловой сфере
12	Коммуникативное пространство речевой личности в профессиональной картине мира
13	Правила оформления презентаций и докладов
14	Законодательство Республики Казахстан в области археологии и этнологии

СОДЕРЖАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ

Введение

Целью изучения дисциплины «Профессиональный русский язык» является формирование и развитие навыков коммуникативной компетенции на русском языке и обеспечение профессионально-ориентированной языковой подготовки компетентной личности, способной адекватно выстраивать общение в профессионально значимых ситуациях.

Основные задачи дисциплины - выработать у студентов-археологов, этнологов представления о профессиональном тексте, о стратегиях и тактиках речевой коммуникации в профессиональной сфере, как об объектах, формирующих у будущих специалистов профессиональной компетенции – способности решать лингвистическими средствами реальные коммуникативные задачи в конкретных речевых ситуациях в сфере профессиональной деятельности. Помочь студентам понять сущность текста по специальности Археология и этнология, его основную терминологию: познакомить с типологией профессиональных текстов и их компонентов. Практическая задача курса – привитие навыков теоретически обоснованного анализа текстов, стратегии и тактики речевой коммуникации в профессиональной сфере.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Введение в предметную область специальности на профессиональном русском языке

